әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 364-056.2 (574)

Қолжазба құқығында

АМИРБЕКОВА ГУЛМИРА ЕСЕНБЕКОВНА

Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту

6D090500 - Әлеуметтік жұмыс

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші
әлеуметтану ғылымдарының
докторы, профессор
Әбдікерова Г.О.

Шетелдік ғылыми жетекші
Gautam N. Yadama, PhD,
MSW dean and professor
School of Social Work
Boston College

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 10
КІРІСПЕ 11 11
1 АУТИЗМ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 20
1.1 Аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың әлемдік және отандық ғылымда зерттелуі 20
1.2 АСБ бар балалардың әлеуметтену үдерісінде әлеуметтік-психикалық дамуының ерешеліктері және әлеуметтік оңалтудың мәні 40
1.3 Жеке бағдарланған тәсіл – аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық негізі ретінде 53
2 АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ 63
2.1 Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оңалту және қолдау бағдарламалары: түрлері, ерекшеліктері 63
2.2 Аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселелері (эксперттік сұхбат нәтижелері бойынша) 81
2.3 Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі (оңалту бағдарламасын дайындау тәжірибесі) 91
3 ҚАЗАҚСТАНДА АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ САРАПТАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 116
3.1 Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың қоғамға бейімделу жағдайы және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі 116
3.2 АСБ бар балаларды оңалту бағдарламасын жүзеге асырудағы эксперименттік тәжірибелер, нәтижелерін талдау 124
3.3 АСБ балаларды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыратын маманның әлеуметтік сапаларын бағалау 140
ҚОРЫТЫНДЫ 141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 153
ҚОСЫМШАЛАР 165

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік құжаттар пайдаланылды:

Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 13 б.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Агрессия -жағымсыз қатынас туғызатын ашық түрдегі өшпенділік, ал агрессивті бұл күшсалу, зиян келтіру әрекеті ретінде түсіндіріледі, бұл біздің психикалық энергиямыз, қажеттілігімізді қанағаттандыру үшін сыртқа немесе ішкі бағытталуы мүмкін импульс.

Адекватты - бұл жай ғана бір нәрсеге сәйкестік. Яғни, адам бір нәрсеге қатысты адекватты емес болуы мүмкін, бұл сөзді өздігінен қолдану дұрыс емес. Бұдан адекваттылық салыстырмалы ұғым екендігі шығады.

Алалия - гректің а - жоқ деген мағынада қолданылатынның латынның Logos сөйлеу деген ұғымдарын білдіреді. Сөйлеу тіліндегі ақалаулықтардың ішіндегі ең ауыр түрі. Алалияға шалдыққан бала тілі шықпаған мылқау болады. Ондай баланың сөйлеу тілі логопедияның жәрдемісіз өздегінен қалыптаспайды.

Аномалия - қалыпты ережелерден немесе әдістерден ауытқуы бар адам. Эмбриондық дамудың бұзылуы нәтижесінде адам мен жануарлар организмдерінің немесе олардың мүшелерінің қалыпты жағдайдан ауытқуы.

Ассимляция -ағзаға керекті қоректік заттардың синтезделуі. Олар ағзаның өсуіне және жетілуіне қолданылады, Бұл заттар күнделікті тағамдармен түсіп отырады. Ассимиляция көзі тамақ болып табылады.

Аутизм - ми дамуының бұзылуынан туындайтын және әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың айқын және жан-жақты жетіспеушілігімен, сондай – ақ шектеулі мүдделерімен және қайталанатын әрекеттермен сипатталатын ауытқу болып табылады. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективті саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Аутист балалардың есте сақтау қабілеттілігі жоғары болады.

Аутистикалық психопат -ICD-10 атипті аутизмді дамудың кең таралған бұзылысы ретінде анықтайды аутизмнің диагностикалық критерийлеріне сәйкес келмейді; бұған белгілер мен тапшылықтар 3 жастан кейін көрінетін немесе аутизмнің үш классикалық саласында кездеспейтін жағдайлар жатады: әлеуметтік өзара әрекеттесу, қарым-қатынас және шектеулі, қайталанатын немесе стереотипті мінез-құлық.

Аутосомды -гендердің өзгеру нәтижесінде пайда болған тұқым қуалайтын ауру.

Аутостимуляция - өзін-өзі ынталандырудың мазмұны тұрақты әдетке айналатын, мінез-құлық элементтеріне айналатын қайталанатын әрекеттер. Ауытқулар бала дамуының бастапқы кезеңінде және балалар ұжымында бейімделу кезінде пайда болады. Тырнақ тістеу, теңселу, саусақтарды сермеу және т.б. сияқты әдеттер жатады. Аутостимуляция белгілі бір дәрежеде барлық адамдарға тән.

Афазия - бас миының жайылмаған зақымына байланысты сөйлеу тілінің толық немесе жартылай жойылуы. Мидың өте қатты зақымдануының зардабынан сөйлеу тілі құрамының барлық бөлектерінің жүйесі бұзылған ақаулық.

Аффективті -латынша affects – жан толқынысы көңіл күйдің кенеттен өзгертіп әсірленуі.

Вербальдық -Вербальды қарым-қатынасты жоғары деңгейді ұстау үшін оның құрамдас бөліктердің дамыту керек.

Вербальдық емес -мимика, ым-ишира, поза, жанасу. Сондай-ақ көрнекі және дыбыстық қабылдау, иістер, байланысатын обьектілердің қашықтығы мен қозғалысы - барлығы жануарлар сияқты. Вербальды емес коммуникацияға не жатады: а) қақтығыс, б) әрекеттесу, в) көз қимылы, г) ақпарат алмасу, д) сөйлесу.

Галюцинация -қиялдану, шатасу деген мағынады. Галлюцианация жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты жалған, теріс, бұрмаланған бейнелердің туындауы.

Генезис -белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен онан әрі дамуын бейнелейтін ұғым. Генезис дамудың белгілі бір кезеңін аңғартады.

Гипереоменсация -бала немесе жеткіншек үлкен дәрменсіздікті анықтайтын салада жетістікке жету ұмтылысымен шартталады аша айтар болсақ дене әлсіздігінде – спорттық жетістіктерге деген тұрақты тыныс, ұялшақтық пен ренжігіштікте - қоғамдық іс-әрекетпен айналысу және т.б. әуестіктер.

Гипер эмоциалды - бала тынышсыз, мазасыз, себепсіз қолды, аяқты көп сермей береді, орындықта шалқайады, үнемі артына қарай береді;

- орнында ұзақ отыра алмайды, рұқсатсыз ұшып тұрады, сыныпта ерсілі-қарсылы жөнсіз жүре береді және т. б.;
- бұндай баланың әдетте қозғалу белсенділігі белгілі бір мақсатқа ие болмайды. Ол жай ғана жүгіріп, айналып, көтеріліп, кейде қауіпті болатынына қарамастан бір жерге мініп алуға тырысады.
- тыныш ойындарды ойнай алмайды, демалып, тыныш отыра алмайды, белгілі бір нәрсемен айналыса алмайды;
- көп сөйлейді.

Дельфинотерапия - Dolphin assisted therapy -медициналық -психологиялық оңалту және үй жануарлерымен емдеу түрі. Писхотерапияның дәстүрлі емес әдістеріне жатады. Ойын түрінде немесе арнайы жаттығуларды орындауда адам мен дельфиннің белгілі бір әрекетін білдіреді. Ол адамның жағдайы мен әл-ауқатын жақсартуға арналаған.

Депрессия -латын тілінде көңілсіздік жабыраңқылық - жабығу, торғау, күйзелісі секілді ұғымдардарына балама ұғым. Депрессия - көпке созылмайтын, бірақ созылып кетсе невроз немесе психоздың басталуына айналатын түңілу мен пессимизм арқылы бейнелейтін көңіл-күй жағдайы.

Донозология - аурудың себептері, шығуы, таралуы, дамуы, организмге әсері туралы ілім. Нозология патологиялық жағдайлар тобынан нақты жекелеген ауруларды көрсетеді. Назология негізгі факторы болып аурудың шығуы мен тәндігін анықтайтын этиология есептелінеді.

Импульсивтік - адам мінез-құлқының ерекшелігі: сыртқы ықпалдың әсерінен әрекет еті. Адамның ұғындбай әрекет еті. Ол тез, жылдам қимылдайды. Импульсивті адамды батыл адамнан ажырата білу керек.

Инстинкт -латын тілінен аударғанда – организмнің сыртқы және ішкі тітіргендіргіштерге жауап ретінде пайда болатын туа біткен реакциялрының жиынтығы, күрделі шартсыз рефлекстер. Инстинкт жануарлардың тіршілік жағдайларына бейімделу формасы болып саналды.

Интеграция – латын тілінен аударғанда қалпына келтіру, толықтыру, біріктіру - бөліктерді біртұтас етіп біріктіру үдерісі.

Интеллектуалдық - өз интеллектін олардың ойынша мәдени маңызы бар жұмыска пайдаланатын білімді адамдар. Интеллектуалды еңбек - еңбектің негізінен қол еңбегі емес, ой еңбегі болып табылатын формалары.

Интерпретация - нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру.

Интонация- латын тілінен аудағанда - сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-методикалық бейнесі.

Иппотерапия - жүйке жүйесі зақымдалған науқасты жылқы жануары арқылы емдейтін медицинаның бір саласы.

Кататоникалық - бұл тынығу кезіндегі бұлшық ет кернеуінің жоғарлауы. Оның пайда болуы орталық жүйке жүйесінің инфекцияларынан әсіресе герпетикалық энцефалиттен туындайды.

Когнивті - адамның когнивтік ортасының, атап айтқанда оның қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының, қалыптасуы мен даму үдерісі.

Коммуникация - адамдармен байланысу, бір - бірімен тілдесу, қарым – қатынас орнату. Латын тілінен аударғанда - адамдардың танымдық еңбек үдерісінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу - олардың бір - бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады.

Критерий - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс - әрекеттер тізбесі.

Логикалық - логика- ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым. Логика дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс -тәсілдері қаралатын ғылыми теориялар жиынтығын құрайды.

Мимикалық - бет әлбеттің қозғалысы, адам сезімін білдірудің бір формасы, адамның ішкі сезімін көңіл күйіннің әр алуан сәттерін білдіретін бет - әлпеттің мәнерлі қимыл – өзгерістері.

Монотонды - сенсорлық жүктемелер тапшылығы жағдайында адамнан бір түрлі әрекеттерді ұзақ уақыт орындауды немесе үздіксіз және тұрақты шоғырлануды талап ететін кейбір еңбек түрлерінің қасиеті.

Невротикалық -деп үнемі бір нәрсе туралы алаңдайтын адамдарды атайды, олардың көңіл-күйі күрт өзгеріп, өзін-өзі бағалау мәселелері байқалады.

Негативизм - латын тілінен аударғанда, айтқан ақыл кеңеске құлақ аспай, өз бетінше жүріп- тұрудан көрінетін мінездің жағымсыз жағы. Негативизм актив және пассив болып 2-ге бөлінеді.

Потология - патологиялық үдерістер мен жеке ауруларды зерттейтін ғылым, қалыптан тыс ауытқу әдетте патология деп аталды.

Позитивті - бұл рухтың орналасуымен, оптимизммен, өміршеңдікпен байланысты жағымды эмоциялар.

Проекция - басқа адамның мінез – құлқын оған өзінің жеке саналы түрде меңгерілетін және меңгерілмейтін ниеттерін тану арқылы түсіндіруге талпынумен сипатталады. Яғни проекция дегеніміз, адамның өзі қандай да болса бір жағдайда өзі қалай түсініп, қабылдаса басқаларда да дәл солай ойлады. Солай әрекет етеді деп түсінуі, оған өз ойлары мен көз-қарасын көшіруші, тануы болып табылады.

Рационалды -рационалды терапия - 1995 жылы Альбрт Эллис ұсынған психотерапия мен психологиялық кеңес берудегі бағыт, онда психоанализге және психотерепияның кейбір басқа да бағыттарына қарағанда, жеке адамның өткен тәжірибесі емес, рационалды когнитивтік түзілімдер психиялық бұзылулардың басты себептері ретінде қарастырылады.

Реконвалесценция – аурудан айығып келе жатқан организм. Одан аурудың алдын алуға және емдеуге қолоданылатын арнайы қан сарысуын алуға болады.

Рецессивті - латын тілінен аударғанда «шегіну, жою» деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде ата-анасының біреуінің белгілі-қасиеті білінбей қалуы. Бірінші ұрпақта уақытша жойылған белгі рецессив белгі деп аталады және бұл кейде екінші ұрпақтан бастап пайда болуы мүмкін.

Симбиоз - грек - «бірге өмір сүру» - әр түрлі биологиялық түрлерге жататын тірі организмдердің жақын бірлестігі. Этнологияда симбиоз – бір аймақтағы этникалық жүйелердің өзара қатар өмір сүру формасы, онда симбионттар өзінің өзіндік ерекшелігін сақтайды.

Симботикалық - сөзбе-сөз аударғанда – «бірге өмір сүру» адамның табиғи микробиоценозын құрайтын микроағзаларды білдіреді.

Симтоматикалық - әртүрлі аурулардың белгілерін зерттейтін медицина саласы. Ауру белгілерінің жалпылама атауы.

Соматикалық - организмның сыртқы ортамен байланысын қамтамасыз етелі. Соматикалық жүйке жүйесі сезім органдары мен тері рецепторлары арқылы сыртқы тітіркендергіштерін қабылдап, оларға көлденең жолақты бұлшық еттерді жиыру арқылы жауап береді.

Стереотиптер -1) шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған үлгі;

2) сараптау жүйелерінде - пәндік саладағы абстрактыланған, жалпыланған объект түсінігі.

Стигматизация -бұл қандай да бір психологиялық, физикалық, интеллектуалдық және басқа да белгілер негізінде жеке адамға немесе адамдар тобына теріс көзқарастың қалыптасуы.

Триада -үш құраушы немесе бір-бірімен тығыз байланысты құрылымдардың, сондай-ақ бір мезгілде пайда болатын үш симптомдардың немесе әсерлердің жиынтығы.

Универсалдық - бұл әр балаға белгілі бір жас кезеңдерінде міндетті түрде бару арқылы ерте жастағы барлық балаларды патронаждық қадағалауды қамту.

Фенилкетонурия - организмде фенилаланин деп аталатын амин қышқылының жиналуын тудыратын сирек кездесетін генетикалық ауру.

Фраза -грек тілінен аударғанда «phrasis» - сөйлемше - тіл білімі мен музыкада қолданылатын термин.

Хронотоп - уақыт пен кеңістік белгілерінің бір шеңберінде табиғи көрініс табуы. Орыс әдебиеттанушысы М.Бахтин Хронотоп деген атаумен беріп, анықтамасын жазған.

Эгоцентризм - тұлғаның өз мақсаттарында, ойларында, күйзелістерінде шоғырлануы, сыртқы ықпалдарды, басқа адамдардың күйін объективті қабылдау қабілетінің шектелуі. Эгоцентризм эгоизмнен ерекшеленуі - эгоист басқа адамдардың ұмтылыстары мен күйзелістерін анық түсінгенмен, оларды біле-тұра елемейді.

Экзогендік - Эндогендік факторлар, мутациялар, ішкі секреция бездерінің қызметінің бұзылуы, жыныс жасушаларының пісіп кетуі, ата-аналар жасы.

Эмоциональды - адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіргеніштер әсеріне реакциясы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй.

Эмоция организмнің әр түрлі қажетсінулерге қанағаттануына немесе қанағаттанбауына байланысты. Адамның жоғары әлеуметтік қажетсінулері негізінде пайда болатын тұрақты змоция. Эмоция жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Оларға қуаныш, сүйіспеншілік және т.б. эмоциялар жатады. Жағымсыз эмоция адамның іс-әрекетіне азды-көпті зиян келтіреді. Оларға қорқыныш, қайғы, абыржу, үмітсіздену, үрейлену және т.с.с. эмоциялар жатады.

Эмоция - (фр., лат. Enoveo- толғану) - адам мен жануарлардың сыртқы және ішке тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізде пайда болатын көңіл-күй.

Эротерапевт - ауру немесе жарақат салдарынан қозғалу, қозғалыстарды үйлестіру немесе күнделікті әрекеттерді орындау қабілетінен айырылған адамдардың қызметін бағалауға, дамытуға және қалпына келтіруге маманданған клиникалық медицина саласы.

Этиология - аурудың пайда болу себептері мен оған қолайлы жағдайларды зерттейітін ілім. Аурудың негезі себебі ішкі және сыртқы жағдайлардан туындайды. Бұл аурудың туындайтын себебі мен шартжағдайларнытуралы ілім. Ауру себептері шартты түрде эндогендік және экзогендік болып бөлінеді.

Эхолалия - сөздерді және дыбыстарды дәл қайталау немесе қайталау. Аутизммен ауыратын балалар жиі эхоляциялық болып табылады, яғни олар сөздерді білдіреді, бірақ олардың сөздері бірдей тәртіппен айталды, әдетте олар сол сөздерді.

Эмпирика - медицинадағы даму стандарты.

Face-to-face - жеке сұхбат - маркетингтік зерттеулердегі ең көп таралған сандық мәліметтерді жинау әдістерінің бірі. Сауалнаманың бұл түрі сұхбат алушының пікіріне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларсыз сұхбат алушының респондентпен тікелей жеке уәдесін қамтиды.

Ассимиляция - ассимиляция баланың жаңа жағдайы бұрыннан бар схемаға сәйкес келетін әрекетін білдіреді.

Аффилиация - адамның басқа адамдарадың қоғамында болуға ұмытылуы. Аффилиацияға бейімдік субъект ықтималды қауіптілігі бар стресс жағдаятына ұшырағаны байқалады.

Ым-ишара - қарым - қатынас барысындағы адамның психикалық көңіл-күйіне байланысты қолдарынның белсенді қимыл қозғалысы. Адам бетінің еттерінің қимыл - қозғалыстары арқылы оның психикалық жағдайының, сезімдерінің , көңіл - күйінің көрінісі. Ақпаратты бір адамның екінші адамға жеткізу үдерісі.

Мимика - адам бетінің бұлшық еттерінің қимыл- қозғалыстары арқылы оның психикалық жағдайының, сезімдерінің, көңіл-күйінің көрінісі. Қарым-қатынас барасында адамның психикалық көңіл- күйіне байланысты қолдарының белсенді қимыл-қозғалыстары.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСБ	аутистік спектр бұзылысы
ABA терапиясы	тілдік және базалық мінез-құлық дағдыларын бағалауға арналған бағдарлама
ATEC	аурулардың эталондық бағалауы
ADOS	аутизмге диагностикалық бақылау кестесі
БАҚ	баспасөз ақпараттық құралдар
БЦП	балалардың церебральды параличі
ДДҰ	дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕБА	ерте балалық аутизмі
ЕББҚ	ерекше білім беру қажеттілігі бар бала
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ПМПК	психологиялық-медициналық-педагогикалық
ППТК	педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері
TEACCH	Аутизммен және қарым-қатынас бұзылыстарымен ауыратын балаларды емдеу және оңалту бағдарламасы
The P.L.A.Y. Project	Ата-аналар мен мамандарды аутизмі бар жас балаларға сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуге үйрету үшін қарқынды дамып келе жатқан бағдарлама
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Аутизм спектрінің бұзылуы – бұл әлеуметтік бейімделумен және әлеуметтік өзара әрекеттесу, қарым-қатынас және стереотиптік мінез-құлықпен (монотонды әрекеттерді бірнеше рет қайталау) сипатталатын психикалық дамудың күрделі бұзылыстары. Аутизм спектрінің бұзылуы бар (АСБ) балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу бойынша мәселелердің болуы, қызығушылықтары мен ойын әрекеттеріндегі қиындықтардың кездесуі, стереотиптік мінез-құлықтың орын алуы, сөйлеудің және ауызша коммуникацияның бұзылуы, интеллектуалдық күйзелістердің орын алуы, сонымен қатар оларда үйлестірудің бұзылуы, кеңістікте бағдарлануды дұрыс сезінбеу, соның нәтижесінде жүру мен қозғалыстың дұрыс қалыптаспауы мәселесі туындауы мүмкін. Мұндай балалар әлеуметтену, білім алу және қалыпты өмір сүру үшін сапалы кешенді оңалтуды қажет етеді.

Қазіргі уақытта мұндай балалардың саны әлемнің барлық елдерінде артып келеді. Әлемдік статистикада 2016 жылы мұндай диагноз қойылған балалар саны он жыл бұрынғымен салыстырғанда 10 есеге көбейгенін көрсетсе, 2020 жылы АСБ-ы диагнозы қойылған балалардың саны артқандығын байқаймыз. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінде 160 адамның 1-і аутист, ал кейбір деректерде әрбір 59-баланың 1-еуі АСБ бар екендігі көрсетілген. Бірнеше жылдан кейін жер бетіндегі әрбір екінші бала осы аурудан зардап шегеді деп жасалған болжамдары бар осы мәселені зерттеп, қарастырған еңбектерде кездесуде [1].

Қазақстанда да АСБ бар балалар санының да жыл өткен сайын артуы (2020 жылы елімізде 6 771 аутист бала тіркелсе, 2022 жылы 12 087 бала есепке алынған. Мектеп жасына дейінгі 3-5 жас аралығындағы балалар - 4 331, 6-18 жас аралығындағы балалар саны - 6 704) күн өткен сайын артуы байқалып отыр (Алматы ақшамы №40 (633) 28 наурыз, 2023 жыл).

Сондай-ақ, аутизм синдромның бұзылысынан жапа шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мен педагогикалық қолдаудың жеткіліксіз болуымен қатар, мамандандырылған мекемелер санының аздығы, елді мекендер мен аудан орталықтарында олардың мүлдем болмауымен, сонымен қатар білікті мамандардың жеткіліксіздігі, инклюзияның тиімді жүзеге аспауымен сипатталады. Бұл - аутист балалардың тиімді, қолжетімді оңалту және сапалы білім алу мүмкіндігін төмендетіп отыр.

Аутистикалық бұзылулар көріністерінің алдын алудың айтарлықтай дұрыс жолға қойылмауы көптеген жағдайларда олардың психикалық және әлеуметтік дамудың ауыр салдарына алып келуімен сипатталады.

Жоғарыда аталып өткен деректер біз қарастырып отырған мәселенің өте өзекті екендігін көрсетеді.

Көптеген ғылыми зерттеулер аңғартып отырғандай, аутизммен ауыратын балалардың көпшілігі, тіпті жағымды даму динамикасы болған жағдайдың өзінде де үлкен қиындықтарға тап болып әлеуметтену үдерісінде белгілі бір арнайы әлеуметтік көмек пен қолдауды қажет етеді [2]. Қазіргі кезеңде мемлекет

пен қоғам тарапынан ерекше даму қажеттіліктерімен ерекшеленетін адамдарға қатысты қарым-қатынасты дамыту интеграцияға үлкен мән беру жағдайында АСБ бар балаларды қоғамға кіріктіруге және өз бетінше, мағыналы және белсенді өмір сүруге мүмкіндік беретін әлеуметтік көмек құралдарын іздестіру маңызды міндет болып табылады. Дамуындағы бұзылыстардың ерекшелігіне байланысты АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдау жүйесін құру, әлеуметтік оңалтудың барлық түрлерін, аспектілерін кешенді түрде зерттеу және ерекше даму қажеттіліктерімен ерекшеленетін балалардың өмір сапасын жақсартудың маңыздылығы туындап отыр [3].

Ресейлік және шетелдік әдебиеттерде аутизм ерекше, биологиялық тұрғыдан анықталған, яғни баланың барлық психикалық функцияларына әсер ететін, психикалық дамудың бұзылуы деп танылады. Осы тақырыпты кеңінен зерттеген авторлар оның ерекшелігін бұрмаланған психикалық даму ретінде анықтайды. Мұндай бұрмалану аффективтік аспектінің дамуының бұзылуына байланысты және аутизммен ауыратын балалардағы танымдық проблемалардың сипаты мен әлеуметтік дамудың жетіспеушілігін анықтайды [4].

Қазақстанда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық технологиялар мен әдістер, түзету педагогикасы, әлеуметтік психология саласындағы жаңа және жоғары әлеуметтік сұранысқа ие ғылыми бағыттар, АСБ-нан зардап шеккен адамдардың барынша табысты әлеуметтік дамуына ықпал ететін жағдайларды анықтау, оларды қоғамға бейімдеуге қол жеткізу үшін әлеуметтік қолдау мен көмектің арнайы әдістері мен мазмұнын әзірлеу қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді [5].

Зерттеу жүргізу барысында оңалту бағдарламаларының көп емес екендігі, аутист балалармен жұмыс жүргізуде көбінесе жалпыланған әдістер қолданылатындылығы анықталды. Аутизм – кешенді тәсілді, сонымен қатар мінез-құлықты түзетудің жеке тұлғаға бағытталған әдістерін қажет ететін күрделі ауру. АСБ балаларды оңалту тұрақты түрде қалыптасқан емдеу бағытын, әлеуметтендіру үшін психологиялық, педагогикалық, медициналық қолдаудың кешенді тәсілдері қажет болады.

Әлеуметтік оңалту үдерісі баланың мінезін, сөйлесу қарым-қатынасына тән дағдыларды дамытуға бағытталған, ал әлеуметтік өзара қарым-қатынасқа өзін қоршаған ортада және кеңістік үйлестіру мен бағдарлауды дамытуға мүмкіндік беретін әдістер жатады, сондықтан осы әдістерге бағытталған бағдарламалар тиімді болып табылады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оңалтудың жеке тұлғаға бағдарланған тәсілі оңалтудың индивидуалдық бағдарламасына негізделеді және оның тиімді жұмыс істеуі үшін, балаға көрсетілетін медициналық, психологиялық, әлеуметтік қолдаулармен қатар дене тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлініп, оларды үйлестіру мен кеңістіктегі бағдарлау жиі бұзылатындықтан, дене шынықтыру сабақтарында бұл мәселелерге ерекше назар аудару керек.

Ең алдымен ролик-спорт аяқтың, іштің, арқаның бұлшық еттері, бұлармен қатар, қолдары, кеуде, жоғары иықтың белдеулері қатысатын күрделі қызмет

түрі. Спорттың бұл түрімен айналысқанда, бұлшық еттің тонустары көтеріліп, тепе-теңдікті сақтауға жауап беретін дене мүшелерінің тұрақтандыру жұмысы жақсарады. Дене белсенділігінің бұл түрін меңгеруде баланың төзімділігі дамып, үйлестіру жақсарады. Бұл АСБ бар балаларды оңалтуда аса маңызды.

Диссертациялық жұмыста бастауыш сынып оқушыларындағы аутизм мәселелерінің шығу жағдайлары, себептері, факторлары, салдары толық зерттеліп, осы дерттің сипаттамаларына сай әлеуметтік гуманитарлық білімдер саласында орын алып отырған ғылыми-теориялық бағыттар мен практикалық ұстанымдардың, технологиялардың ерекшеліктері зерттеліп, АСБ бар балалардың даму ерекшеліктерін ескеру негізінде, спорттың инновациялық түрлерін пайдалану арқылы кешенді оңалтудың жеке тұлғаға бағытталған бағдарламасының қажеттілігі дәйектелді. Жеке тұлғаға бағытталған бағдарлама АСБ бар баланың индивидуалдық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып оңалту үдерісін жүзеге асырады.

Мәселенің ғылыми зерттелу дәрежесі. Жан-жақты, көп салалы сипатына байланысты аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселесі әлеуметтік жұмыс, педагогика, психология, дефектология, медицина, құқықтану қиылысында орналасқан әртүрлі ғылымдардың жалпы пәндік өрісін білдіреді. Бұл ғылымдардың әрқайсысы АСБ бар балаларды кешенді түрде оңалту үдерісінде орын алатын мәселелерге қатысты салалық тұрғыдан қызмет көрсетеді. Оңалту үдерісі ретімен кезеңдер бойынша жүзеге асырылып, гуманды, кешенді, жеке мәселелерге негізделеді. Бұл үдерісте науқас баланың оңалуға деген потенциалдық мүмкіндіктері үлкен роль атқарады.

Әлеуметтік инклюзия және жеке тұлғаның әлеуметтік эксклюзиясы үдерістері П. Абрахамсон [6], Г.Рум [7], Г. Уайт [8], К. Филпс [9], А. Хаан [10], Ю. Хамалайнен [11], У. Хеллинкс [12] және ресейлік ғалымдар Д.В. Зайцев, О.В. Зайцева [13], М. Елютина [14], Ю. Зубок [15], Н. Тихонова [16], Е. Ярская-Смирнованың [17] еңбектерінде ғылыми талдаулардың тақырыбы және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру, және мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек практикасын күшейту, оларды қоғамға интеграциялау, оның жолдары мен әдістері, технологиялары туралы ақпараттарды қамтиды. Сонымен қатар, көптеген авторлар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік қорғалуының төмен деңгейіне, әсіресе олардың дамуындағы ауытқуларға басты назар аударады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуі мен интеграциясының ең күрделі мәселелері шет елдік ғалымдардың жұмыстарында зерттелген. Атап айтатын болсақ, М.Айшервуд [18], И. Бшар [19], Ф. Вуд [20], Д. Вудрон [21], Г. Грэмпп [22], Дж. Лове [23], К. Каллен [24], Т.Келлер [25], К. Крофт [26], А. Мишельсон [27], Д. Норри [28], Д. Наокайен [29], П. Поттс [30], М. Хейден [31], К. Хейер [32]. Ресейде осы мәселені зерттегендердің қатарында Т. Агеева [33], И.Бгажнокова [34], А. Гамаюнова [35], О. Герасименко [36], И. Гилевич [37], В. Гончарова [38] О. Громова [39], Р. Дименштейн [40], О. Ертанова [41], А. Зотова [42], С. Краснова [43], Е.

Мартынова [44], Ю. Меламед [45], А. Станевский [46], Н. Хворостьянова [47], Е. Худенко [48], Л. Шипицына [49].

Зерттеу тақырыбы бойынша арнайы әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Ресей ғылымындағы балалар аутизмінің проблемалары А. Аршатский [50], Н.Багаина [51], Е.Баинская [52], К.С. Лебединский [53], М. Либлинг [54], О. Никольская [55] және т.б. еңбектерінде клиникалық және психологиялық-педагогикалық аспектілерде зерттелген.Нәтижесінде аутист балалармен тікелей жұмыс істеуге көмектесетін әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі өткір мәселе ретінде қойылған. Ал Қазақстанда бұл мәселемен ерекше білім беруді қажет ететін балалармен диагностикалық-кеңес беру, түзету-сауықтыру жұмыстарын жүргізетін «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ жұмыс жүргізеді. Бұл мекемеде арнайы және инклюзивті білім беру саласының мамандарының біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, көмекші техникалық құралдармен қызмет көрсету, оларды қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін «Психикалық және физикалық дамуында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік оңалту орталығы» жұмыс жүргізеді. Қазақстандық ғалымдар Е.Н. Жуманкулова [56], Р.А. Сулейменова [57], Ә.Қ. Ерсарина [58], Р.Қ. Айтжанова [59], Г.Қ.Айқынбаева [60], А.А. Кудашова [61], В.К. Махадиевалар [62] балалардағы аутизм мәселесі, оларды оңалту мен қоғамға кіріктірудегі Қазақстандық технологиялар мен оларды жүзеге асырудың әдістерін соңғы жылдары жан-жақты қарастыруда. Балалар аутизмі мәселесі Қазақстанда енді зерттеліп жатқан ғылыми бағыттар қатарына жатады.

Аутист балаларды оқыту және оңалту мәселесімен айналысатын негізгі орталықтардың бірі - Б. Өтемұратовтың «Асыл Мирас» қоры. Бұл қор Қазақстанның 11 қаласында АСБ бар балаларды түзетудің және дамытудың жаңа технологияларын, әлемге әйгілі диагностикалық әдістерін, скринингтік тесттерді жүргізе отырып, осы санаттағы балаларға көмектесудің тиімді әдістерін зерттеп, оны тәжірибеге енгізуді жоспарлайды.

Инклюзивті білім беру аясында аутист балаларды және олардың отбасын қолдау мақсатында «Болашақ» корпоративтік қоры «Әр бала мектепке лайық» бағдарламасымен жұмыс жүргізуде. Бұл қор АСБ бар балаларға писхологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім беру мекемелері де, ҮЕҰ да АСБ бар балаларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау жүйесінің дамуына бірдей үлес қосады деп болжауға болады. Негізгі жетістіктер аутизмді түзетудің белгілі бір технологияларын сынау және енгізу болып табылады, бірақ аутистикалық белгілердің көріністерінің сипатына, денсаулық жағдайына, өмір сүру ортасына және басқа да ықтимал әсер етуші факторларға қатысты балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, іргелі зерттеулер жүргізу, өзіндік диагностикалық және түзету әдістерін ұсыну жоқтың қасы.

АСБ бар балаларды емдеуде дамыған елдерде қолданылып отырған инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану туралы зерттеулер әлі де

жеткілікті емес. Диссертациялық жұмыста АҚШ-тың Массачусетс штатындағы Биллерика мемлекеттік мектептерінің, оның ішінде инклюзивті сыныптары бар Parker Elementary бастауыш мектебінің, аутист балалармен жүргізетін жұмыстары, қолданып отырған жаңа технологиялары мен әдіс тәсілдері туралы мағлұматтар беріледі. Диссертация авторы инновациялық тәсілдер мен технологиялардың практикада қалай қолданылатыны туралы құнды ақпараттарды ғылыми тағлымдамадан өту барысында алғандығын баяндайды. Инклюзивті білім беру туралы идеялар Қазақстанда өзекті бола бастағаннан бері Америка мен Европа елдерінің осы саладағы тәжірибесі ерекше қажеттілігі бар балалармен әлеуметтік жұмыста, оларды оңалту үдерісінде аса маңызды.

Зерттеу жұмысының мақсаты - аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың ғылыми әдіснамасын теориялық негіздеп, оларды оңалтудың жеке тұлғаға бағдарланған моделін дайындау және Қазақстанда АСБ бар балаларды оңалтуға арналған тәжірибелерді сараптау.

Көрсетілген мақсатқа сәйкес зерттеу **жұмыстарының міндеттері** былайша анықталды:

– балалар аутизмі дертінің, аутистік спектр бұзылысының (АСБ) әлемдік және отандық ғылымда зерттелуін ғылыми-теориялық негіздеу;

– аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуіндегі отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның әсерін жүйелеу;

– Қазақстандағы аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалту мен қолдау бағдарламаларына талдау жасау;

– аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделін дайындау;

– АСБ бар балаларды оңалту бағдарламасын жүзеге асырудың эксперименттік тәжірибелері, әдістемелік талаптар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– әлеуметтік оңалту мамандарының кәсіби ұстанымының ерекшелігін талдау және негіздеу.

Зерттеу нысаны – АСБ бар бар балалар, оларды қоғамға бейімдеу мен оңалту үдерісіндегі әлеуметтік дамудың ерекшеліктері.

Зерттеу пәні – Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту жағдайлары, түрлері, ерекшеліктері.

Зерттеу гипотезалары

– Қазақстанда АСБ бар әрбір баланы әлеуметтік оңалтудағы күрделі қиындықтарға қарамастан, баланың және оның жақындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік жасайтын, мінез-құлқы бойынша психикалық, психолоиялық және физикалық ерекшеліктерін ескеруге негізделген жеке тұлғаға бағытталған оңалту бағдарламасы баланың танымдық дамуының оң мүмкіндігін қалыптастыратын болады;

– АСБ бар баланың психологиялық, әлеуметтік дамуында кездесетін мәселелердің сипатына қарай кешенді эмоционалдық, психологиялық, педагогикалық түзету, коммуникативтік, тепе-теңдікті үйлестіру, мотивациялық әдіс тәсілдерді қолдану арқылы жағымды өзгерістер мен дамуды қамтамасыз ететін болады;

– АСБ бар балаларды оңалту үдерісінде мамандармен қатар ата-аналарды белсенді қатыстыру, балалардың қажеттіліктері мен индивидуалдық ерекшеліктерін ескеру және есепке алу әрдайым нәтижелілікке алып келеді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың аутизм дертін өзгелермен қарым-қатынасындағы эмоциялық көңіл-күйдің жетіспеушілігі, баладағы психикалық және психологиялық дамудың күйзелісі деп қарастырып, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық тұрғыдан жасаған теориялық талдауларына, сараптамаларына, бағаларына негізделеді. Аутизмді шизофренияның бір көрінісі ретінде қарастырған Э.Блейлердің еңбектері [63], аутистік спектрді психикалық дамудың бұзылуы ретінде зерттеген Л.Каннердің [64], «аутистикалық психопатия» туралы қарастырған Г.Аспергердің [65], аутист балалардың эмоциясына ерекше мән берген П.Хобсонның [66], аутизм синдромына қатысты белгілерді сипаттаған Алан Леслидің [67], У.Фристің эксперименталдық зерттеулерлері [68], коммуникацияның өзіндік қалыптасу ерекшеліктерін зерттеген С. Балтакстың [69], аутизмнің пайда болуының бірқатар себептерін көрсеткен П. Шатмари мен М. Б. Джонстың [70] ғылыми жұмыстары диссертацияның теориялық негіздерін қалыптастырды. Балалардағы әлеуметтік-психикалық үдерістерді ұйымдастырудағы аффективті және интеллектуалдық бірліктің қағидаларына, психикалық дамудың бұзылуларындағы ақаудың орнын толтыру идеяларына және баланың даму аймағына (Л.С. Выготский) [71] мән береді. Жұмыс аутизм туралы идеялардың негізінде психикалық дамудың моделі ретінде құрылған (В. В. Лебединский, К.С.Лебединская) [72] және аутистік бұзылулары бар адамдарды әлеуметтендіруге және оңалтуға көмек көрсетудің эмоционалды-семантикалық тәсілін (О.С. Никольская) [73] негізгі тірек ретінде қарастырды.

Дамуында ауытқуы бар балалармен әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың әдістемелік құралын дайындаған Е.Н. Жуманкулова [74], орта жастағы балалардың психо-физиологиялық бұзылыстары скрингі Р.А. Сүлейменова, Ә.Қ. Ерсарина, Р.К. Айтжановалардың [75], аутизм диагнозы қойылған балалардың психологиялық ерекшеліктері Г.Қ. Айқынбаева, Б.Б. Қашқынбай, А.А. Наурызбаевалардың [76], ерте балалық синдромы бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету А.А. Кудашовалар [77] зерттесе, А.К. Махадиева «Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті жеңуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбында ғылыми зерттеулер жүргізіп, 2019 жылы диссертация қорғады [78].

Зерттеу әдістері

Жалпы ғылыми зерттеу әдістерінің кешені: зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді зерттеу және талдау, сараптамалық зерттеулер, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда АСБ бар балалардың мінез-құлқын бақылау, эксперимент жүргізу, сондай-ақ арнайы әлеуметтік-психологиялық әдістер, отбасы мүшелері мен арнайы мамандарға кеңес беру материалдары, дамыту және түзету сабақтарын құрастыру методикасы. Эмпирикалық деректерді талдау кезінде деректерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің эксперименттік базасы: эксперименттік жұмыс Б. Өтемұратовтың жеке қоры қаржыландыратын «Асыл Мирас» аутистік спектр бұзылысы бар балаларға арналған орталықта (Шымкент қаласы) жүргізілді.

Зерттеу кезеңдері

1- ші кезең (2017 – 2018) Зерттеу тақырыбы бойынша аутизм дертіне шалдыққан балаларды әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-медициналық тұрғыдан зерттеген әдебиеттерге шолу жасалып, АСБ бар балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне, жеке бағдарланған тәсілдің осы санаттағы балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық стратегиясы анықталды. Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, нысанасы мен пәні, ғылыми болжамы нақтыланып, теориялық жұмыстар жүргізілді.

2- ші кезең (2019 – 2020) АСБ балаларды оңалту мен әлеуметтік қолдау бағдарламасының ерекшеліктерін анықтау үшін статистикалық өңдеу жұмыстары, олардың әлеуметтік бейімделу мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, әр баланы оңалтудың жеке тұлғаға бағытталған моделі негізінде сараптамалық топпен жұмыс жүргізілді.

3- ші кезең (2020 –2021) Ұсынылған модель негізінде эксперименталды топпен жүргізілген жұмыстан кейін, бұл модельдің тиімділігін анықтау үшін 2-ші рет эксперимент жүргізіліп, қол жеткізілген нәтижелері салыстырылып, зерттеу барысында ұсынылған моделдің тиімділігі, сараптамалық жұмыстардың нәтижелері тұжырымдалып, алынған нәтижелер бойынша аутист балаларды оңалтудың тұлғалық-бағдарламалық нәтижесіне тәжірибелік талдаулар жасалды. Осы санаттағы балалармен жұмыс жүргізетін әлеуметтік оңалту мамандарына ұсыныстар әзірленді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша тұжырымдар жасалып, қолданылған әдебиеттер тізімі жүйеленді, зерттеу жұмысы диссертациялық жұмыс талаптарына сай рәсімделді.

Эксперименттік зерттеу жұмыстарымен қатар, осы «Асыл Мирас» балалар орталығының 12 мамандарымен эксперттік сұхбат (жеке стандартталған сұхбат face-to-face технологиясын қолдану арқылы), балалары аутистік спектр бұзылысынан зардап шегуші 5 отбасымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 4 отбасындағы балалардың жағдайы типтік аутизм синдромымен сипатталатын 5-ші отбасының жағдайымен салыстырғанда жеңілірек болды. Диссертант аутизм синдромынан зардап шегіп отырғандарға арнап «САҮАС» (КАЯАК) қайырымдылық қоры» жеке қорын құрған 5- ші отбасымен тығыз байланыста болып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Әлеуметтік жұмыс» бөлімінің студенттеріне осы отбасының қатысуымен арнайы лекция да ұйымдастырды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– балалар аутизмі дертінің, аутистік спектр бұзылысының (АСБ) әлемдік және отандық ғылымда зерттелуін ғылыми-теориялық негіздей отырып, аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалту ұғымына, оның заманауи әдістерінің потенциалына авторлық интерпретация жасалынды;

– аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуіндегі отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның ролінің маңыздылығы дәлелденді;

– аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оңалту мен қолдауға арналған Қазақстандық әлеуметтік бағдарламалардың мазмұны мен қол жеткізген нәтижелеріне сараптамалық талдау жасалынды;

– аутистік спектр бұзылысы бар (АСБ) балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі дайындалды;

– АСБ бар балаларды оңалту бағдарламасын жүзеге асырудың эксперименттік тәжірибелері негізінде әдістемелік талаптар бойынша ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға келесі **тұжырымдар** шығарылады

– АСБ бар балаларда аффективті, эмоционалды-тұлғалық, танымдық дамуындағы проблемалар көп жағдайда оның бүкіл өмірімен бірге жүреді. Сондықтан балаларды оңалтуда дамуындағы ақауларға бейімделу ғана емес, олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезіндегі белсенділіктері мен икемділіктерін арттыруға мән берілуі тиіс. Қазақстандық практикада ABA, TEACCH, Son-rise, пәндік терапия методикасы аясында бала үшін ыңғайлы орта қалыптастыру, оның эмоционалды көңіл-күйі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы қабілетін дамыту, белсенділігін арттыру, мінез-құлқының жағымсыз жағын түзетуге, қорқынышын, агрессиясын түпкілікті өзгертуге, стигматизацияны жеңуге бағытталған әлеуметтік бейімдеудің заманауи әдістерінің потенциалы жоғары екендігі расталды.

– Ата-ананың жеке және әлеуметтік ресурсы отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға, аутистік спектр бұзылысынан күйзеліске ұшыраған балалардың тиімді әлеуметтенуіне және жалпы оңалту шараларының мазмұнына әсер етеді. Отбасы аутистік спектр бұзылысы бар баланы әлеуметтік оңалтуға тікелей мүдделі мамандардың тең құқылы серіктесі ретінде тәрбиелік, мәдени және интеллектуалдық әлеуетін дамытқан жағдайда баланың тұлғалық дамуында аса маңызды роль атқарады. АСБ бар балалардың ата-аналары оларға қатысты қоғам арқылы қалыптасқан мәдени стереотиптерді, стигматизацияны жеңуге дайын болған жағдайда азаматтық сана мен құндылықтарды таратудың негізгі агенті ретінде БАҚ құралдарының, телевизиялық бағдарламалар, әлеуметтік желілер, арнайы жеке оңалту орталықтар қызметіне жүгіне отырып қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына әсер ете алады.

– Қазақстанда АСБ бар балаларға арналған әлеуметтік бағдарламалар инклюзивті қоғамның негізгі өлшемі болып табылатын әлеуметтік қауіпсіз ортаны құруға бағытталған дамыған батыс елдерінің модельдерін практикаға ендіруге бағытталған. Басты жетістік – ата-аналардың бағдарламаларды жүзеге асыру барысында мамандар қабылдаған шешімдерді орындауға көмектесуге мүдделі тарап ретінде барлық этаптарда қатысып отыруы. Ұқсастықты, қиялды, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру, әлеуметтік әрекеттерді түсіне қабылдау мен қолдану бойынша жұмыстарды қамтиды. Кемшілік тұстары – бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-қимылдың төмен деңгейі және бірлесе жұмыс атқарудың дұрыс ұйымдастырылмауы. Іс-шаралардың кешенділігінің жеткіліксіздігі және аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуде

жеке-бағдарлы көзқараспен тиімді үйлестірілмеуі балалардың тәуелсіз өмір сүру және қоғамға сәтті бейімделу мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді.

– Аутистік спектр бұзылысы бар (АСБ) балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі диагноз жасау арқылы әрбір баланың қажеттіліктеріне сай жеке жоспарлардың дайындалуымен жүзеге асырылады. Баланың жеке сипаттамалары мен мінез-құлық ерекшеліктері негізінде тұлғалық даралықты қалыптастыруға бағытталады. Психологиялық-педагогикалық әдістердің әртүрлі тәсілдерін, физикалық оңалту әдістерін, роллер – спортпен айналысуды қамти отырып, инновациялық әдістерді жеңілден күрделіге қарай біртіндеп енгізуді, өзін – өзі модельдеуді тиімді пайдалануды мақсат етеді.

– Оңалту бағдарламасын жүзеге асыруды эксперименттік тәжірибелермен толықтыру негізінде АСБ бар балалардың әлеуметтік ортасы өмір сапасының көрсеткіші ретіндегі аса маңызды екендігі анықталды. Сондықтан әр отбасы туралы толық мағлұмат алу, диагноз жасауға жауапкершілікпен қарау, әр балаға диагностикалық карта дайындау басты шарт. Оңалту үдерісіндегі басты қағида: балаларды шаршатпау, қарапайым іс-әрекеттерден күрделіге қарай көшу, жас ерекшеліктеріне қарай жеке дағдыларды қалыптастыру, ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау, заманауи құралдар мен технологияларды тиімді қолдану арқылы өмір сапасының жаңа стандарттарына сай АСБ бар баланың өмірге қызығушылығын қалыптастыруды көздейді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі және негізділігі: зерттеушінің әлеуметтік оңалту аясындағы зерттеу тұжырымдарымен, жұмыс тақырыбы бойынша әлеуметтік оңалту, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық және әдістемелік ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған. Диссертация тақырыбына сай өзара байланысты теориялық-тәжірибелік және әлеуметтік жұмыстың әдістерін нақты пайдалануымен, сараптамалық жұмыстың бағдарламасы АСБ бар баланы оңалту жұмысына сәйкестігі, практикалық маңыздылығы, алынған нәтижелерді тұжырымдаумен, қорытындылаумен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру. Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда 1 жарияланды «Journal of human behavior in the social environment» (процентиль - 52).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: жұмыс кіріспеден, 3 тараудан тұратын негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 АУТИЗМ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың әлемдік және отандық ғылымда зерттелуі

Аутизм грек тілінен аударғанда (autos – өзім) дегенді білдіреді. Бұл адамның сырткы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Аутизм кең мағынада беймәлім қарым-қатынас, қалыпты қарым-қатынастан тыс, өз әлемінде өмір сүру ниеті деген түсінік береді. Дегенмен, қалыпты қарым-қатынасқа сәйкес келмеу әртүрлі себептермен көрінуі мүмкін. Кейде бұл баланың мінез-құлқына тән қасиет, бірақ оның көру немесе есту жетіспеушілігі, терең интеллектуалды дамымау және сөйлеу қиындықтары, невротикалық бұзылулар немесе әлеуметтік оқшауланумен туындаған тұрақты байланыстың болмауынан да көрінуі мүмкін.

Аутизмді зерттеу барысында биологиялық, когнитивті және мінез-құлықтық негізгі 3 деңгейге баса назар аударған жөн. Ғалымдар аутизм дертіне шалдыққандарға зерттеу жүргізу барысында көптеген сұрақтарға жауап іздейді. Биологиялық ерекшеліктерге талдау жүргізген уақытта бұл дертке шалдыққандардың миының сау адамдармен салыстырғанда өзіндік ауытқушылықтарының болуымен ерекшеленетіндігін көрсетеді. Когнитивті деңгейдегі айырмашылықтар бұл дертке шалдыққан балалар мен бұзақылық көрсеткен дені сау жеткіншектерді салыстыра қарағанда олардың өздерін ситуацияға сай адекватты ұстамай, қалыпқа сай емес киінгендіктеріне қарамастан, олардың мінез-құлықтарының негізінде 2 түрлі себептердің жататындығын дәлелдейді. Сол сияқты аутизмнен зардап шегуші бала мен ұялшақ, көпшіліктен қашқақтап, бөлектене беретін, көпшіліктен үркіп жасқанатын, әлеуметтік қарым-қатынаста адекватты мінез-құлық көрсете алмайтын баланың мінез-құлықтық көріністері ұқсас болып көрінгенімен, олардың басқа адамдармен қарым-қатынастарында болатын қиындықтары когнитивті деңгейде әр түрлі себептерге негізделеді [79].

Кейбір жағдайларда балалардың ұялшақтық танытып, көпшіліктен қашқақтап аутистік мінез-құлық көрсетуі кездеседі, оны баланың тәртіптілігі деп назар аудармайды, ал бұл аутист болуы мүмкін, сондықтан аутизмді ауру деп қарау дұрыс емес деп қарайтындармен келісуге болмайды.

Аутизм дертіне диагноз қою – медицина, психология, әлеуметтену, коммуникация және тұлғалық даму аспектілерінің қазіргі ғылыми мәселе екендігін көрсетті. Сонымен қатар, бұл дерт балалық шақтың өте ертерек кезеңінде қалыптасатындығымен ерекшеленеді. Бұл диагноз Американдық психиатриялық ассоциацияның зерттеуімен жасалынды [80].

Жалғыздықты жақсы көру, тұйықтық, эмоциялық жабықтық сияқты белгілер аутист балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізуде коммуникациямен байланысты теорияларды кеңінен қолдануды талап етеді.

Әртүрлі жағдайларда көптеген коммуникациялық бұзылулар: байланысқа деген қажеттілік, ақпаратты қабылдаудағы қиындықтар және бұл жағдайды

түсіну, баланың кішкентай кезінде орын алған невротикалық ауруының салдары, ерте балалық шақта қарым-қатынасты дамытуға бағытталған әрекеттердің жеткіліксіздігі, сөйлеуді қолдана алмау аутизмнің тікелей нәтижесі болып табылады.

XIX ғасырда ақыл-ой дамуының бұзылуы бар балалардың жеке тұлғалық және мінез-құлқындағы ерекше сипаттамалары бойынша ғылымның жаңа бағыты пайда болды. Францияның Авейрон деп аталатын елді мекенінің жанындағы орманнан табылған Виктор до Авейрон жабайы жануарлар арасында өмір сүріп, сөйлеу, жауап беру сияқты коммуникацияларды мүлдем игермеген. Доктор Жан Марк Гаспар Итард баламен зерттеу жұмысын жүргізіп, жабайы өмір сүру қабілетін жойып, әлеуметтік қарым-қатынаста болу қабілетін игертеді. Аутистік спектр бұзылысы бар баланың әлеуметтену әрекеттеріне қатысты доктор М.Г. Итардтың қолданған түзету әдісі қазіргі заманғы әлеуметтік оңалту ілімінің негізін қалады [81].

1943 жылы американдық клиникалық дәрігер Л. Каннер ерекше қарым-қатынасты талап ететін 11 оқиғаны бақылап зерттеуін қорытындылай келе, «ерте балалық аутизм синдромы» деп аталатын психикалық дамудың бұзылысының, нақты клиникалық синдромның бар екенін ғылымда алғаш рет тұжырымдап, синдромның өзін сипаттап қана қоймай, оның клиникалық көрінісінің ерекшеліктерін атап көрсетті .

Коммуникацияға түсу қиындығы аутизм дертіне шалдыққандардың бәріне ортақ ерекшелік, мұндай балалар қарым-қатынасқа түсуде тілді де дұрыс қолдана білмейді.

Каннердің көзқарасы бойынша, аутизмнің қажетті және басты симптомы «аутистік жалғыздық» және «тұрақтылықты сақтауға бағытталған беймазасыздық» [82].

Осылайша Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тауып, оның келесі белгілерін ажыратып көрсетеді:

– жалғыздықты жақсы көру;
– ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу;
– бағытының шарттары тұрақты болып өзгермеуі;
– эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау;
– біркелкі қимылдарды қайталай беруі.

Кейінірек «Каннер синдромы» деген 2-нші атаумен нақтыланған критерийлер қазіргі аутизмге қойылатын диагноздың негізін қалады. Дәл осы аутизмнің ұқсас клиникалық жағдайларына 1944 жылы Австрия ғалымы Г. Аспергер және 1947 жылы Ресей ғалымы С.С.Мнухин ғылыми тұрғыда сипаттама берді. Олардың ғылыми еңбектерінде бала аутизмі синдромының клиникалық критерилері бойынша жинақталған ең маңызды көрсеткіштері мыналар:

– бала аутизмі, оның «экстремалды» жалғыздығы, эмоционалды байланыс, қарым-қатынас жасау және әлеуметтік даму мүмкіндіктерінің төмендігі. Көзбен байланыс, бет әлпетін, қимылды, интонацияны қалыптастыруға тән

қиындықтардың туындауы. Баланың эмоционалдық жағдайы, басқа адамдармен, туыстармен қарым-қатынасқа түсе алмауы;

– қалыпты, әдеттегі өмір сүру нормаларын ұстап тұрудағы мінез-құлық стереотипі; қоршаған ортадағы өзгерістерге, өмірлік тәртіптерге араласа алмауы, қорқынышқа қарсы тұра алмауы, монотонды әрекеттерді қайталауы;

– қолды сілкіп немесе сермеп қозғалу және сөйлеуде бірдей дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін қайталай беру; бір ғана нысанаға тәуелділік, бір ғана ойынды ойнай беру, сурет салудағы бір тақырып, өзімен өзі сөйлесу;

– айрықша сипаттамасы өз дамуынан кеш сөйлеу, бұзып айту, кейбір деректер бойынша кездесетін жағдайлардың жартысында мутацизм (сөйлеу үшін сөзді мақсатты пайдаланудың жоқтығы, жеке сөздерді кездейсоқ айту мүмкіндіктері және тіпті фразаларды сақтау, қайталау) ретінде көрінуі;

– олар өз есімдерін дұрыс пайдалану мүмкіндігін ұзақ уақытқа кейінге қалдырады, өзін «сен», «ол» деп атайды, өзіне сұрақтар қоймайды және өзін шақырғанда назар аудармауы мүмкін. Ауызша өзара қатынастардан бас тартады. Сөйлеудің бұзылуы жалпы байланыс жағдайында көрінеді және бала іс жүзінде бет әлпет қозғалысын ым-ишара қимылдарын қолданбайды. Сонымен қатар, ерекше көңіл-күй, ырғақ, әуен, сөйлеу интонациясына назар аударады.

Бұл синдромды зерттеу, аутистикалық балалармен түзету жұмыстарын іздестіру түрлі салалардағы көптеген мамандардың ғылыми зерттеу нысанына айналды. Синдромның таралуы, басқа аурулардың арасында оның алатын орны, алғашқы ерте көріністері, жас ерекшелігімен, диагностикалық өлшемдермен анықталады. Зерттеу барысында синдромның жалпы белгілерін таңдаудың дәлдігі расталды, сонымен қатар оның белгілерін сипаттауда бірнеше маңызды ғылыми жұмыстарға мән берілді. Доктор Каннер балалар аутизмінде олардың жүйке жүйесіндегі органикалық зақымдану белгілері арнайы патологиялық жүйке құрылымымен байланысты деп санайды. Уақыт өте келе диагностика құралдарының дамуы аутизмі бар балаларда осындай симптоматиканың жинақталуын анықтауға мүмкіндік берді. Каннердің өзі сипаттаған жағдайлардың үштен бір бөлігінде балалардың жасөспірім жасында эпилептикалық ұстамалардың болатындығын көрсетеді.

Каннер сондай-ақ бала аутизмі оның ақыл-ой кемістігіне байланысты емес деп санайды. Оның кейбір емделушілерінде тамаша жады, музыкалық дарындылық болды, оларға біршама ақылдылық сипат тән болды. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, аутикалық балалардың бір бөлігі шын мәнінде жоғары зияткерлік көрсеткіштерге ие болса, балалар аутизмінің көптеген жағдайларында біз ақыл-ой дамуының терең кідірісін көрмейміз.

Аутизм мәселесін зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына сәйкес аутизм шығу тегі әртүрлі синдромдардың тобы ретінде «триадамен» сипатталатын, әлеуметтік өзара әрекеттестік мен қарым-қатынастың түбегейлі бұзылуынан көрініс беретін, стереотиптік мінез-құлықтың сипаты ретінде қарастырылады.

Аутизм мәселесін зерттеген ғылыми еңбектерде аутистік спектр бұзылуларына қатысты Каннер синдромын (ерте балалық аутизм - ЕБА), атипті

аутизмді, Ретт синдромын, Аспергер синдромын және т. б. бөліп көрсету көптеп кездеседі.

Қазіргі жіктеулер балалар аутизмін дамудың алғашқы бұзылуы ретінде қарастырады. Бұл анықтама аутизмде функциялардың бір немесе біршама саны зардап шекпейтінін, психика тұтастай алғанда бүкіл денеге әсер ететінін көрсетеді. Аутистік спектр бұзылысы бар баланың жақын адамдармен, ата-аналарымен қарым-қатынасында сапалы байланыс пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің дұрыс болмауы арқылы көрініс табады. Қарым-қатынас үдерістерінің бұзылуы аутизмі бар балалардың эмоционалды, танымдық, мінез-құлық сипаттамаларының, сондай-ақ дағдыларды бекіту ерекшеліктерінің қалыптасуымен бірге жүреді.

XX ғ. 80-ші жылдары көптеген зерттеушілер адамның тіл, ес және қабылдау сияқты базалық қажеттіліктерін эксперименталдық зерттеудің негізінде – бұл мәселенің өте қызықты және маңызды болғандығына қарамастан аутизм синдромында басты орынға ие болатын әлеуметтік-аффектілік мәселелерді түсіндіруге мүмкіндік бермейтіндігін байқады.

Тілдік қордың сөз байлығының өте кедейлігі, естің, қабылдаудың нашарлығы аутизмді ақыл-ой кемтарлығы бар балаларға ұқсатады. Алайда аутист балалардың ақыл-ой кемтарлығы бар балалардан өзіндік айырмашылығы бар.

Аутист балалардың эмоциясын тікелей зерттеу негізінде П.Хобсон оларда дауысты, түрдің өзгерісін және ымның эмоционалдық мазмұнын түсінудің аса бұзылғандығын байқады [83].

Көпеген зерттеушілер аутист балаларда эмоционалдыққа негізделген байланыстардың, басқаша айтқанда аффективтік байланыстың бұзылғандығын айтады. Кеңінен орын алған шешімдердің бірі ғалымдардың вербальдық және вербальдық емес қарым-қатынастарға аса зейін қойып, түрлі қабілеттерге ие аутист балаларда коммуникацияның өзіндік қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу болды. Бұл М. Балтакстың және басқа да зертеушілердің эмпирикалық деректерге негізделген зерттеулерінен көрінеді [84].

Аутизм белгілі бір жетіспеушіліктің, мысалы ойлаудың дамымай қалуымен түсіндірілуі мүмкін.

Алан Лесли бұған дейін байқалмаған аутизм синдромына тән бірқатар белгілерді, яғни олардың бойында рольдік ойынның, мысқылдың және қулықтың болмайтындығын көрсетті. «Психикалықтың моделі» концепциясы аутизмге соқырлықтың бір түрі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Яғни, аутизм психиканың соқырлығының, дәлірек айтқанда психиканың жағдайын немесе психиканың өзін сезіне алмайтын соқырлығы ретінде қарастырылады. Басқа жағынан алып қарағанда, бұл концепция психологиялық күйдің біздің мінез-құлығымызды анықтайтындығын түсіндіреді. Мысалы біз өзімізге сұрақ қоямыз. неге мен мұны істеп жатырмен. Мен ас үйге кіремін өйткені қарным ашты...Мен розаны неге иіскеп жатырмен, өйткені ол маған ұнайды [85].


Эксперименталдық зерттеулер жүргізу барысында У.Фрис аутистік спектр бұзылысы бар балалардың мүмкіншіліктерінің төмендігіне қатысты бірқатар

мәліметтер алады. Мұндай балалар сөйлемдерді есте сақтау, эмоционалдық көрінісіне қарай түр-әлпеттер классификациясын жасауға байланысты сынақтардан өтерде қиындықтарға ұшыраған. Сонымен бір уақытта олар мағынасы жағынан байланысы жоқ сөздерді есте сақтауда, мәнсіз дыбыс тіркестерін қайталауда, төңкерілген бейнелерді тануда, түр-әлпет классификациясындағы 2-ші реттік сипаттарды бөліп көрсетуде арнайы қабілеттерімен ерекшеленген. У.Фристің көзқарасы бойынша, ақпараттарды өңдеу үдерісі қалыпты жағдайда оларды жалпы қарастырылып отырған аспектіде немесе «орталық байланыспен» біртұтас түрде жинақтауға негізделетін болса, онда аутизм дертінде адамның ақпаратты өңдеу үдерісіндегі универсалдық сипат бұзылуы мүмкін.

Аутизм дертінің гендік табиғаты туралы негізделген мәліметтер болғанымен, геннің нақты атқаратын рөлі анық емес [86].

Аутист балалар жалғыздықтан қиналады. Олар үшін достардың саны емес сапасы маңыздырақ. Ойлау қабілеттері артта қалыңқырап қалған аутист балалар агрессияға бейім және де ашу-ызаларын көрсетіп отырады. Бірқатар жүргізілген зерттеулерде аутистік спектр бұзылысы бар балалардың басқа адамдардың ниеттерін немесе мақсаттарын түсінуге қабілетті емес болатындығы зерттеу барысында дәлелденді. Алынған мәліметтер мұндай балалардың күрделірек әлеуметтік эмоциялар мен басқа көзқарастарды түсінуде қиналатындығын көрсетті.

Қазіргі уақытта аутизм спектрінің бұзылуы медициналық, психологиялық-педагогикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік проблема ретінде де қарастырылады. Егер 2000 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша аутизмнің таралуы 10 мың балаға шаққанда 5-тен 26-ға дейінгі жағдайды құраса, 2005 жылы 250-300 жаңа туған нәрестеге аутизмнің бір жағдайы, ал 2008 жылы 150 балаға 1 жағдайдан келді. Бүгінгі таңда американдық ауруларды бақылау және алдын-алу орталықтарының (U. S. Centrsfor Diseance Controlland Prevention) мәліметтері бойынша әрбір 88 баланың 1-і аутизммен ауырады. Ұлдар арасында аурудың таралуы қыздарға қарағанда жоғары және 42 адамға 1 баладан құрайды. Төменде балалардағы аутизм мәселесін терең зерттеген елдердің ғылыми көрсеткіштеріне сүйеніп, әлемдегі дамыған елдердегі аутизмнің пайыздық көрсеткіші туралы мақала жазған Р. Шаронның зерттеулеріне сүйенсек, бұл синдромның күн асқан сайын дамып келе жатқандығын байқауға болады. Әлемдегі көрсеткіштерге тоқталатын болсақ, балалар аутизмі дертінің таралуы бойынша АҚШ әлемде диагноз қойылған аутизм саны бойынша 3-ші орында болса, Оңтүстік Корея 2-ші орынға ие, ал Гонконгта 27 баланың 1-і аутист болып келетіндігін көруге болады. Осылайша балалар аутизмінің таралуы бойыша Гонконг 1-ші орында тұр (сурет 1-2).




Сурет 1 - Дамыған елдердегі 10 мың балаға шаққанда аутист балалардың саны

Ескерту – Дереккөз Р. Шарон. Әлемнің дамыған елдеріндегі аутизмнің көрсеткіші

Бұл практикалық тәжірибені зерттеуді, сондай-ақ түзету жұмыстарының жаңа әдістерін әзірлеуді өзекті етеді. Қазіргі уақытта аутизм психикалық дамудың бұзылуының ерекше түрі ретінде баланың дамуындағы биологиялық тұрғыдан болатын жетіспеушіліктермен байланыстырылады. Бұл жетіспеушіліктердің табиғаты әлі күнге дейін жеткілікті түрде айқын емес. Бірақ соған қарамастан ол жүйелік сипатқа ие және жоғары жүйке қызметі дамуының бұзылуынан ғана емес, сонымен қатар көптеген соматикалық мәселелерден көрінеді [87].

Көптеген елдерде, оның ішінде Ресейде аутизм мәселесіне мамандардың назары 60-шы жылдардың аяғынан бастап аударылды. Алғашқы зерттеуді балалар психиатрлары жүргізді (С.С. Мнухин, А.Е. Зеленецкая, Д.Н. Исаев, 1967; О. П. Юрьева, 1970; М.Ш. Вроно, В. М. Башина, 1975; М.Ш. Вроно, 1976; В. М. Башина, 1980; В.Е. Каган, 1981; К.С. Лебединская ., 1981) [88]. Олар аутизмді балалар шизофрениясы немесе шизоидты (аутистикалық) психопатия аясында қарастырды (Т.П. Симсон, 1929, 1948; Г.Е. Сухарева, 1925, 1937, 1959, М.О. Гуревич, 1927, 1932). Балалар аутизмнің көріністерін аурудың белгілері ретінде ғана емес, сонымен қатар дамудың бұзылуының белгілері ретінде де түсіндіруге болады. Оларды ажырату әрекеттерін балалар психиатрлары да зерттей бастайды. В. М. Башина (1975, 1980) аурудың басталуына дейінгі және оның даму үдерісінде көрінетін балалық аутизмнің көріністерін зерттеп қана қоймай, сонымен қатар осы мәселемен қатар бала аутизмінің конституциялық формаларын да анықтады [89].



Сурет 2 - Дамыған елдердегі барлық балаға шаққанда аутист балалардың үлесі (1 баладан)

Ескерту – Дереккөз Р. Шарон. Әлемнің дамыған елдеріндегі аутизмнің көрсеткіші [90]

Қазіргі әлемде аутизм мәселесі өте өзекті күйінде тұр. Алайда қазіргі зерттеулерде аутизмнің ерекшелігі туралы тұрақты қалыптасқан нақты түсінік жоқ. Аутизм ұғымына берген анықтамалардың әртүрлі сипаттамалары бар және олардың барлығына ортақ түсінік: «таза» аутизм дамудың бұзылуынан туындайды, онда аутистикалық мінез-құлық өмір сүру жағдайында және генетикалық қарым-қатынас құрылымында психикалық қорғаныс ретінде қарастырылады. Ресейлік тәжірибеде аутизм шизофрениямен қатар көрсетіледі, осылайша, ауыр психикалық науқастарға арналған емдеудің барлық спектрін қолданады. Осы тәсілдің нәтижесінде аутизм типтік шизофренияға айналады. Аутизм мәселесін жан-жақты қарастырған В.М. Башинаның зерттеулері аутизмнің ерекшеліктерін оның шығу тарихымен байланыстырып түсіндіреді [91].

Ғалымның еңбектері аутизм ілімінің қалыптасуындағы 4 негізгі тарихи кезеңді: донозологиялық, Каннерге дейінгі, Каннерлік және Каннерден кейінгі кезеңдерді анықтайды. Бірінші кезең - XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басы, жалғыздыққа ұмтылған балалар туралы айтылатын кезең. Балалық шаққа дейінгі кезең немесе аутизм проблемасының дамуындағы 2-ші кезең - бұл балалардағы аутизм туралы тұжырымдама қалыптасқан XX ғасырдың 20-40 жылдарын қамтиды. Балалық шақтағы аутизм проблемасының дамуындағы 3-ші кезең, әдетте, Каннер есімімен (1940-1980 жылдар) байланысты аталады, ал 4-ші, кейінгі кезең 1980-1990 жылдармен сәйкес келеді [92]. Донозологиялық кезең аутизм синдромы бар адамдардың оғаш мінез-құлқын сипаттауды қамтиды.

Анна Франческо өзінің «Аутизмнің психологиялық теориясына кіріспе» кітабында аутизмға қатысты алғашқы көріністерді сипаттады. Оның ғылыми

еңбегінде аутистің оғаш мінез-құлқы мен аңғалдығы көптеген мәдениеттерде белгілі болғандығы және ерлер арасындағы аутизм әйелдерге қарағанда 2-3 есе жиі кездесетіндігі айтылады [93]. 1724 жылы Германияның Хамельн қаласының жанындағы орман алаңқайында жалаңаш жүгірген бала туралы айтылып, ол кейінірек «жабайы Петр бала» деген атқа ие болады. Петрдің таңғажайып өмірін зерттеген ағылшын тарихшысы Люси Уорсли оның аутизммен ауырғанын айтады. Жүз жылдан астам уақыттан кейін француз зерттеушісі Дж. М. Итар «Интеллектуалды функциялардың жеңілісінен туындаған Мутизм» (1828) атты еңбегін жариялады, онда Сур-Муэ институтында (Париж) 28 жылдық зерттеулерінің нәтижелерін қорытындылады. Ғалым Авероннан шыққан жабайы бала Викторды қалпына келтіру әрекеттерін сипаттады. Дж.М. Итар осындай балалардың зейін, есте сақтау және имитациялық қабілеттерінің деңгейін мұқият зерделеді және зияткерлік қабілеті бар балалардың құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатудағы бейәлеуметтігін, үлкен қиындықтарды бастан кешіретіндігін, ересектерді өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрал ретінде ғана пайдаланатындығын, сөйлеу мен тілді дамытуда (әсіресе жеке есімдіктерді пайдалануда) елеулі бұзушылықтардың болатындығын көрсетеді [94]. Осы уақытта Уильям Гаушип Дикинсон, Сент-Джордж Лондон ауруханасының дәрігері және ағылшын психиатры Генри Модсли өз жазбаларында аутизмге тән балалардағы аурудың белгілерін сипаттады. 1887 жылы әйгілі британдық генетик Джон Лангдон Даун бұзылысының ерте және кеш басталуы арасындағы айырмашылықты енгізді. Сонымен қатар оларға тән білімділік қабілеттерін сипаттап, бұл синдромы барларды «ақыл-есі кем ғалымдар» деп атады. Савант синдромы бойынша әлемдік жетекші сарапшы, доктор Даролдтрефферт Джон Даун «регрессивті аутизм» туралы өз зерттеуін ұсынады [95]. 1896 жылы орыс психиатры С.Н. Данилло 14 жастағы балада кататония фактісі туралы және өз зерттеулерге сәйкес, аутизмі бар балалардың 12-17%-да кататоникалық белгілері байқалғандығы туралы атап көрсетті [96].

«Аутизмге» алғашқы ғылыми анықтаманы 1911 жылы швейцариялық психиатр E. Bleuler берген. E. Bleuler мидағы психиканың бөлінуі туралы гипотезаны алға тартты және клиникалық деңгейде «бөліну» аутизммен көрінді. Яғни, бұл шизофренияның маңызды белгілерінің бірі, «сыртқы әлемнен белсенді кету және ішкі өмірдің басым болуы» деген тұжырым жасайды. Әйгілі «Dementia Praecoxor the group Schizophrenias» (1911) еңбегінде Блейлер аутизмге келесі анықтаманы берді: «ауыр жағдайларда толығымен қиялдауға бет бұрады, онда пациенттердің бүкіл өмірі өтеді, ал, жеңіл жағдайларда біз бірдей құбылыстарды аз дәрежеде табамыз. Мен бұл симптомды аутизм, - деп атадым» деп көрсетеді [97]. Кейіннен E. Минковский (1927) психикалық үдерістердің белгілі сипаттарына қарап «бай» аутизмді және аффективті босаңдықпен сипатталатын «кедей» аутизмді ажыратудың жолдарын көрсетеді. Шизофренияға қатысты аутизмді ол «минус» ретінде емес, басқа өмір ретінде қарастырады. Неміс психиатры және психологы, Тюбинген университетінің профессоры E. Кретшмер аутизмді шизоидтық темперамент динамикасы ретінде қарастырды. Осылайша, E. Minkowski және E. Kretschmer өз еңбектерінде аутизмнің көрінісі

туралы айтты және олардың көзқарастары E. Bleuler берген аутизмнің бастапқы анықтамасынан өзгеше болды. Аутизм термині жүз жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқанына қарамастан, бүгінгі таңда аутизм ұғымы XX ғасырдың басында E. Bleuler берген бастапқы клиникалық анықтамадан өте ерекшеленеді [98]. 1920-1940 жылдарға келетін 2-ші кезеңде аутизмді жүйелі зерттеуге алғашқы талпыныстар болды. 1911 жылы E. Bleuler берген аутизмнің анықтамасы оны шизофренияның клиникалық көріністерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Е. Блейлердің көзқарастарының әсерінен психологияға «аутизм» терминін аффективтіктің рационалдыға үстемдігі ретінде кеңінен түсіндіру енгізілді. Аутизм туралы түсінік балалық шақтың дамуының бастапқы кезеңі ретінде психоанализде толық көрсетілген. Баланың даму үдерісін З.Фрейд (1913) жыныстық инстинктті қанағаттандыру объектілерінің дәйекті өзгерісі ретінде бағалағаны белгілі. Фрейдтің айтуынша, нәресте аутист, өйткені ләззат тәжірибесі өз реакцияларымен сыртқы әлемге байланысты емес. Дж. Пиаже өзінің алғашқы еңбектерінде дәл осындай көзқарасты ұстанды (1923, 1924). Дж. Пиаже үшін бастапқыда егер қоршаған ортаға бейімделу қажеттілігі баланы ләззат қағидатынан шындық қағидатына ауыстыруға мәжбүр етсе, онда аутистік спектр бұзылысы бар балалар ойының логикалық заңдардың әсерінен қалай өзгеретінін көрсету аса маңызды еді [99]. Басқа позицияда бола алмау, басқаларды түсінуге қызығушылық танытпау - эгоцентризмнің барлық осы ерекшеліктері (Дж.Пиаже бойынша), негізінен, E. Bleuler сипаттаған аутистикалық ойлау белгілеріне ұқсас. Бір қызығы, E. Bleuler-дің өзінің аутизмнің даму сатысы ретіндегі басымдылығы туралы ойлары өте қайшылықты ұстанымға ие болды.

Бір жағынан, ол З. Фрейдті аутизмнің алғашқы тұжырымдамасы үшін сынға алды, 2-ші жағынан, логика мен аутизмнің генетикалық тамырлары туралы мәселені талдай отырып, E. Bleuler былай деп жазады: «...естеліктер суреттерімен жұмыс істейтін логикалық ойлауды тәжірибе арқылы алу керек, ал аутистикалық ойлау туа біткен механизмдерге сәйкес келеді». Балалар психиатриясында аутизм ұғымы симптом немесе синдром ретінде алғаш рет ерте балалық шизофрениядан бөлінгеннен бері қолданыла бастады. Алғаш рет Т. Б. Симеон 3-5 жастағы балалардағы шизоидтық психопатияның қалыптасуын қадағалап, олардың аутизммен және нақты әлем объектілеріне деген сүйіспеншілігімен сипатталатынын атап өтті. J. Lutz (1938) балалардағы аутизмді «бос» деп атады, бұл оны төменгі деңгейдегі аутизммен жақындастырды. Көріп отырғаныңыздай, сол кезеңде клиниктердің алдында баланың жетілмеген тұлғасында аутизмнің пайда болу мүмкіндігін дәлелдеу мәселесі тұрды. Шындықтан қашу, бірақ, көбінесе тек монотонды әрекеттермен шектелген өз әлемін құру, балалардағы бұзылулардың бұл түрін аутизмге жатқызуға негіз болды, - дейді E. Bleuler [100]. Осы кезеңде әртүрлі елдерде ауру балалардың сипаттамаларын зерттеген ғылыми еңбектер пайда бола бастады. Олардың психопатикалық көрінісі терминологиялық тұрғыдан аутист ретінде белгіленді. Н. И. Озерецкий (1924), H. Potter (1924) , П. Е. Сухарев (1932), Е. С. Гребельская (1934), С. Галацкая (1935), Л. Бендер (1941), С. Бредли (1942), Л. Каннер (1942)

1943), Г. Аспергер (1944), С. С. Мнухин (1947) және Т. Осипов (1931) аутизмді «пациенттердің сыртқы әлеммен бөлінуі» деп сипаттады, ал В.А. Гиляровский (1938) өз жазбаларында аутизм туралы «өзінің «Мен» сана-сезімін бұзудың бір түрі» деп жазды [101].

Лео Каннер аутизмді сипаттаған сәттен бастап, 3-ші немесе Каннер кезеңі басталады. Ол алғашқы ғылыми негіздемелермен және аутизмнің дизонтогенездің жеке түріне бөлінуімен сипатталады. Дәл осы кезеңде әлемдік деңгейдегі мамандар Лео Каннер мен Ганс Аспергер бұл мәселені зерттеуде және түсінуде маңызды рөл атқарды. Кейіннен көптеген мамандардың клиникалық зерттеу жұмыстары жарық көрді, бірақ Каннер мен Аспергер әлі күнге дейін аутизмді зерттеу саласындағы көрнекті ғалымдар болып саналады. Лео Каннер 1943 жылы «Аутистикалық аффективті байланыстың бұзылуы» мақаласын жариялады, онда ол зерттеу нәтижелерін егжей-тегжейлі айтып, аутизмді синдром деп сипаттады [102]. Мақалада ол 1938 жылдан 1943 жылға дейін байқаған 11 баланың жай-күйін сипаттаған. Осы балалардың барлық жалпы белгілерін көрсетті, олардың негізгілері шамадан тыс оқшаулау, адамдармен кез-келген байланыстан аулақ болу, сөйлеу дамуының бұзылуы және бірдей әрекеттер мен монотондылықты бірнеше рет қайталау тұрақтылығы және бұл ерекшеліктердің көрінісінің бала өмірінің 1-ші жылында байқалатындығы. Сонымен, Л. Каннер 1-ші болып өзі баяндаған балаларда бұрын «балалар шизофрениясы» диагнозы қойылған үлкен балалардағы ерекшеліктердің бар екендігін атап көрсетті. Бұл жұмыс шыққаннан 13 жыл өткен соң, 1956 жылы Л. Каннермен бірге Л. Эйзенберг өзі ұсынған аутизм диагнозының критерийлерін қайта қарап, «Ерте балалық аутизм:1943-1955» мақаласын жариялады. Мұнда ол диагностикалық өлшемдерді біршама қысқартты. 1944 жылы, Каннерге тәуелсіз, австриялық психиатр Ханс Аспергер жасөспірімдер тобының аномалды мінез-құлқының жағдайын сипаттады. Бұл, әлеуметтік байланыс пен қарым-қатынастың бұзылуынан көрінетіндігін айтып, осығын сәйкес «аутистикалық психопат» деген атауды қолданды [103]. Екі психиатр да аутизмді ақыл-есі кем адамдар тобынан және жүйке жүйесінің ауыр бұзылулары бар адамдардан бөліп қарастырып, оны ақыл-ойы бұзылған балаларға қатысты қолданды. Алайда, Аспергер Каннер сипаттаған сөйлеу мен тілді түсінудегі айқын ауытқуларды байқамады. Аутизмді Каннер «аффективті байланыстың бұзылуы» деп анықтаған болса, онда Аспергер аффективті байланыстың болмауымен сипатталатын, бірақ әдетте «эмоционалды сөйлей алмау» арқылы мүмкін болатын жағдай ретінде сипаттаған [104].

XX ғасырдың 50-ші жылдарына қарай АҚШ психиатрлары мамандары арасында аутизмге деген қызығушылық артты. Көптеген дәрігерлер, әсіресе психоаналитикалық теория аясында жұмыс істегендер, ақыл-ойы бұзылмаған балада аутизмнің пайда болуын, онымен болған психо-травматикалық оқиғаларды, әсіресе ата-аналар тарапынан балаға жылы, сенімді, мейірімді қарым-қатынастың болмауын түсіндіруге тырысты. Ол кезде басылымдарда мұздатылған ана, суық, ақылды ата-аналар және т. б. терминдер пайда болды. Бруно Беттельхейм «Джо – механикалық бала» мақаласын жариялады. Мұнда ол

аутист баланы өте жабық, бірақ интеллектуалды түрде сақталған және тіпті дарынды деп суреттеді. Бұл зерттеуде аурудың дамуының негізгі себебі ретінде ата-аналардың балаға деген көзқарасы анықталады. Балаларда аутизмнің пайда болуын айыптаған Бруно Беттелхейм теориясы батыста 1970 жылдардың ортасында, осы саладағы жаңа медициналық зерттеулер Каннер айтқан аутизмнің бастапқы биологиялық табиғатын растағанға дейін танымал болды [105].

1960 жылдары аутизмді, оның этиологиясын, диагностикасын және емін түсінуде үлкен өзгерістер болды. Осы жылдары психоаналитиктер аутизмнің негізгі «емі» ретінде психотерапияның тиімділігіне күмән келтірді. Содан кейін С.Б. Ферстер 1961 жылы «Аутист балалардың мінез-құлқының жағымды өзгерістері және жеткіліксіздігі» атты еңбегінде олардың мінез-құлқы мен сөйлеуіндегі көптеген ауытқуларды модификациялау (түрлендіру) бағдарламасы бойынша жүйелі сабақтар арқылы азайтуға және дұрыстауға болады деп ұсынды [106].

С. Ферстер кез-келген елде аутист балалардың мінез-құлқы қарым-қатынас нысаны болуы мүмкін екенін және осындай адамдарға қатысты «Сіз неғұрлым сау адамға барабар сөйлесуге үйрене аласыз» атты қызықты байқау туралы атап өтті. Ферстердің жұмысы аутист балалардың мінез-құлқын өзгерту тәсілін ұстануға және оны іс жүзінде қолдануға түрткі болды

1964 жылы американдық психолог Бернард Римланд «Балалар аутизмі: Синдром және оның жүйке мінез-құлық теориясындағы маңызы» [107] туралы кітабын шығарды. Бұл кітап аутизм мәселесіне деген көзқарастарды өзгертуге бетбұрыс болды. Онда автор аутизм және ұқсас бұзылулар туралы әлемдік әдебиеттерді талдады, сонымен қатар аутизмге органикалық мидың бұзылуы ретінде қарайтын көзқарасты негіздеді. Сонымен бірге, зерттеуші ғалымдар Эрик Шоплер мен Роберт Рейхлер, аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен оған жақын қарым-қатынас бұзылыстарын түзетумен және оқытумен айналысатын алғашқы мемлекеттік орталықты ашқанын атап өту керек. Э.Шоплер мен Р. Рейхлердің бақылаулары мен жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, аутизмнің себебі ата-аналардың балаларға деген жаман қарым-қатынасы емес, керісінше мидың органикалық аномалиясының әлі де белгісіз болып отырғандығын растады. Ми патологиясын тану туралы бұл тұжырымдар аутизмі бар адамдарда танымдық қабілеттердің дамуына ықпал ететін ерекше қолайлы жағдайлар жасау қажеттілігін көрсетті [108].

Осыдан кейін бүкіл әлемде аутизм саласында зерттеулер жүргізіліп, аутизмі бар адамдарға көмек көрсету қоғамдары құрыла бастады. 1977 жылы М. Фолштейн мен М. Раттер аутизмнің генетикалық факторларын растау үшін алғашқы жүйелі зерттеу жүргізді. Американдық ғалымдар С.Чесс, С. Корн және Ф. Фернандез сол жылдары аутизмнің себептерінің бірі ретінде нақты инфекцияларды зерттеді. 1979 жылы Е. Дейкин мен Б. Мак Махон жүктілік кезінде ананың ағзасындағы жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын зерттеді және оларды да балада аутизмнің пайда болу себебі ретінде қарастыруға әрекеттенді [109].

Алайда, бұл ғалымдардың еңбектері аутизм дамуының инфекциялық гипотезасын растамады. 1987 жылы аутизм мәселелеріне нейробиологиялық, генетикалық және фармакологиялық зерттеулерге шолу жасау жарияланды. Мидың көптеген басқа бұзылуларынан айырмашылығы, аутизмнің молекулалық, жасушалық немесе жүйелік деңгейлерде нақты бірыңғай механизмі жоқ екендігі анықталды. Осы уақытқа дейін ғалымдар аутизм тұжырымдамасының артында не тұрғанын нақты біле алмай, бірыңғай түсінікке ие емес гендердің мутациясына байланысты бірқатар бұзылулар немесе әртүрлі механизмдерден туындаған бұзылулардың үлкен тобы деп көрсетіп келді.

Аутистік спектр бұзылысы бар баланың сыртқы ортамен араласуының бұзылуы оны қиналуға алып келетін байланыстардан қорғайтын, баланың сыртқы әсерлерден тез зақым алып қалушылығына мүмкіндік бермейтін аутистік кедергінің, аутизмнің қорғау гиперкоменсациясының түрлері – стереотиптіктің және аутостимуляцияның қалыптасатындығын көрсетеді. В.В. Лебединский, О.С.Никольская, Е.Р. Баенская, М.М. Либлинг аутистік спектр бұзылысы бар балалармен аффективті байланысты қалыпқа келтірудің біртұтас тәсілін ұсынады [110].

– алғашқыда қысым көрсетудің, тікелей байланыстың болмауы;

– балаға алғашқы жақындықты адекватты түрде оның белсенді деңгейінде ұйымдастыру;

– өзіндік жағымдылықты қалыптастыру;

– баланың дағдылы түрде қалыптасатын қанағаттанушылығын түрлендіру, өзіндік қуану жағдайларын дамыту;

– баламен аффективті байланысқа (эмоционалдық әрлендірілген) түсуге деген қажеттілігін асықтырмау;

– байланыстың түрлерін қиындатуды баланың байланысқа деген қажеттілігі бекітілгеннен соң, яғни ересек адам ситуациядағы жағымды аффективті орталық болып қалыптасқаннан кейін бастау қажет;

– қиындатуды қалыптасқан түрлердің құрылымына жаңа тетіктерді кіргізу арқылы күрделендіру;

– байланыстарды мөлшермен жүзеге асыру;

– баламен аффективті байланыс қалыптасқаннан кейін ол біртіндеп сене бастайды, сондай жағдайда оны жақын адамдармен жанжалға килігуден сақтандыру қажет;

– байланыстың қалыптасуы барысында ол өзінің назарын үдеріске аударып, өзара бірігіп жүзеге асырылатын байланыстарға сенімділікпен қарай бастайды.

Ленинград психиатриялық мектебінің профессоры, ресейлік ғалым С. Мнухин де аутизм мәселесіне баса назар аударды. Ол және оның серіктестері ондаған балаларға тексеру жүргізіп, зерттеу барысында ғалымдар ғылыми әдебиеттерде сипатталған белгілерді анықтады. Зерттеу жүргізілген аутистік спектр бұзылысы бар балалар өз өмірлерінің алғашқы жылдарынан бастап әлсіреу немесе қоршаған ортамен толық байланыспау, затқа, құбылысқа қызығушылықтары мен жеткілікті эмоционалды реакцияларының болмауымен

ерекшеленді және олардың мақсатты әрекеттері байқалмады. Барлық балаларда жақсы дамыған сөйлеу тілі, бай сөздік қордың бар екендігі атап өтілді, бірақ бұл қарым-қатынас үшін қолданылмайтыны сөз болды, онда эхолалия (эхолалия - грекше эхо-дыбыстың жаңғыруы, лалия- сөйлеу. Басқа бөтен сөздерді автоматты түрде қайталау көп орын алды [111].

Моторика саласында олар көбінесе дәрменсіз, ұзақ уақыт киінуді үйрене алмады және көмекке мұқтаж болды. Олар өздерімен жиі сөйлесетін, эмоционалды реакциялардың жиі кездесетін жағдайлары болған, мысалы, қозғалмайтын, күлімсіреу және себепсіз күле беру. Дәл осы бақылаулардың негізінде ерте балалық аутизм балалық шизофрения шеңберіне енгізілді және Ресей зерттеушілері үшін ұзақ уақыт бойы бұл көзқарас заңды болып саналды. Психиатрлар балалық аутизм синдромын Манифестке дейінгі жағдай ретінде қарастырды және оған қарсы нәтижелі белгілер пайда болуы мүмкін екендігі ескерілмей, балалар психиатриясында ерте балалық аутизм, ерекше, тәуелсіз ауру туралы мәселелер тіпті талқыланбады. Ресейде психологиялық зерттеу пәні ретінде аутизм Батысқа қарағанда мүлдем басқа көрініске ие. Жоғарыда айтылғандай, аутизм жеке синдром ретінде қарастырылмады, бірақ шизофрениялық бұзылулар аясында (Г.Е.Сухарев, В.М. Башина, К.С. Лебединская, И.Д.Лукашова, С.В.Немировская), кейде мидың органикалық патологиясымен байланысты (С.С. Мнухин, Д.Н. Исаев, В.Е. Коган) зерттелді [112]. Тек 1977 жылы КСРО ПҒА Дефектология ғылыми-зерттеу институтының жанынан АСБ кешенді түзету бойынша арнайы эксперименттік топ құрылды. Онда дәрігерлер, психологтар мен дефектологтар бірлесіп жұмыс істеді және жұмыстың негізгі мақсаты аутизмді клиникалық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан түзету жүйесін дамыту болды. 80-ші жылдардан бастап Ресейде аутизм мәселелерін зерттейтін жеке зертханалар мен практикалық орталықтар құрыла бастады. Сонымен, Мәскеуде Дефектология институтында қазіргі уақытта жұмыс істейтін К.С. Лебединскаяның басшылығымен аутист балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша ғылыми-практикалық бағыт құрылды. Санкт-Петербургте психотерапия институтында В.Е.Коганның басшылығымен аутист балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс жасайтын арнайы топтар ұйымдастырылды. Онда психиатрлар, психологтар, психотерапевтер, арт-терапевттер, музыкалық терапевттер, логопедтер, дефектологтар жұмыс істеді.

Осы жылдары аутизм саласындағы жетекші мамандар К. С. Лебединская мен О.С. Никольскаяның басшылығымен АСБ (аутистік спектр бұзылысы) құрылымындағы бұзылыстардың 2 түрі анықталды: 1) аутизм; 2) стереотиптік мінез-құлық. Олар аутизмді АСБ белгілерінің бірі ретінде қарастырады. Сондай-ақ, олар аутизмнің көріністері өте кең және әртүрлі спектрге ие болатын RDA классификациясын жасады. Бұған өте ауыр симптомы бар балалар, соның ішінде алалия (алалия - баланың сөйлеу қабілетінің бұзылуы [113] және ақыл-ой кемістігімен қатар әлеуметтік белсенді, жоғары функционалды аутисттер де, қарым-қатынас, қызығушылықтың төмен деңгейімен ерекшеленетін дамудың бұзылуының басқа да көріністері барлар да кіреді. Жіктеу сонымен қатар

аутизмді төмен, орташа және жоғары деңгейдегі функционалдылық, ақыл-ой ерекшелігі, сондай-ақ балаға қажетті әлеуметтік және педагогикалық қолдаудың дәрежесі мен көлеміне қарай бөлді. Аутизм мен аутизм спектрінің бұзылу терапиясы, оларды зерттеу тәсілдері бойынша батыстық және ресейлік психиатриялық және психологиялық тәжірибеде әртүрлі зерттеулер болды. Ресейлік тәжірибеде аутизм шизофрениялық спектрдің бұзылуы болып саналатындығына және қарастырылатындығына байланысты ересектерде автоматты түрде шизофренияға айналады, дәрі-дәрмектермен емдеу және балаларды арнайы оқыту әдістері басым болды.

4-ші кезең - 1980-1990 жылдар Л. Каннердің аутизмге деген көзқарастарынан алыстауымен ерекшеленетін аутизмді зерттеудің ғылыми мектебі (Башина, Пивоварова, 1970; Башина, 1980; Мнухин, Зеленецкая, Исаев, 1967; Римланд, 1964; Канат, 1976; Руттер, 1972; Гилберг, 1992) болды. 1967 жылы орыс психиатры С. С. Мнухин және оның әріптестері органикалық аутизмді зерттеді. 1975 жылы зерттеушілер М. Ш. Вроно, В. М. Башина ерте балалық аутизмнен кейінгі шизофренияға мән берді. Авторлар алғаш рет Каннер аутизмінің маңызды ерекшелігін, атап айтқанда, дамудың кідірісінің ерекше асинхронды түрін сипаттай алды. Балалардағы біркелкі емес даму белгілері, атап айтқанда психикалық, сөйлеу, моторика, эмоционалды дамудың бұзылуын да анықтады.

Қарапайым функцияларды күрделі функциялардың ығыстыруының физиологиялық құбылысының бұзылуын (Башина В. М., 1974, 1979, 1989) арнайы зерттеді. Сол кезеңде аутизмнің өкпеден ауыр формаларға дейін өзгергіштігі анықталды. Каннер бойынша аутизм синдромының шизофрениялық шығу тегі ерте балалық аутизмге жақын болды. Каннердің ерте балалық аутизміне тән асинхронды дамудың белгіленген құбылысында оның басқа тектегі аутизм белгілері бар дамуы бұзылған барлық түрлерінен басты айырмашылығы болды, бұл АСБ диагностикасы мен болжамы үшін маңызды.

Қазіргі тәжірибеде физикалық және әлеуметтік байланыстың бұзылуын диагностикалаудың негізі Лаура Винг триадасы деп аталатын 3 негізгі бұзылушылықты бағалау болып табылады: олар әлеуметтік өзара әрекеттесу саласындағы сапасыз қатынас; ауызша және вербальды емес қарым-қатынас саласындағы және қиял саласындағы әлсіз қатынас; белсенділік пен қызығушылық түрлерінің шектеулі әрекеттері. Бұзылушылықтардың бұл триадасына әлеуметтік өзара іс-әрекет, коммуникация және қиял салаларындағы жеткіліксіздіктер кіреді. Л. Винг аутизм спектрі бұзылған адамдардағы осы бұзылулардың салдары - бұл мінез-құлықтың қатаң моделі, оның ішінде тұрақтылықты сақтауға деген ұмтылыс, стереотиптік қозғалыстар, шектеулі мүдделер және т.б. белгілер әр балада әр түрлі көрінетіндігін қарастырған. Сонымен қатар, мінез-құлық моделінің әртүрлі аспектілері әр баланың жасына байланысты өзгеруі мүмкін. Әдетте, 1 бала барлық сипаттамалық белгілерді бір уақытта немесе бірдей дәрежеде көрсетпейді (1991). Мұның бәрі Л. Винг енгізген «аутизм спектрінің бұзылуы» тұжырымынан көрінеді.

Ресейде аутизм проблемасымен келесі ғалымдар: В. Е. Каган (1976); К. С. Лебединская, О. С. Никольская (1991); Д. Н. Исаев (1967) және т.б. айналысты.

О.С. Никольская зерттеулерінде ерте балалық аутизмнің ерекшеліктеріне байланысты 4 топты бөліп көрсеткен:

І-ші топ - олар сыртқы ортадан айқын бөлінген балалар;

ІІ – ші топ - бұл топтың балалары біршама белсенді және олар қоршаған ортамен байланыста осал болып табылады және олардың аутистік деңгейі аз, олар әлемнің көп бөлігінен, балаға қолайсыз кез-келген байланыстардан бас тарту ретінде көрінеді;

- аутистік спектр бұзылысы бар балалардың ІІІ – ші тобы сыртқы көріністерде, ең алдымен аутизмді қорғау тәсілдерімен ерекшеленеді, олар ерекше бөлінбейді, қоршаған ортаны қатты қабылдамайды;

- аутистік спектр бұзылысы бар балалардың IV- ші тобындағы аутизмге тән нәрсе ретінде оның ең қарапайым нұсқасында және 1-ші кезекте қорғаныстың және осалдықтың жоғарылауы, байланыстағы тежелу, қарым-қатынас формаларының дамымауы, баланың зейінін шоғырландырудағы және ұйымдастырудағы қиындықтарды атауға болады [114].

1981 жылы АҚШ-тың балалар психиатры Мариан де Майер «жоғары функционалды аутизм» терминін енгізді, ал 1986 жылы американдық Балалар психиатры және педиатры Даниэль Коэн «дамудың бірнеше бұзылуы» терминін енгізді [115]. Ресейде және көптеген елдерде халықаралық жіктеу қабылданғаннан кейін 10-шы рет қайта қаралған аурулар (АХЖ-10, 1999 ж.) АСБ-ды психоздар бөлімінен шығарды және қазір «дамудың қарапайым жалпы бұзылыстарына» жатады. АХЖ-10-да ерте балалық аутизммен қатар «атиптік аутизм» жеке ерекше категория ретінде ерекшеленеді. Диагноз қою кезінде мамандар оны АСБ-нан бірнеше, бірақ одан кем емес маңызды көрсеткіштердің бар екендігін ғылыми дәлелдеген. Қазіргі уақытта аутизм синдромының дамуы қарқынды өсіп келеді, бүкіл әлемнің ғалымдары осы синдромның көріністерін зерттеуді жалғастыруда.

Аутизм спектрінің бұзылуын зерттеу тарихы Bonnie Evains (Bonnie Evans, 2013) мақаласында қарастырылады, онда 1911 жылдан 1950 жылға дейін бір-бірінен түбегейлі ерекшеленетін аутизм туралы ғалымдардың көзқарастары салыстырмалы зерттеліп, содан кейін 1960-70 жылдары және одан кейінгі жылдары түбегейлі өзгерістерге, жаңа ғылыми көзқарастардың қалыптасуына әкеледі. Егер 1950 жылдарға дейін ғалымдар аутизмді бақылаушыларға оңай қол жетімді емес тақырыптың символдық «ішкі өмірі» деп санаса (Bleuler, 1950 [116]), онда 1960 жылдардың ортасынан бастап психологтар «аутизм» сөзін осы уақытқа дейін нені білдіретінін сипаттау үшін қолданды. Бұл дегеніміз, 1950 жылдарға дейін аутизм психологтардың есептеуінше нәрестелердегі шамадан тыс галлюцинация және қиял деп көрсетілсе, енді бірқатар зерттеулер, соның ішінде эпидемиологиялық зерттеулер аутисттерде қиялдың жоқтығын анықтайды.

Әлемдегі аутизмнің алғашқы генетикалық зерттеуін жүргізген Британдық Модсли ауруханасы 1972 жылы «аутист балада қиялдау үдерісі жоғары емес, оның жетіспеушілігі бар» деп мәлімдеді (Рутер, 1972) [117].

Эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері және зерттелген дереккөздеріне сүйенер болсақ, Ирландия халқы арасында аутизм спектрінің бұзылуының (АСБ) таралуын бағалауда жыныстық белгілері бойынша айырмашылықтардың да аутизмнің таралу көрсеткіштерінде айтарлықтай әсер еткендігін көрсетеді, Аутизмге ер адамдар әйелдерге қарағанда 4 есе көп шалдығады. Сондай-ақ, қолайсыз аудандарда аутизмнің таралуы мен қызметтерге қажеттіліктің жоғары екендігін көрсететін деректер бар [118]. Сонымен қатар, заманауи зерттеу әдістері аутист балаларда орталық жүйке жүйесінің жеткіліксіздігінің бірнеше белгілерін анықтады.

Украинаның Әлеуметтік және сот психиатриясы ғылыми-зерттеу институтының зерттеулері көрсеткендей, жүктілік кезінде бактерияға қарсы және вирусқа қарсы препараттарды қабылдау аутизм қаупін 4 есеге, инфекцияны 4,2 есе арттырады. Әкелердің кеш жасы, аналардың кеш жасына қарағанда, олардың балаларында АСБ пайда болу қаупін едәуір арттырады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл фактіні 35 жастан асқан ерлерде генетикалық мутацияның тығыздығы осы жастағы әйелдерге қарағанда жоғары екендігімен түсіндіруге болады.

П.Шатмари мен М.Б. Джонстың еңбектерінде аутизмнің бірқатар себептеріне:

- экзогендік-жүктілік кезіндегі зиянды әсерлер;
- аутосомды-рецессивті-әке мен ана гендерінің кемістігі;
- Х хромосоммен тіркелгендік – генді әйелдік жыныстық хромосома әкеледі (Szatmari & Jones,1991) деп көрсеткен.

Көптеген тұқым қуалайтын аурулар аутосомдық рецессивтіліктен туындайды, өйткені медицина саласында жүргізілген зерттеулер оған дәлел. Рецессивті тұқым қуалайтын аурулар әсіресе оқшауланған этникалық топтарда, жақын туыстар арасындағы некелерде жиі кездеседі. Осылайша, медициналық зерттеулер көрсеткендей, Х-байланысқан аурулардағы анормальды геннің Х хромосомасы бар және аурудың себептері болып табылады [119].

Қазақстанда психикалық бұзылулардан туындаған мінез-құлық нормаларынан ауытқудың кез келген көріністері кездесіп отырады. Психикалық денсаулығының бұзылуы бар балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері, ең алдымен, азаматтық қоғам институттарын қызықтырды. Олардың пайда болуымен қоғамда дамудың мінез-құлық нормаларынан ауытқулары бар адамдарға әртүрлі көзқарастардың болуы, осы мәселеде халыққа дұрыс ақпараттың тиімділігі туралы сұрақтар көтеріле бастады. Алайда, әлеуметтік стигматизация қазіргі қоғамда мұндай адамдарға деген ең көп таралған көзқарас болып қала береді. Өзара әрекеттесудің барлық деңгейлеріндегі әлеуметтік стигматизацияның көріністері, соның ішінде кәсіби, отбасылық, тұлғааралық бар проблеманың күрделілік дәрежесін және әлеуметтік жұмыс, медицина, психология және т.б. саласындағы кәсіби кадрлардың өткір жетіспеушілігін көрсетеді. Өз балаларына осындай көзқарастың пайда болуы ата-аналардың жеке әлеуетінің жеткіліксіз деңгейімен, білім мен мәдениеттің төмен деңгейімен, әлеуметтік және психологиялық өзін-өзі бағалаумен байланысты болуы мүмкін.

Медицина қызметкерлерінің айтуынша, аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар 2008 жылдан бастап невропатологтардың қабылдауында жиі тіркеле бастаған. Тек мінез-құлықтың ауыр бұзылыстарымен бірге жүретін жағдайларда ғана балалар психиатрларына қаралу орын алған. А.Т.Досованың еңбегінде «балалар психиатриясы» бөліміне қатысты стигматизацияның кездесетіндігі қарастырылды [120]. Қазақстанда ресми статистикалық деректер бойынша (статистика 2010 жылдан бастап жүргізілуде) аутистік бұзылулар спектрінен диагнозы бар адамдардың саны 2010-2012 жылдар аралығында тиісінше 1,4% -ды құрады; 100 мың балаға шаққанда 1,3 және 2,3 баладан келсе 2022 жылғы деректе АСБ бар балдардың санының 2 есеге өскендігін көруге болады.

Бала мүгедектігінің алдын алу мақсатындағы профилактикалық жұмыстар туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі балалардың психофизикалық денсаулығына ерте скрининг жүргізуге жауапты медициналық ұйымдармен жүргізіледі. Бұдан басқа негізгі міндеттері ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды ерте анықтауға (бұдан әрі– ЕББҚ) бағытталған жалпы білім беретін, арнайы немесе жеке оқу бағдарламаларының тиісті органдарының ұсынысын бейнелейтін психологиялық – медициналық - педагогикалық кеңес беру (бұдан әрі - ПМПК) үлкен рөл атқарады. ПМПК деректері бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепте туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі 161 826 бала тұр, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1,1 есе көп (141 821 бала).

Жыл сайын елімізде ЕББҚ бар балаларға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға білім беру қызметтерін және түзеу арқылы қолдау көрсететін арнаулы білім беру ұйымдарының желісі ұлғаюда. 2020-2021 оқу жылының басындағы жағдай бойынша елімізде 403 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді [121].

ҚР БҒМ арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының деректері бойынша 2020 жылы педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері (ППТК), оңалту орталықтары желісінде, ел бойынша 42 мыңнан астам бала түзету-педагогикалық қолдау алған.

Айта кету керек, инклюзивті және арнайы білім беру бойынша нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан түзетумен балаларды қамту көрсеткіштерін жақсарту және кадрлық қамтамасыз етуді шешу мақсатында ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды ерте анықтау (ЕББҚ), оларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бөлігінде өзгерістер енгізді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру қызметінің нормалары қайта қаралды. ПМПК қызметінің «медициналық» моделінен «әлеуметтік-педагогикалық» моделіне көшу бойынша жұмыстар жүргізілуде. ПМПК функциясына баланы білім беру ұйымына қабылдағанға дейін білім беру ұйымдарында арнайы жағдайлар жасауды болжауға мүмкіндік беретін ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды ерте анықтау бойынша (ЕББҚ) білім беру маршрутының мониторингі енгізілген. Сондай-ақ ПМПК ұсынатын психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру бойынша Мемлекеттік қызмет автоматтандырылуда.

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т.б. саласындағы Ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілуде, оның шеңберінде ЕББҚ бар балаларды бірыңғай есепке алу жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, әлеуметтік қорғау, ЕББҚ бар балаларына, оның ішінде мүгедек балаларға және оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға білім беру саласындағы жағымды динамикаға қарамастан, балаларды медициналық оңалтуды жетілдіру (ерте скрининг және ерте араласу), ерекше білім берілуіне қажеттілігі аутистік спектр бұзылысы бар балаларға ерте түзеу-педагогикалық қолдау көрсету - кезек күттірмейтін мәселе болып қала береді.

Балалар аутизмі дертінің, аутистік спектр күйзелісінің (АСБ) әлемдік және отандық ғылымда зерттелуіне шолу жасай отырып, аутизм мәселесінің Батыс Еуропа елдерінде және АҚШ-та өте өзекті екендігін көруге болады. Лео Каннердің «ерте аутизмі бар балаларға» (1943) тән белгілерге назар аударғанына 80 жылға жақындады. Содан бері аутизмнің пайда болуы туралы көзқарастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Аутизммен байланысты проблемалардың ішінде аутизм тұжырымдамасы, таралуы, этиологиясы, белгілері, түзету, оқыту, қоғамға интеграциялауды бөліп көрсетуге болады.

Американдық аутизм қауымдастығының пікірінше, «аутизм» термині әдетте өмірдің алғашқы 3 жылында көрінетін био-неврологиялық сипаттағы терең туа біткен бұзылуды білдіреді. Аутизм мидың құрылымы мен функцияларының бұзылуымен байланысты деп есептеуге мүмкіндік беретін жеткілікті негізделген гипотезалар бар. Аутизмі бар адамдар қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу функциясын өрескел бұзады, дамудың біркелкі еместігі байқалады, музыка, математика сияқты шектеулі салаларда жоғары қабілеттерін көрсеткенімен, қарапайым өмірлік дағдылар мен олардың терең бұзылуымен үйлеседі. Аутизммен ауыратын көптеген адамдарда ақыл-ой кемістігі және сенсорлық бұзылулар сияқты қатар жүретін бұзылулар бар.

Ұлыбританияда «аутизм» ұғымын түсіндіруде тілдік қиындықтарды баса көрсетеді. Атап айтқанда, Elizabeth Newson (1991) аутизмді ғаламдық байланыстың бұзылуы ретінде анықтайды, онда кез-келген ауызша құрылыстың тілдік құрылымының бұзылуы (немесе мағынаны бөлу) басты рөл атқарады. Ілеспелі факторлар ретінде ол аутист баланың экспрессивті, ым-ишара сөйлеу, бет-әлпеті, пантомимика және семантикалық жүктемесі бар дене қимылдарының басқа түрлерінде қиындықтар бар екенін айтады. Сонымен қатар, ол еркін диалогты және оның тақырыпқа және жағдайға сәйкес өзгеруін қамтитын тілді практикалық қолданудың әлеуметтік қиындықтарын көрсетеді. Бұл бұзылыстың шынайы мәні барлық коммуникативті модульдерді кодтаудың және декодтаудың мүмкін еместігінде, афазияға қарағанда (кодтау мен сөйлеудің мағынасын түсінудің бұзылуы, бірақ мимика мен ым-ишара емес) немесе дислексияға (жазбаша сөйлеудің бұзылуы) қарағанда анағұрлым ауыр патологияға әкеледі.

Орташа статистикалық деректер бойынша әлемде аутизмнің таралуы 10 мың жаңа туған нәрестеге шаққанда шамамен 4-5 жағдайды құрайды, яғни шамамен - 0,05%. Алайда, бұл сан тек «классикалық» аутизмді немесе Каннер

синдромын қамтиды. Бұл деректерді аутизмге ұқсас көріністермен салыстырғанда,мінез-құлықтың басқа түрлерін ескерген жағдайда, көрсеткіш айтарлықтай жоғары болады. Әр түрлі елдерде «классикалық» аутизм жағдайларының саны айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Мысалы, 90-шы жылдардың аяғындағы канадалық зерттеушілердің мәліметтері бойынша (S. E. Bryson және т.б., 1988) ол 10 000 балаға шаққанда 10 аутист баладан немесе (0,1%) өскен. Олардың көрсетулері бойынша аутист балалардың 75% - ы ақыл-ой кемістігі бар балалар болып табылады. АҚШ-тың Юта штатындағы зерттеушілер (E. Ritvo және басқалар, 1989) бүкіл халыққа, яғни шамамен 1,5 миллион адамға қатысты аутизмнің 241 жағдайын анықтады, бұл 10 000 балаға шаққанда 4 аутист баладан немесе (0,04%) көрсеткіш берген. Дәл осы зерттеулер бойынша балалардың 66%-ында ақыл-ой кемістігі бар, ал 3,7%-ында Даун, Санфилипп, Ретт және т.б. синдромдары бар екендігі көрсетілген. Ирландиялық ғалымдардың мәліметтері бойынша (Мак-Карти және басқалар, 1984), аутизмнің пайда болу жиілігі 10 000 балаға шаққанда 4,3 баладан немесе (0,04%), Жапон психологтары 10 000 балаға шаққанда 13-16 жағдайды немесе (0,15%) анықтап берді (Т.Сугияма, Т. Абе, 1989). Жапондықтар өз елінде аутизм жағдайларының көбеюінің себептерінің бірі ретінде ауыр неврологиялық бұзылулары бар нәрестелерді тірі қалдыратын заманауи медициналық технологияларды атайды.

Неміс және швед ғалымдарының зерттеулеріндегі мәліметтер бойынша бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен: 10 000 балаға шаққанда 2-ден немесе (0,02%). (Н.С. Стейнхаусен және басқалар, 1986; С. Гилберг, 1984). 246,9 миллион адамы құрайтын АҚШ-тағы аутист адамдардың жалпы саны шамамен 111 000 адамды немесе (0,04%) құрайды. Статистикалық айырмашылықтарға қарамастан, авторлардың көпшілігі аутизмді көптеген зерттеулерге сүйене отырып, 1970 жылдан бастап 10 000 адамға шаққанда 4,5-тен немесе (0,05%) жинақтады және бұл саннан ауытқулар аутизм диагнозының критерийлеріне байланысты емес, әр түрлі елдерде таралуының нақты ауытқуларына байланысты деп дәлелдейді. Жыныстық айырмашылықтарға келетін болсақ, барлық авторлар аутизмнің қыздарға қарағанда ұлдарда 2,5-4 есе жиі кездесетіндігімен келіседі.

Аутизм бүкіл әлемде, нәсіліне, этникалық тобына және әлеуметтік ортасына қарамастан кездеседі. Аутизм диагнозы қойылған бірнеше баласы бар отбасылар өте сирек кездеседі, алайда генетикалық себептерге байланысты бір отбасында аутизмі бар 5 баланың оқшауланған жағдайы тіркелген.

Зерттеулердің басым көпшілігінде аутизм құбылыстардың осы санатына тән этиологиясы бар ауру ретінде емес, атиптік мінез-құлық сипаттамаларының жиынтығы ретінде көрінетін синдром ретінде түсініледі.

Аутизмнің даму себептерінің арасында бірнеше жиі кездесетіндері де бар: фенилкетонурия, қызамық, ішек аурулары, сондай-ақ жүктілік кезіндегі химиялық әсерлер. Әлсіз Х хромосома синдромы мен аутизмнің болуы арасында сенімді статистикалық байланыс бар. Ерте жүктіліктің алғашқы кезеңіндегі ауыр инфекциялар да аутизм көріністерінің себебі болуы мүмкін. Аутизмнің бірқатар рецессивті генетикалық модульдермен байланысты түрлері бар.

Аутизмді диагностикалау кезінде келесі негізгі белгілер ескеріледі:

– ауызша және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларының өрескел бұзылуы;

– тербеліс, қозғалтқыштың бұзылуы, бастың шайқалуы, саусақтардың қозғалуы сияқты обсессивті қозғалыстар;

– қоршаған орта мен оның өзгеруінен қорқу;

– көзге тигізбеу;

– объектілер мен ойыншықтармен жұмыс істеудің ерекше (дәстүрлі емес) тәсілі, ойын қиялының жеткіліксіз дамуы;

– әлеуметтік дамудың өрескел бұзылуы;

– зияткерлік мүмкіндіктердің шектеулілігі.

Аутизмі бар баланың жеке басының дамуындағы көптеген ауытқулар авторлардың еңбектерінде қарастырылады, атап айтқанда, бұл физикалық, әлеуметтік және оқу дағдыларының баяу немесе жеткіліксіз дамуы; сөйлеу ырғағының қалыптаспауы; сөйлеу мағынасын түсінудің шектелуі; тілдік формалардың жеткіліксіз қолданылуы; сөйлеу, есту және тактильді бейнелерді қабылдаудың жеткіліксіздігі, ауырсыну және координацияның бұзылуы.

Осы уақытқа дейін ең өткір 2 негізгі сұрақ қарастырылады:

1-сі аутист балаларда ақыл-ойдың сақталуына қатысты,

2-сі жетекші симптомды анықтау. 1-ші сұрақты шешкен кезде көптеген авторлар аутизмі бар балалардың көпшілігін жеке дағдыларды игеруде белгілі бір қабілеттерін көрсете алатын ақыл-ойы бұзылған адамдарға жатқызады. 2-ші мәселе бойынша, Л.Каннерден (1943) бастап, аутизмнің жетекші симптомы басқа адамдармен эмоционалды қарым-қатынастың жоқтығынан немесе күрт төмендеуінен көрінетін мінез-құлықтың бұзылуы болып саналады. Ғалымдар арасындағы негізгі қарама-қайшылық коммуникативті бұзылулар немесе танымдық іс-әрекеттегі ақаулардағы белгілерді анықтауды дұрыс жүргізбегеннен деп есептейді. Көбінесе қарым-қатынастың бастапқы бұзылуы мінез-құлықтың басқа түрлерінің құрылымына кедергі келтіреді деген пікір бар. Зерттеушілер көбінесе танымдық саланың бұзылуын негізгі, жетекші жеңіліс деп атайды. 1-ші бағыттың ең көрнекті өкілдерінің бірі M. Rutter (1983). Ол коммуникативтік жетіспеушілікке қатысты пікірді қолдайды және бұл жетіспеушілік, оның пікірінше, белгілі бір танымдық үдерістердің бұзылуына байланысты.

Аутизм диагнозы қойылған балалардың барлығы бірдей «патологиялық» мінез-құлықты көрсете бермейді. Мінез-құлық бұзылыстарының тереңдігі айтарлықтай өзгеріп отырады және оның көріністерінің ауырлығы жасына қарай да ажыратылады. Бұл диагнозды одан әрі күрделендіреді, өйткені бұл баланы «аутист» немесе «жоқ» деп айтуды қиындатады. М. Рутердің пікірі бойынша (1983) ғылымда аутизмдегі мінез-құлықтың ерекшелігін анықтайтын үдеріс туралы білім жеткіліксіз. Аутизмдегі танымдық жетіспеушілік мәселесін, оның мінез-құлық бұзылысымен байланысын егжей-тегжейлі зерттегенге дейін оған толық анықтама беру мүмкін емес. Осы уақытқа дейін терминологияда ғана емес, сонымен қатар дифференциалды диагностикада да, аутизмнің шығу себептеріне,

балалар психозымен, шизофрениямен, ақыл-ой кемістігімен және т.б. байланыстылығына қатысты ғылыми көзқарастардың бірлігі жоқ.

1.2 АСБ бар балалардың әлеуметтену үдерісінде әлеуметтік-психикалық дамуының ерешеліктері және әлеуметтік оңалтудың мәні

Әлеуметтену үдерісі - ол адамдардың қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетімен тығыз байланысты жеке адамның жинақталған тәжірибені игеруінің және кейіннен белсенді түрде қолдана білуінің нәтижесі болып табылады, [122]. Онда тұлғаның қоғамға бейімделуі мен оның қоғамнан оқшаулану дәрежесі арасындағы ішкі, толық шешілмеген қайшылықтар қамтылады. Демек, әлеуметтену - бұл екі сипаттаманың белгілі бір тепе-теңдігі [123]. Әлеуметтену, ең алдымен, адамдармен қарым-қатынас орнатуды білдіреді. Әлеуметтенудің маңызды компоненттерінің қатарына қоғамда бекітілген нормаларды, қарым-қатынас ережелерін және мінез-құлықты қабылдау (немесе қабылдамау) жатады.

Әлеуметтенудің негізгі салаларының ішінде белсенділік пен қарым-қатынас ерекшеленеді. Типтік дамуы бар балалардың оқу орындарына баруы, құрдастарымен қарым-қатынас жасау кезінде әлеуметтік рөлдерді белсенді түрде меңгеру, қоршаған әлем туралы түсініктерін, қажетті өмірлік білімдерді, дағдыларды, арнайы дағдыларды қалыптастыруы байқалады [124].

Әлеуметтенуді тұлғаның әлеуметтік жүйеге бейімделу үдерісі ретінде түсіне отырып, Т.Парсонс бейімделу механизміне басты назар аударады [125]. Аутистік ауытқулардың түрлі қиыншылықтарға әкелетіндігіне байланысты мұндай балалары бар отбасылардың оларды қоғамға бейімдеуі мен әлеуметтендіруінде бірқатар қиыншылықтар бар. Оларды жеңу әлеуметтендіру үдерісіне кешенді тұрғыдан келуді талап етеді. Жалпы психологиялық және физикалық дамуында кемшілігі бар балалар Кеңес үкіметі тұсында арнайы мекемелерде тұрып емделді. Қазіргі уақытта бұл жағдай әлемдік қауымдастықта көптеп сынға ұшырауда. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың бейімделуінде эмоционалдық жақындыққа негіделген психологиялық қатынастардың маңызды рөл атқаратындығын баса айту қажет. Әлеуметтік өзара әрекетке түсу олармен арадығы осы психологиялық кедергіні біртіндеп жеңуге бағытталады. Сондықтан да, аутист дертіне байланысты диагноз қою уақыты да балалардың ары қарай әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Оларды өзін қоршаған әлеуметтік ортаға шығарып, қоғамға бейімдеу үшін өз әлемдерінен алып шығу қажет. Бұл жағдай педагогтың аутист балалармен тынымсыз жұмыс жүргізіп, олардың әлеміне енуіне, сенімдеріне кіруіне байланысты. Бұл орталық нерв жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін сенсорлық интеграцияның методикаларын, құм терапиясы методикасын, массаж жасауды, психотерапиялық көмектің, жануарлардың көмегімен жүзеге асырылатын түрлерін, дельфинотерапия, иппотерапияны т.б. қолдануды талап етеді.

Қазіргі кезеңде әлеуметтенудің негізгі институттары барлық балаларда әлеуметтік сау тұлғаны қалыптастыруда толық рөл атқара алмайды, өйткені олардың қызметі бастапқыда тек сау балалардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған [126]. Бұл, ең алдымен, аутист балаларды әлеуметтендіру

мәселесі, олардың адамдармен, бейтаныс адамдармен де, жақын адамдарымен де қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысы мен қажеттілігінің болмауымен байланысты.

Әлеуметтік ортаның олар үшін жеке мағынасы жоқ. Ақыл-ой мен эмоционалды-еріктік әрекеттің ерекшелігімен байланысты танымдық белсенділіктің болмауы немесе төмендеуі негізінде қарым-қатынас жасауды қаламау - мұндай балалардың әлеуметтенуіне, олардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына кедергі келтіреді.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендірудегі қиындықтарды тудыратын тағы бір фактор - әртүрлі дәрежеде және әртүрлі комбинацияларда көрінетін коммуникативті, әлеуметтік, мінез-құлық, бейімделу дағдыларының бұзылуы. Эмоционалды байланыс тәжірибесінің болмауы мұндай балаларға басқа адамдардың тілектерін, сезімдерін, эмоцияларын, реакцияларын тануды үйренуге мүмкіндік бермейді. Бәрінен бұрын, бұл дені сау құрдастарымен қарым-қатынаста қиындық тудырады. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларға барлық адамдар әртүрлі екенін, олардың көзқарастары, жеке пікірлері болуы мүмкін және әркімнің ішкі әлемі бар екенін түсіну және елестету өте қиын.

Басқалармен қарым-қатынастағы қиындықтар қазіргі жағдайды түсінудің болмауымен және олардың мінез-құлқын басқа адамдармен дұрыс байланыстыра алмауымен де байланысты.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту жұмыстарының бастапқы кезеңіндегі негізгі шарт - табиғи қызығушылықтары мен эмоцияларын пайдалана отырып, жүйке жүйесінің жеке ерекшеліктеріне бейімделген қарым-қатынастар жүйесін құру болып табылады.

Баламен өзара әрекеттесу үдерісінде отбасы басым әлеуметтік институт ретінде баланың бірлескен іс-әрекеті мен қарым-қатынасына жүйелі түрде тартылатын жағдайларды қамтамасыз етудің үлкен артықшылықтары мен мүмкіндіктеріне ие. Ең бастысы, өз іс-әрекеті арқылы бала объектіден субъектіге айналады.

Сызба түрінде адамның объектіден субъектіге өзгеру айқындамасы трансформациялық қызмет арқылы келесі ретпен «әлеуметтік қатынастар - әрекет - тұлға» түрінде көрінеді. Отбасындағы әлеуметтік қатынастар (немесе әлеуметтік өзара әрекеттесу) бұл жағдайда қарым-қатынас субъектісі болып табылады, оны А.А. Леонтьев іс-әрекет ретінде қарастырады [127].

Әлеуметтенудің негізгі факторы - адамдармен, ең алдымен анамен өзара әрекеттесу және қарым-қатынас. Аутист бала үшін барлық әлеуметтік жағдайдың негізгі тасымалдаушысы ана болып табылады. Анасымен қарым-қатынас - бұл әлеуметтендірудің жетекші құралы. Әлеуметтенуге айтарлықтай әсер ететін қосымша факторлар ретінде баланың үй жануарларымен, құрдастарымен қарым-қатынасындағы ұстанымдарын да қарастырған жөн. Отбасының даму кезеңі мен отбасылық атмосфера баланың дамуын баяулатуы мүмкін, сонымен қатар оның жеке басын қалыптастыруда қайталама

ауытқулардың (алаңдаушылық, қорқыныш) болуы әлеуметтену үдерісінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Отбасы мүшелерінің бір-біріне және баланың өзіне деген көзқарасын өзгерту ерекше баланың әлеуметтенуі мен қалыптасуында басты орын алады. Аутист балаларды әлеуметтендіруде «орта факторы» өте маңызды.

Ананың баламен қарым-қатынасын, ана-бала жүйесін қалыптастыру өзара іс-әрекет ассимиляциясы мен даралану негізінде дамиды. Анасы 1-ші жағынан аутистік спектр бұзылысы бар балаға мінез-құлық үлгісі ретінде әрекет етеді; 2-ші жағынан, балаға қоғамда жеке тұлға болуға мүмкіндік береді.

Индивидтің әлеуметтену үдерісін негізгі танымдық механизмдер қатарына жататын болғандықтан, еліктеп отырған объектіге ұқсауға тырысу оның дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл мәселе туралы айта келе бірқатар ғалымдар еліктеудің эмоционалдық қуат алу көзіне айналатындығына сенімді, өйткені басқа адамның кейпіне қарап, соны ұқсата салуға әрекеттену ұқсас түрдегі эмоцияны сезінуге алып келеді [128].

Балалар жеткілікті деңгейде тәжірибелері де жоқ, ересектерге тәуелді, қоғамның әлсіз деңгейде бейімделген және аз қорғалған топтарының қатарына жатады. Аутизм дерті балалардың әлеуметтік қатынастарға ену деңгейінің қиындығымен, психикалық дамуындағы артта қалушылықпен сипатталатындықтан олардың түрлі жағымсыз әсерлерді тез қабылдап отыратындығын көрсетеді. Әлеуметтік орта баланың дамуына жақсы әсер етіп, оның көңіл-күйінің көтерілуіне немесе даму үдерісінің тежелуіне себепші болуы мүмкін.

Түзету және дамыту жұмыстарына ата-аналардың тікелей және тұрақты қатысуы жақсы нәтиже көрсетеді. Ата-ананың түзету үдерісіне қатысу құбылысы өзінің тиімділігіне байланысты әлеуметтік қызметкерлер, психологтар мен педагогтардың зерттеу объектісіне айналуда. Нәтижелер зерттеушілерді таң қалдырады: ата-аналардың аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оқытуға қосқан үлесі арқасында танымдық, сөйлеу, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдылары сәтті дамуда [129].

Е.Н. Васильеваның зерттеуінде ақыл-ой дамуы тежелген балаларға ананың тәрбиелік әсерінің теріс аспектілері көрсетілген. Аналардың тәрбиесі мен қарым-қатынасының жетекші сипаттамасы «жанжалдан жалтару» екендігі көрсетілген [130]. Қарым-қатынастың бұл түрі мен оның негізгі мазмұны сұрақтар мен нұсқауларға дейін азаяды. Яғни, мұндай баланың анасының оның қиындықтарына терең бойламауы, оларды байқамауы, оны жалғыз қалдырады, бұл өзара әрекеттесудің оқшауланған түріне әкеледі.


Эмоционалды тұрғыда А. А. Реан және басқа да зерттеушілер ананың баланың қажеттіліктеріне сезімталдығы және оларды қанағаттандыруға дайындығы, ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыстың қалыптасуына тікелей әсер ететінін атап өтті. Ананың баламен эмоционалды қарым-қатынасы оның психикасының дамуына әсер етеді және әлемге, адамдарға, өмірлік жағдайларға, өзіне жағымды немесе жағымсыз қарым-қатынастың қалыптасуын анықтайды.

Эмоционалды қол жетімділік, ананың эмоционалды өзара әрекеттесуге, эмоционалды қолдауға дайындығы, нәзіктік пен сүйіспеншілікпен қамқорлық, өзара әрекеттесу жағдайына қарамастан түсіну, мақұлдау аутист баламен түзету-тәрбие жұмысының, оның денсаулығы мен әл-ауқатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [131]. Толық әлеуметтенуге кедергі келтіретін фактор ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланыстың болмауы екенін атап өткен жөн.

Коммуникативті қабілеттер мен әлеуметтенуді дамытуды қиындататын мінез-құлықтың өз заңдылықтары мен стереотиптері бар. Сондықтан мінез-құлық реакцияларының спектрін кеңейтетін жаңа өзара әрекеттесу жағдайларын қосу қажет. АСБ бар баланың әлеуметтенуінің интеллектуалды деңгейін ескере отырып, «бала – ана» өзара әрекеттесуіне талдау АСБ бар баланың әлеуметтенуінде интеллектуалдық тұрғыдан сәттіліктің көп бөлігі ананың көзқарасына байланысты екенін нақты дәлелдейтін жағдайдың бар екендігін атап өткен жөн.

Г.А. Егорованың зерттеуі «ата-ана ұстанымдарының» сапасы ақыл-ой дамуы тежелген балалардың әлеуметтенуінің сәттілігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Бұл ұстанымдар АСБ бар балаларға да қатысты. Этикалық, адамгершілік және сөйлеу деңгейлеріндегі эмоционалдық қарым-қатынас АСБ бар балалардың әлеуметтенуіне тікелей ықпал етеді. Қарым-қатынас, Г.А. Егорованың көзқарасы тұрғысынан, «қамқорлықтың теңдестірілген деңгейі, баланы жағымды қабылдау, онымен ынтымақтастыққа бағытталған, тіпті эмоционалды-позитивті көзқарастағы» конструктивті ата-аналық ұстанымдармен және оларға тән көріністермен байланысты [132].

Осылайша, егер біз микросоциум шеңберіндегі әлеуметтену үдерісін қарастыратын болсақ, онда АСБ бар балалардың әлеуметтену элементтерін түсінудің нақты тізбегін көруге болады (сурет 3).



Сурет 3 - Әлеуметтену элементтерін меңгеру кестесі

Ескерту – Дереккөз [81,с. 5] әдебиет негізінде автормен дайындалған

Ананың (А) басқа науқас баламен (БНБ) өзара әрекеттесуі оның АСБ бар баланы (АБ) сырттай бақылауы, оны қарым-қатынасқа одан әрі қосуы, өзіне қатысты салыстыру және проекциялауды қамтиды. Сызбада ананың АСБ бар

баласы шетте қалады, өйткені ол ұзақ уақыт бойы тек бақылаушы ретінде қалып, өзімен өзі бола алады және адамдарды заттармен қатар қабылдай алады.

Алайда, адамдарға мұндай немқұрайдылықпен қарау баланың басқалармен қарым-қатынасында эмоционалдылықты қажет етеді. Қорқыныш, белгісіздік, түсінбеушілік оны басқарады. Бала өзін және қорқынышын жеңе бастағанға дейін уақыт өтеді. Жақын адамдардан болатын көмек «өз әлемінен» нақты әлемге шығу үдерісін тездетіп, ауырлықсыз өтуі мүмкін. Бірақ мұнда баланы әлеуметтік бейімделуге, сезімге, эмоцияларға және басқа адамдардың ішкі әлеміне байланысты жаңа сынақтар күтеді. Сондықтан әлеуметтену элементтерін ассимиляциялау үдерісі қарқынды өсуі керек. Осы кезеңде ана қамтамасыз ететін эмоционалды қолайлы жағдайларда әлеуметтік қабылдаудан басқа, АСБ бар бала қарым-қатынастың эмоционалды аспектілерін түсіну қабілетін дамыта алады. Сондықтан, байланыс үлгілерін күрделендіруді «ересек адам жағдайдың жағымды аффективті орталығына айналған кезде, балада байланыс қажеттілігі бекітілгеннен кейін ғана» бастауға болады [133]. Ананың басқа науқас балаға қатынасы өз АСБ бар баласы үшін басқа адамдармен қарым-қатынас орнатудың үлгісі ретінде қызмет етеді.

Жақын адамның басқа науқас балаға деген қарым-қатынасының сапасы аутист баланы осы қарым-қатынасты өзіне деген көзқараспен салыстыру үшін қажет. Өзіне деген қарым-қатынасты жобалаудың маңыздылығы ана мен бала арасындағы симбиозды бір уақытта жою болып табылады. Ананың немесе жақын ересек адамның басқа сау адамдармен қарым-қатынасы (АСБ) АСБ бар балаға қоғамдағы нақты қарым-қатынастың мысалы болып табылады.

Бұл өзара әрекеттесуді қабылдау ананың басқа ауру балаға қатынасы арқылы бұзылады, осылайша АСБ бар баланың өзіне деген көзқарасы проекцияланады. Бірте-бірте АСБ бар бала әлеуметтік шындықты түсінеді, өзінің және басқа адамдардың мүдделерін байланыстыру және заттарға объективті қарау қабілетін қалыптастырады. Бұл қабілет АСБ бар баланың танымдық дамуы үшін өте маңызды, содан кейін ол балаға эмоционалды интеллект саласына қатысты дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, онсыз басқалармен толыққанды әлеуметтік өзара әрекеттесу мүмкін емес.

Осылайша, уақыт өте келе АСБ бар бала айналасындағылардың арасында өзін сенімді және тыныш сезіне бастайды, ал анасымен симбиотикалық байланыс әлсірейді. Бала үшін отбасы, отбасының басқа мүшелері жеткілікті түрде қауіпсіз, бірақ сонымен бірге дамып келе жатқан ортаны қамтамасыз ету үшін назар аудару, шыдамдылық пен мейірімділік атмосферасын сақтау аса қажет. Ата-аналардың баламен дұрыс қарым-қатынасының болмауы әлеуметтік және танымдық дамудың өзекті аймағының мазмұнын қамтамасыз етпейді [134].

Оқу және ақыл-ой дамуы қарым-қатынас пен тиімді өзара әрекеттесудің дамуымен тығыз байланысты. Бұл жағдайда ата-аналар өзекті даму аймағынан тиімді даму аймағына көшуді қамтамасыз етуі керек. Ата-аналармен толық қарым-қатынас болмаған жағдайда әлеуметтену динамикасы, әлеуметтік және танымдық дамудың келесі сатысына көшу болмайды.

Балалармен қарым-қатынастың бастамашысы - ересек адам. Қарым - қатынастың негізі тірегі ересек адамның баланы қабылдауы болып табылады, ал баланың қарым-қатынасқа деген ықыласы болуы үшін ең қолайлы жағдайлар жасалуы керек [135].

С.А. Печерскаяның айтуы бойынша: «талап ететін ережелер мен күнделікті сақталатын тәртіп баланы сенімді етеді, оның консерватизміне күмән келтірмейді, бала үшін қауіпсіз кеңістік жасайды және өзін-өзі басатын ұстанымдарды тежейді» [136]. Бұл жұмыс әлемді таныстырумен, ойлау мен сөйлеуді дамытумен, ойын әрекетімен, әлеуметтік бейімделумен және жалпы түзету жұмыстарымен тығыз байланысты [137].

Өз зерттеуінде В. А. Степанова эмоционалды дамуында кешігуі бар баланың өміріндегі туысқандардың маңызды рөлін атап өтті. Балаға қатысты ата-аналық құрылымдағы өзгерістер (оқиғаларды жеке түсіндіру) отбасының өмірлік циклінің сатысына, баланың реакцияларына және мамандар балаға диагноз қойғанға дейін болған құрылымдарға байланысты болады.

А.Р. Кудашевтің отбасылық хронотоптық сипаттамалары ата-аналардың баласының типтік емес дамуына қатынасын қалыптастыруға да әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, ата-аналардың әртүрлі реакцияларына қарамастан, ол баланың қазіргі жағдайына емес, болашаққа баса назар аударады [138]. Бұл жерде ата-аналарға маман психологтың көмегі қажет екенін атап өткен жөн, ол бала әлемінің ішкі көрінісі мен даму ерекшеліктеріне байланысты оның жағдайы арасындағы шекараны анықтау бағытында жұмыс жүргізуі керек.

Психологиялық терапия үдерісінде ата-аналар, ең алдымен, өздеріне (мысалы, отбасындағы аутизм) және балаларға (қайталама аутизм) зиян келтіруі мүмкін конструкцияларды өзгертуді үйренуге мәжбүр болады. Әлеуметтену үдерісінің позитивті динамикасын АСБ бар баланың айналасындағы адамдармен эмоционалды, интеллектуалдық, белсенді қарым-қатынас субъектісі (авторы) ретінде қалыптасуымен анықтауға болады.

Егер отбасының түзету-тәрбие жұмысын және АСБ бар баланы кейіннен әлеуметтендіру үдерісіндегі орталық рөлін ескеретін болсақ, онда жұмыстың ерекшелігі көптеген факторлармен анықталады, олардың негізгілері:

1.мамандандырылған кешенді медициналық - психологиялық-педагогикалық түзетуді неғұрлым ерте бастау мақсатында балада аутистік бұзылулардың ауырлығын, тереңдігін анықтау;

2. ата-аналар арасындағы мінез-құлық қатынастарын, тұлға аралық қатынастарды өзгерту.

Бұл жағдайда өзгерістер олардың эмоцияларын, сөйлеуін, ойлауын, бір-біріне қатысты пәндік әрекеттерін қайта қарауға байланысты. Ата-аналардың балаға қатысты мінез-құлқының өзгеруі, оған бейімделу, аутизм спектрінің бұзылуының ауырлығы мен тереңдігіне байланысты бейімделу қабілетімен (оқытумен) байланысты. Өзара әрекеттесу үдерісінде ата-аналардың эмоционалды фонын, сөйлеуін, ойлауын, пәндік іс-әрекетін реттеуге байланысты өзгерістер балаға оң әсер етеді.

Ғылыми қоғамдастық эмоционалды өмірді түсіну саласына аз үлес қосқанына қарамастан, таным үдерісі эмоцияларға байланысты екенін мойындайды [139]. Осылайша, ата-ананың баламен эмоционалды қарым-қатынасы баланың әлеуметтік, танымдық және эмоционалды дамуы үшін түбегейлі маңызды.

Ата-аналардың эмоционалды жетілуі мен АСБ бар балаларды әлеуметтендіру үдерісін зерттеумен байланысты тәжірибелерге сүйенетін болсақ, эмоционалды құзыреттілік пен эмоционалды бірлескен іс-әрекет үдерісінде негізгі қарым-қатынас дағдылары дамып, әлеуметтік өзара әрекеттесудің жағымды тәжірибесі қалыптасатындығы расталды.

Ата-аналардың эмоционалды жетілуі баланы әлеуметтік дамуытуда айтарлықтай алға тартады, бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу мен әлеуметтену дағдыларын одан әрі жетілдірудің негізі болады. Бірлескен іс-әрекет үдерісінде, ересектер тарапынан сезімтал, эмоционалды оң қолдау болған жағдайда, аутизмі бар немесе аутизм спектрінің бұзылуы бар балада әлеммен белсенді қарым-қатынас тәжірибесі жинақталады, бұл басқалардың мінез-құлқын жақсы түсінуге ықпал етеді.

Ерекше баланы триадаға қосу (ана-әке-бала немесе ата-ана-бала) оның басқа адамдардың ниеті мен қарым-қатынасын түсіну қабілетін дамыту үшін өте маңызды. Атиптік дамуы бар баланың триадалық байланыстарға деген қызығушылығы триаданың барлық қатысушыларының эмоционалды қатысуы жағдайында сақталады және оған қарапайым өзара әрекеттесуден гөрі күрделі байланыстарға қатысу тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Сонымен, АСБ бар баланың әлеуметтену үдерісінің отбасының үлкен үлесі ата-аналардың баланың эмоцияларын анықтау және оған жауап беру қабілетімен, отбасылық қатынастарды үйлестіруге деген ұмтылысымен, эмоционалды қарым-қатынаспен және балада сенімді қарым-қатынас пен қауіпсіздік сезімін қалыптастыратын эмоционалды өзара әрекеттесумен байланысты.

Отбасындағы тұрақты эмоционалды орта баланың өмірі мен ішкі әлемінің тұрақтылығы сезімін қалыптастырады, бұл өз кезегінде балаға сыртқы әлемді қауіпсіз деп болжауға және оған сенуге негіз береді [140]. Ата - аналардың үйлесімді отбасылық ортаны қамтамасыз етуі - ерекше баланың жан-жақты дамуына және әлеуметтенуіне көмектеседі. Бұл жағдай оның танымдық қызығушылығында көрініс тауып, бірлескен іс-әрекет үдерісіне белсенді түрде қатысуына мүмкіндік береді және пассивті, аралас және белсенді түрдегі 3 түрлі жұмыс әрекетін сипаттайтын өзгерістермен бірге жүреді.

1-ден, бұл баланың ересектердің іс-әрекетін бақылайтын пассивті жұмыс түрі. 2-ші кезеңде, аралас жұмыс түрі, ата-аналар пәндік іс-әрекеттерді және таңдалған қарым-қатынас стилін үнемі және бірнеше рет қайталағаннан кейін, бала ересектердің эмоцияларын, әрекеттерін, мінез-құлқы мен сөйлеуін «айнаға» түсіре бастайды (қайталайды). Коммуникативті қабілеттер мен әлеуметтенудің 3-ші кезеңінде АСБ бар бала өзінің шығармашылық өнімінің авторы болады. Бала өз эмоцияларын, әрекеттерін, ойлауын, сөйлеуін шығара бастайды және ата-аналарына, содан кейін басқаларға қатысты өзгереді.

Бірлескен іс-шаралар, ортақ құндылықтар мен мақсаттарға қатысу сезімінен басқа, типтік емес дамуы бар баланы мәселені бірлесіп шешу үшін өз іс-әрекеттерін серіктестің іс-әрекеттерімен үйлестіруге үйретеді. Бұл балада әлеуметтену үдерісіне ықпал ететін біреудің көзқарасын және біреудің тәжірибесін қабылдау қабілетін дамытады. Сондай-ақ, АСБ бар баланың құрдастарымен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін талдау керек. Осы өзара іс-қимылдың ерекшеліктеріне талдау жүргізу қажеттілігі бірқатар себептерге байланысты:

1. құрдастарымен қарым-қатынас баланың басқа типтегі әлеуметтік топқа кіруіне байланысты;

2. жаңа байланыс арналары пайда болады;

3. әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары қалыптасады.

Р.Д.Тригердің ғылыми зерттеулеріне сәйкес, АСБ бар балалар құрдастарының мінез-құлқына сирек қызығушылық танытады, олардың іс-әрекеттерін бақыламайды, оларға түсініктеме бермейді. Балалар құрдастарының реакциясы мен бағалауына, олардың эмоцияларына және көңіл-күйіне бей-жай қарамайды, сондықтан оларда «құрдастарымен қарым-қатынаста артықшылық жоқ, тұрақты жұптар, қарым-қатынас топтары жоқ» [141].


Басқа балалар (құрдастар) көбінесе АСБ бар балалар үшін жеке мағынасы жоқ объектілер (егер олар отбасы мүшесі болмаса). Зерттеушілер психикалық дамуы тежелген балалардың эндогендік топтарда қарым-қатынасты қалайтындығын атап өтті. Басқа адамдарды, олардың сезімдерін, ниеттерін түсінбеушілік, әсіресе құрдастарымен қарым-қатынасты қиындатады. Бұл ретте, қарым-қатынаста аңғалдық, мінез-құлқында өзіне назар аударту мен мақұлдау үшін әртүрлі әрекеттер байқалады.

Бірлескен ойын әрекеттеріне деген ынтаны сақтай отырып, АСБ бар балалар әлеуметтік ойын әдістерінің қалыптаспауына байланысты құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Өзара әрекеттесудің нәтижесі әлеуметтік-коммуникативтік бағдарланбаған, бейімделмеген ойын емес мінез-құлық болып табылады. АСБ бар балаларда сананың символдық-белгі функциясының бұзылуына байланысты құрдастарымен әлеуметтік өзара әрекеттесу қиын болуы мүмкін.

Аутист немесе АСБ бар балалар символдық функцияның генезисін бұрмалайды, бұл АСБ бар балалардың таңбаларды түсіну қабілетімен, сонымен қатар оларға қосымша мағына бере алмауымен байланысты. Бұл бұзылушылықтың нәтижесі символдық модельдейтін іс-әрекеттің дамымауы, сондай-ақ коммуникативті мінез-құлық пен жалпы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің дұрыс қалыптаспауы болып табылады.

АСБ бар балалар құрдастарымен қалай ойнауды білмейді, әлеуметтік байланыстардан аулақ болады, өзара әрекеттесудің бастамашысы бола алмайды және өзара әрекеттесу кезінде оны қолдай алмайды. АСБ бар балалар үшін құрдастармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі анамен немесе отбасымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі сияқты маңызды емес, бұл құрдастарының өзара әрекеттесу әрекеттеріне реакцияның болмауымен байланысты.

Әлеуметтік сигналдарды қабылдау мүмкіндігінің болмауы - әлеуметтік белсенді құрдастар ұсынған ортада тиімді өзара әрекеттесу ықтималдығының төмендеуіне әкеледі. Бұл АСБ бар балаларды әлеуметтік кеңістіктің толық қатысушылары ретінде қалыптастыру үшін балалардың әлеуметтік дағдыларды игеруіне ықпал ететін арнайы технологиялар мен бағдарламаларды қолдануды қажет етеді. Сонымен, біз кейбір авторлардың баланың аутизмімен немесе АСБ бар балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы ережелерін келесі схема бойынша қысқаша қарастырдық (сурет 4).



Сурет 4 - АСБ бар баланың басқалармен қарым-қатынасы

Ескерту – Дереккөз [91,с. 6] әдебиет негізінде автормен дайындалған

АСБ бар баланың құрдастарымен өзара әрекеттесу үдерісінде туындайтын қиындықтарын анықтай отырып, мыналарды бөліп көрсету керек, атап айтқанда Т. Петерстің ұстанымынан, аутист баланың айналасындағы шындықтың шекарасын, тәртібі, мағынасы жоқ шатастыратын өзара әрекеттесетін оқиғалар түрінде ұсыну [142]; А. Франческо ұстанымынан қорқыныш, сөйлеу қабілетінің бұзылуын, стереотиптің болуын әлеуметтік қарым - қатынасқа кедергі келтіретін мінез-құлық ретінде қарауды [143]; О. С. Никольская, Е. Р. Баенская, М. М. Либрингтен аутист баланың реактивті жүйеде болуын, оның АСБ бар балаға ықпалын [144] қарастырған. Сондай-ақ, АСБ бар баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне назар аудару қажеттілігі туындайды.

Аутист баланың қоршаған ортадағы басқа адамдармен қарым-қатынасының қалыптасуының өз ерекшелігі бар. Мұғалімдермен, басқа «бейтаныс» ересектермен өзара әрекеттесуі, қарым-қатынасқа түсуі, сөйлеуі оның белсенділігінің төмен деңгейімен сипатталып, көбінесе ыңғайсыздық сезіммен ерекшеленеді.

Е.С. Слепович зерттеулерінде психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың туыс емес ересектерден сирек көмек сұрайтындығын көрсетті. Мұнда ситуациялық қарым-қатынас басым болып, ол минималды сөйлеу тұжырымдамаларын, мимикалық және тактильді құралдарды тартуды

талап етеді, ал эмоционалдық қызығушылық танытатын қарым-қатынасты және өзара әрекеттесуді жалғастыруды қажет етпейді [145].

Жеке балалар мекемелеріндегі әлеуметтену, жаппай бірге келу, мектепке дейінгі мекемелердің интеграцияланған топтары АСБ бар баланың жалпы және зияткерлік даму деңгейіне байланысты тиімсіз немесе тіпті психотравматикалық болып табылады. Бала «стандартты емес» құрдасын қабылдауға және оның танымдық іс-әрекетінің ерекшелігін, сөйлеуінің дамуын, мінез-құлқының ерекшеліктерін көре отырып, өзін оқытуға дайын емес адамдар қоғамына түседі. Бала өз кезегінде ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасағысы келмейді, өйткені көбінесе ол өзіне бағытталған сөйлеуді түсінбейді немесе қабылдамайды және қарым-қатынас жасау үшін білімі де, тиісті дағдылары да жоқ. Басқа балалар оны елемейтін сияқты болады.

Өзара түсініспеушілік жанжалды жағдай туғызады. Ұжымда бала өзін бейтарап ұстайды, кейде немқұрайды немесе агрессивті, өзін-өзі көрсетуге тырысады және сонымен бірге танымдық қызығушылықты басатын гиперэмоционалдық шиеленісті сезінеді, бұл, оның дамуын тежейді [146]. Орын алып отырған жағдайды, қарым-қатынас тақырыбын, бір нәрсе туралы сөйлесудің орындылығын түсінудегі қиындықтар, тыңдай алмау, бірдей тақырыптарға назар аудару, басқаларды сынау және өзін-өзі сынаудың болмауы басқа балалармен байланыс орнатуға кедергі келтіреді.

АСБ бар баланың қоршаған орта шеңберіндегі әлеуметтік өзара әрекеттесуінің қиындықтарын анықтай отырып, мыналарды атап өткен жөн:

- кез-келген өзара әрекеттестіктің негізінде жатқан бірлескен назар аударудың мүмкін еместігі (бір семантикалық өрісте әрекет ету қабілеті) [147].;

- К. В. Мининаның зерттеуінде атап өтілгендей, назарды біріктіруге, объектіге жалпы назар аударуға қабілетсіздік, бұл балалық аутизмнің ең алғашқы айқын көріністерінің бірі [148];

- С.И. Клевитов пен О. С. Терентьеваның зерттеуінде атап өтілгендей, басқа адамдарға, негізінен балаларға қатысты бөліну мен немқұрайдылықтың болуы, әлеуметтік байланысты қабылдаудан пассивті бас тарту, қарым-қатынасқа стихиялық әрекеттің болмауы [149].

Негізгі мәселе ата-аналардың дәрі-дәрмекпен емдеудің маңыздылығын емес, мамандармен ынтымақтастық пен түзету жұмыстарына қатысудың маңыздылығын түсінуі. Аутистік спектр бұзылысы бар баланың өмірінің эмоционалды жағын дамытуға және жеке дамуына байланысты арнайы көмек болмаса, алынған білім, қарым-қатынас, әлеуметтік бейімделу және әлеуметтену дағдылары жүзеге асырылмайды [150].

Мамандармен бірлесіп жұмыс істеу, оның ішінде жекеленген саладағы мамандардың (дефектолог, психолог, логопед, эрготерапевт) кеңес беруі және олардың ұсынымдарын орындау, оқыту, когнитивті және коммуникативтік дағдыларды дамыту әлеуметтік бейімделу үдерістерін жеделдететіні сөзсіз. Баланың микросоциумда, яғни жақын адамдарымен бірге отбасында қарым-қатынас жасауды қалауы үшін уақыт қажет болады [151].

С.А. Печерскаяның айтуы бойынша, «эмоционалды байланыс орнату және баланың жағдайы, қалауы, тәжірибесі, мүмкін, қорқынышы туралы «Кері байланыс алу» мақсатында баланың айналасындағы адамдардың өзара әрекеттесуінің бірыңғай стратегиясын жасау қажеттілігі аса маңызды [152]. Жағымды динамикамен 3-тен 6 адамға дейінгі шағын топта баланың әлеуметтенуінің басталуы туралы айтуға болады.

АСБ бар баланы әлеуметтендіруді шындықты бұрмаламай қабылдауды қалыптастыруға бағытталған аутист балалармен түзету жұмыстары келесі психикалық үдерістерді және эмоционалды жетілген тұлғаның негізгі компоненттерін дамытуды қамтитындығын атап өтуге болады:

1. өзін өзі тану;
2. қоршаған ортаны қабылдау;
3. өзін-өзі жетілдіру.

Өзін-өзі тану баланың бар бейімділігі мен қабілеттеріне негізделген ішкі мүмкіндіктерді пайдалану болып табылады. Жүйелі түзету және оңалту жұмысының нәтижесінде баланың өзін, жағдайын және айналасындағы әлемді қабылдауының танымдық стереотиптері өзгереді. Сайып келгенде, аутистік спектр бұзылысы бар баланың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, әлеуметтену үдерісін қалыптастыруды қамтамасыз ету, тек ата-аналармен ғана емес, сонымен бірге басқа адамдармен, әсіресе құрдастарымен өзара әрекеттесу нәтижесінде басты мақсатқа қол жеткізуге болады.

Отбасының жағдайы қоғамдағы рухани-моральдық климатқа тікелей байланысты. Қазіргі күзеліске толы жаһандану жағдайында қоғамдағы рухани дағдарыстар отбасындағы эмоционалдық байланыстардың төмендеуіне алып келуде. Ауру баланың дүниеге келуі отбасы үшін үлкен күйзелістік жағдай болып табылады. Ал, бұл балаларды күтіп баптау көп уақыттар бойы ата-аналарды өзіндік күйзеліске түсіретін жағдай. Ата-аналардың күйзелістік ситуацияларға түсуі тек қана баланың ауру болғандығынан да емес, сонымен қатар қоғамда осындай адамдарға қатысты қалыптасқан стереотиптерге байланысты. Мұндай отбасылар балаларының адекватты емес мінез-құлығына байланысты қоршаған адамдардан оқшауланып бөлектеніп жатады. Ата-аналар арасында қарым-қатынастың бұзылуы, сонымен қатар ер адамдардың барлық қиыншылықтарды әйел адамға артып отбасынан кетіп қалу жағдайлары да көп орын алады.

И.Б. Карвасарская өзінің «Шет жақта. Аутист балалармен жұмыс тәжірибелерінен» деген еңбегінде былай деп жазады: «Баланың аутизмін жаза немесе «крест», сонымен қатар баланың оңай емес өмір жолында оған қалай тиімді көмек көрсетуге болады деген ниеттен туған, өзіңнің де дамуың үшін қажетті стимул ретінде қабылдауға болады. Оның жетілуі үшін көмектесе отырып, өзің де жетілесің. Бүкіл өмір бойына қиналып, ситуацияны өзгермейді деп қабылдауға, күш жұмсамауға да болады. Бұл таңдауды әрбір ата-ана өзі жасайды». Автордың көзқарасынша, қоршаған адамдарда, баланың өзінде қалыптасқан психологиялық стереотиптер бар. Бұл нәтижесіздік туралы стереотип. Жақын адамдардың оларға қатысты адекватты емес көзқарасы. Өте

қатты ауру немесе жолы болмаған жан ретінде қарау. Тіпті қарым-қатынастан қашқақтағанның өзінде де олар өздеріне қатысты қарым-қатынасты сезінеді [153].

Қазіргі уақытта аутизмді түзетуге қатысты жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатын 4 негізгі әдіснамалық тәсілді бөліп көрсетуге болады. Олардың концептуалдық негізін салатын келесі әдістер: ABA, TEACCH, Son-rise, пәндік терапия (стимуляция және сенсорлық интеграция) [154]. Аталған әдістердің әрқайсысына тоқталып кететін болсақ, TEACCH әдісі (Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды ақылға келтіру). Бұл әдіске сәйкес аутистік спектр бұзылысы бар балалардың ашу-ызасын тудыруға мүмкіндік бермейтін ерекше жағдайлар жасап, комфортты түрде тұлғалық дамуға әсер ету. Осы әдістің негізінде бүкіл уақыт қатаң күн тізбесіне негізделеді (балаға көмектесу үшін, оның есіне түсіріп отыратын карточкалар дайындалады), сонымен қатар оны қоршаған заттардың тұрақты орындары анықталады. Арнайы коррекциялық сабақтар баланың адаптациясына және педагогпен байланыс орнатуына қажетті жеткілікті түрде ұзақ кезеңді қамтиды. Қысым көрсетіп, белсенді іс-әрекетке мәжбүрлеуге жол берілмейді. Бұл әдіс АҚШ - та кеңінен қолданылады [155]. ABA аурудың күрделі түрлерін түзетудегі мінез-құлықтық модификация әдісі. Бұл әдіс әрбір іс-әрекетті екжей-тегжейлі баланың жадында сақтауына, содан соң олардың бәрін бір ортақ жүйеге біріктіру арқылы күрделі іс-әрекетті жүзеге асыруға негізделеді. Ересек адам жеткілікті қатаң түрде бұл әрекетті жүзеге асыруды басқара отырып, балаға бастама бермейді. Дұрыс іс-әрекет автоматты деңгейге дейін жеткізіліп, дұрыс жасалмаған қимылдар қатаң түрде түзетіледі және дұрысталады. Әдетте, бала бір уақытта бір-бірімен байланысты емес екі - үш дағдыны игереді. Педагог әрбір жаңа дағдылар мен қимылдарды кезең бойынша меңгеріп, күрделілендірудің анық жүйесін қалыптастырады. ABA-ның құрамында көптеген бағдарламалар, олардың ішінде вербальды және вербальды емес имитация, ұсақ және жалпы моторика, заттардың атын атау, тілді түсіну, іс-әрекетті атау, классификация т.б. бар. Шет елдерде ABA методикасын бірнеше мамандар (музтерапевт, мінез-құлық бойынша, дефектолог, арт-терапевт т.б.) бірігіп жүргізеді.

Son-Rise бағдарламасы баланың өзіндік мотивациясына негізделеді. Ересек адам аутистік спектр бұзылысы бар баланың әлеміне еніп, оны жеке бөліктерге бөлмей, оның қайталанып отыратын қимылына мағыналық және жаңа түсініктеме береді [156].

Сенсорлық интеграция және стимуляция әдістемесі дененің бүкіл нервтік жүйелерінен түсетін сигналды мидың қабылдауына бағытталады және сенсорлық қабылдауды жеңілдетуге бағытталған кешенді жаттығулардан тұрады.

Көп жағдайда аутистік спектр бұзылысы бар балалар тұрақты түрдегі психологиялық адаптациялық қолдауды, осы ауруға маманданған мамандардың – дефектолог, психолог, психиатрлардың тұрақты жұмысын қажет етеді. Оларды бейімдеу үдерісінде денешынықтыру да маңызды орынға ие.

Профилактикалық әлеуметтік жұмыс білімдік ағартушылық сипатқа ие болып, білімді жеткізумен сипатталады. Бұл жұмыс мектептерде немесе арнайы орталықтарда ата-аналарға бұл аурудың ерекшелігін түсіндірумен байланысты.

Қазақстан Республикасында балалы болуы мүмкін және балалы болғысы келетін ер мен әйелдің физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығының дұрыс болуына көңілдің дұрыс бөлінуі қажеттігін зерттеушілер ерекше ескертеді. Әрине, бұл бірқатар аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Аутизмді емдеумен емес түзеу жұмыстарын жүргізумен байланыстыратын мамандар да бар және олардың ойынша, аутизм – бұл ауру емес, адамның күйі. Аутистердің көпшілігі дәрі-дәрмек арқылы емдеуді емес, көңіл қоюды, төзімділікті және арнайы терапияны қажет етеді.

Аутизмді емдеудегі негізгі психотерапия түзету үдерісі барысында жалпы позитивті ортаны қалыптастыру, баланың эмоционалдық сферасын дамыту, коммуникациялық сфераны дамыту және белсені болу, негативизмді түзету, қорқынышты, агрессияны және өзіндік агрессияны түбегейлі өзгертумен байланысты міндеттерді қамтиды.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру мәселесі туралы ақпаратты жүйелеуге, сондай-ақ осы салада алгоритм құруға мүмкіндік беретін бірқатар тұжырымдар жасауға болады.

1. Аутизм күрделі мәселе болып табылады және микросоциум мүшелерінің міндетті қатысуымен медицина, психология, педагогика саласындағы мамандардың келісілген әрекеттерін талап етеді.

2. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендірудің маңызды шарттарының бірі - уақтылы диагноз қою: бұл жағдайда мұндай баланың коммуникативті қабілеттерін қалпына келтіруде және оның қоғамға одан әрі бейімделуінде оң нәтижелер болатыны сөзсіз.

3. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру бойынша жұмыс мұғалімдер мен ата-аналардан педагогикалық әдептілік, шыдамдылық, осындай баламен қарым-қатынасқа ерекше психологиялық дайындық сияқты бірқатар ерекше қасиеттерді талап етеді.

4. Ата-аналардың эмоционалды жетілу деңгейі баланың аутизмін дамытуда басты рөлдердің бірін атқарады. Сондықтан, бұрын зерттеуде әзірленген «аутизмнің дамуына негізделген үдеріске ата-аналық көзқарастардың әсер ету механизмі» ата-аналық ұстанымдарды түзетуде ғылыми негізделген тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

5. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру бойынша жұмыс әдістемесі, біздің ойымызша, жеке бағытталуы керек, бірақ аутизмі бар балалардың әлеуметтік тәжірибені игеру тетіктерін ескере отырып, жан-жақты ғылыми тұжырымдамаға негізделуі керек.

6. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтендірудің қарастырылған факторлары ерекше маңызды. Әр фактордың әрекеті бірнеше механизмдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады (қозғалыс – ассимиляция;

әрекеттер – этикалық және моральдық деңгей; қарым-қатынас – сөйлеу және әрекет; зияткерлік аспект). Бұл жағдайда эмоционалды қарым-қатынас, эмоционалды өзара әрекеттесу, эмоционалды қарым-қатынас жетекші механизм болып табылады. Барлық механизмдердің бірлігі мен эмоционалдық өзара әрекеттесуін және эмоциялармен байланысын атап өткен жөн.

1.3 Жеке бағдарланған тәсіл – аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық негізі

Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл - бұл жас ерекшеліктер, психологиялық мүдделер, мүмкіндіктер, қажеттіліктерді ескере отырып, жеке дамудағы саралау және даралау қағидаларына сүйеніп көрінетін ғылыми тәсіл.

АСБ бар баланы әлеуметтік оңалтудағы тұлғаға бағытталған тәсіл - бұл балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық, кәсіби мүдделерін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, оқуды саралау және даралау үдерістеріне, балалардың жеке дамуына негізделген оқыту тәсілі.

Психологиядағы жеке тұлғаға бағытталған тәсіл клиентті өзара әрекеттесу үдерісіне белсенді, саналы, тең қатысушы рөлінде бекітеді. Клиентпен жұмыс оның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес құрылады. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл арқылы клиентпен жұмысты ұйымдастырудың мақсаты – клиентті қызметтің, таным мен қарым-қатынастың тең құқылы субъектісі, еркін, әуесқой тұлға ретінде қалыптастыру. Мұның бәрі тек жеке тұлғаға бағытталған қағидаға сүйене отырып құрылуы мүмкін.

Баланың даму үдерісінде шартты түрде жалпы 2 жолды бөліп көрсетуге болады – әлеуметтену және даралану. Олардың 1-сі, әлеуметтену, өсіп келе жатқан адамның әлеуметтік мақұлданған идеалдарын, мінез-құлық пен іс-әрекеттің нормалары мен тәсілдерін игеруімен байланысты. Бұл балалардың қоғам туралы, оның мәдениеті мен өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға, олардың әлеуметтік маңызды қасиеттерін дамытуға, бейімделген мүмкіндіктері мен адамдар арасындағы өмір сүру тетіктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Әлеуметтену адамда әлеуметтік-типтік және жекелік ерекшеліктерді қалыптастырады. Жекелік ерекшеліктердің қалыптасуы дараландыру арқылы жүзеге асады. Дараландыру адамда тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Тұлғаға бағытталған тәсіл - бұл баланың өзін-өзі тану және өзін-өзі құру үдерістерін қамтамасыз ету және қолдау, өзара байланысты тұжырымдамалар, идеялар мен іс-қимыл тәсілдері жүйесіне сүйене отырып, оның ерекше даралығын дамытуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттегі әдіснамалық бағыт.

Мәні бойынша, бұл тәсіл кеңестік мектепте бұрын орын алған студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің социоцентрлік моделіне қарсы болып келеді.

1-ден, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл онымен өзара әрекеттесетін мемлекеттік және қоғамдық институттардан гөрі баланың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған.

2-ден, осы тәсілді қолданған кезде маман балаларда әлеуметтік типтік қасиеттерді қалыптастыру үшін емес, олардың әрқайсысында ерекше жеке қасиеттерді дамыту үшін негізгі күш салады.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің қағидаларын төмендегідей келтіруге болады:

1. Өзін-өзі тану қағидасы. Әр баланың зияткерлік, коммуникативтік, көркемдік және физикалық қабілеттерін жаңарту қажеттілігі бар. Оқушылардың табиғи және әлеуметтік мүмкіндіктерін көрсетуге және дамытуға деген ұмтылысын ынталандыру және қолдау маңызды.

2. Жекеленген қағида. Оқушы мен мұғалімнің жеке басын қалыптастыру үшін жағдай жасау - бұл оқу орнының басты міндеті. Баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, олардың одан әрі дамуына барынша ықпал ету қажет.

3. Субъективтілік қағидасы. Даралық тек субъективті өкілеттіктерге ие және шебер адамға ғана тән, оларды іс-әрекетті, қарым-қатынасты құруда қолданады. Баланы сыныптағы өмірдің шынайы субъектісі болуға, оның субъективті тәжірибесін қалыптастыруға және байытуға көмектесу керек. Өзара әрекеттесудің пәнаралық сипаты балаларды тәрбиелеу және оқыту үдерісінде басым болуы керек.

4. Таңдау қағидасы. Таңдаусыз, даралықты және субъективтілікті дамыту, баланың қабілеттерін, өзін-өзі тануын дамыту мүмкін емес. Оқушының тұрақты таңдау жағдайында өмір сүруі, оқуы және тәрбиеленуі педагогикалық тұрғыдан орынды.

5. Шығармашылық пен жетістік қағидасы. Жеке және ұжымдық шығармашылық қызмет оқушының жеке ерекшеліктерін және оқу тобының бірегейлігін анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Шығармашылықтың арқасында бала өзінің қабілеттерін ашады, жеке басының «күшті» жақтары туралы біледі.

6. Сенім және қолдау қағидасы. Баланың сенімі, оған деген сенім, өзін-өзі тануға және өзін-өзі бекітуге деген ұмтылыстарын қолдау шамадан тыс талап пен шектен тыс бақылауды алмастыруы керек.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің 3-ші компоненті - технологиялық компонент профессор Е. В. Бондаревскаяның пікірінше, тұлғаға бағытталған тәсілдің технологиялық арсеналы келесі талаптарға сәйкес келетін әдістер мен тәсілдерді құрайды:

– диалогтық;
– іс-әрекеттің шығармашылық сипаты;
– баланың жеке дамуын қолдауға бағытталу;
– оқушыға өз бетінше шешім қабылдау, шығармашылық, оқу мен мінез-құлықтың мазмұны мен тәсілдерін таңдау үшін қажетті кеңістік, еркіндік беру.

Осылайша, аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс жасаудағы тұлғаға бағытталған тәсіл жеке адамға бағдарлануды, баламен (жеке басын) оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өзара әрекеттесуді қалыптастыруды қамтиды.

Балалардың осы санатымен жұмыс істейтін мамандар: «егер сіз аутизмі бар бір баламен таныс болсаңыз, онда сіз аутизмі бар бір баланы ғана білесіз» деген принциппен жұмыс жүргізеді.

Маманның тұлғаға бағытталған тәсілдің мәні, құрылымы туралы идеяларының болуы - оған осы бағытқа сәйкес нақты сабақтар мен түзету және оңалту шараларын мақсатты және тиімді модельдеуге және құруға, баланың жеке басын, өзін-өзі жетілдіру үдерістерін тиімді қамтамасыз етуге және қолдауға, оның субъективтілігі мен даралығын дамытуға мүмкіндік береді.

Аутистік спектр бұзылысы бар баламен жұмыс істейтін маман ерте балалық аутизмнің клиникалық белгілері мен биологиялық себептерін ғана емес, сонымен бірге осы оғаш бұзылыстың даму логикасын да тани білуі керек. Бұл жерде мәселелердің пайда болу реті, баланың мінез-құлқы өте маңызды. Бұл психологиялық суретті түсіну, тұтастай алғанда, маманға жеке ситуациялық қиындықтармен ғана емес, сонымен бірге психикалық дамудың өзін қалыпқа келтірумен де жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Егер мүмкіндігі шектеулі кез-келген басқа бала үшін әлеуметтік бейімдеу және оңалту мәселесі олардың жаңа дағдыларды, соның ішінде кәсіби дағдыларды игеруімен байланысты болса, онда аутизм жағдайында біз сыртқы әлеммен байланыстың терең бұзылуына байланысты олардың әлеуметтенуі мүмкін еместігімен кездесеміз. Мұның бәрі ерте балалық аутизм синдромы бар балаларды нақты өмірге бейімдеу үшін өте төмен мүмкіндіктер жасайды. Мұның нәтижесі - мұндай балаларды құрдастарынан және айналасындағы адамдардан үйде оқшаулауға алып келеді.

Л.С. Выготскийдің көзқарасына сүйене отырып, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың жеке басының дамуы, өзіндік ерекшелігі, биологиялық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық факторлардың кешенді өзара әрекеттесу үдерісінде қалыптасатындығы туралы айтуға болады. Ғалым ұйымдасқан әсер етудің мәнін жеке тұлғаның дамуына көмектесуден көреді. Осыған орай, ақыл-ой қызметінің әртүрлі аспектілерінде болатын дефективтілікті жеңу мақсатында қолайлы жағдайлар жасау арқылы ересектердің қолдауымен әлеуметтік қорғау және білім беру мүмкіндіктерін белсенді қолдана отырып, әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды одан әрі дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер жасауға болатынын түсінуімізге болады. Қазіргі әлеуметтік жұмыс саласында Л. С. Выготскийдің жеке ерекшеліктерді дамытуға байланысты көзқарастарын қолдану аса маңызды екендігін атап өту қажет. Л.С. Выготский үшін тұлғаны түсінудің кілті талдаудың орталық категориясы ретіндегі белсенділік ұғымы болып табылады. Оның негізінде ғалым жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал ететін белсенді мінез-құлқын түсіндіреді. Бірақ адам тұлғасы баланы қалыптастыратын отбасы мен қоғам құрылымындағы анықтаушы күштердің туындысы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс саласында аутист баланы қоғамға бейімдеу және оңалту технологиялары туралы талқылаулар жасағанда ғалымның баланың жасырын перспективалы мүмкіндіктерін «тиімді даму аймағы», деп атағандығын еске түсіреміз.

Л.С. Выготский бастапқы және қайталама ақаулар ұғымын ойын, оқу және басқа да іс-әрекеттерде баламен түзету және тәрбие жұмысының жүйесін құрудың негіздері ретінде тұжырымдады (1-і ақыл-ой кемістігінің материалдық негізімен байланысты, 2-і патологиялық дамудың салдарына байланысты әлеуметтік ортада ақыл-есі кем баланың алатын орны мен ерекше жағдайының нәтижесі) [157].

Әлеуметтік жұмыс маманының қызметінде келесі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

– аутистік спектр бұзылысы бар бала тәрбиелеп отырған отбасына әлеуметтік көмек көрсету;

– ата-аналармен және ақыл-ойының дамуында дефектісі бар балаға көмек көрсетуге бағытталған қоғамдық саланың мамандарымен бірлесе алдын алу психоәлеуметтік жұмыс жүргізу («психоәлеуметтік» ұғымы әлеуметтік және психологиялық мәселелерді де, өзара әрекеттесудің формалары мен әдістерін де анықтайды, олар бір-бірін толықтырады және мәселені шешудің жолдары мен тәсілдерін көрсетеді);

– аутист баламен жүргізілетін жекелей бейімдеу мен оңалту жұмысының басымдылықтарын анықтау.

Профилактикалық әлеуметтік жұмыс ағарту іс-шараларын, оқыту, білім беру процедураларын қамтиды. Бұл жұмыстың мысалы ретінде мектептерде, арнайы әлеуметтік орталықтарда, бұқаралық ақпарат құралдарында осы аурудың ерекшеліктері туралы әңгімелер жүргізу, арнайы ақпараттар беру, түрлі ситуациялық жағдайларды, қоғамның осал топтарға қатынасындағы стигматизация мәселелерін талқылау арқылы азаматтық сапаларды дамыту, қоғамды рухани тұрғыдан тәрбиелеуге ат салысу.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудегі мақсат – балаға өзіне-өзі қызмет жасауды үйрету, ойынға дайындау және одан шығу кезеңіндегі мінез-құлықты үйрету, сондай-ақ баланың өмірін арнайы ұйымдастырудың күнделікті рәсімдердің барлық элементтерін ең ұсақ бөлшектерге дейін ойластыру. Әлеуметтік орталықтарда ата-аналардың түрлі мамандармен кездесулерін жиі өткізу арқылы баланың тәрбиесін оңтайландыру, эмоционалды қолдау және баламен бірге алға жылжу тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндіктер жасау. Аутистік спектр бұзылысы бар баланы оңалтудағы ең бастысы - емдеу іс-әрекетінен басқа, барлық мамандардың күш-жігерін үйлестіру, баланың даму динамикасын жақсарту үшін оның жағдайын бірлесіп талдау, баланың мәселесін шешуге қатысатын барлық адамдардың тактикасын нақтылау болуы керек.

Психо-әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмыс жеке бағытталған, жүйеленген және құрылымдалған болып табылады, сонымен қатар атаулы, кешенді сипатта болуы тиіс.

Жұмыстың негізгі бөлігі баламен мектепте де, одан тыс жерлерде де жүргізілетін сабақтар. Мұндай сабақтарда аутизм спектрі бұзылған баланы қоғамға бейімдеу және әлеуметтік оңалту үшін мынадай жағдайлар жасалуы тиіс:

– олардың бойында коммуникативтік дағдыларды дамыту;

– оқуға дайындықты қалыптастыру;

– баланы жан-жақты дамытуға мақсатты бағыттау;

– баланың тұратын жерінің, ортасының ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәрбие бағдарламаларын дайындау;

– сабақтан тыс өмірде қажет болған жағдайда сүйемелдеу жолдарын ойластыру;

– үзіліссіз медициналық көмек көрсету;

– отбасы мүшелерін қиын жағдайда аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге дайындау.

Сыртқы әлеммен эмоционалды өзара әрекеттесудің дамуы баланың бойында негативті көзқарастарды азайтуға, агрессивті тенденцияларды жеңуге мүмкіндік береді.

Аутистік спектр бұзылысы бар балада қарым-қатынастың бұзылуы оны ауыр байланыстардан қорғайтын тосқауылдың дұрыс қалыптаспауымен байланысты. Нәтижесінде мұндай баланың осалдығы жоғарылайды және осының нәтижесінде гиперкомпенсациясының формалары - стереотиптер мен аутостимуляциялар дамиды.

В.В. Лебединский, О.С.Никольская аутизм синдромы күйзелісіне ұшыраған балалармен аффективті байланысты қалпына келтірудің бірыңғай тәсілінің ережелерін тұжырымдады:

– бастапқыда болатын қатты қысымдарды азайту қажеттілігі;

– алғашқы байланыстарды балаға, оның белсенді қызметі аясында тиісті деңгейде ұйымдастырудың қажеттілігі;

– оның өзіне тән жағымды қылықтарына қолдау көрсетіп отыру;

– баланың әдеттенген қылықтарын түрлендіріп, оларды өз қуанышыңызбен бөлісу арқылы күшейту қажеттілігі;

– баланың аффективті байланысқа деген қажеттілігін мәжбүрлеудің қажетсіздігі;

– баламен жұмыс жүргізетін ересек адамды жағдайдың жағымды аффективті орталығына айналдырған уақыттан бастап, баламен қарым-қатынастың басқа түрлерін ойластыруға деген қажеттілік;

– қолданыстағы қарым-қатынас түрлерінің құрылымына жаңа детальдарды енгізу арқылы оны бірте-бірте күрделендіруге әкелу;

– қарым-қатынастың мөлшерін білу аса маңызды;

– аффективті байланысқа қол жеткізген кезде бала сенімді бола бастайды және осы уақытта оны жақын адамдармен болатын жанжалдан қорғау керек;

– байланыс орнаған сайын оның назары біртіндеп үдеріске бағытталады, сол арқылы бірлескен байланыс нәтижелеріне сенімділік пайда болады.

Соңғы жылдары мүгедек балаларға көмек көрсету мәселелері бойынша «Практикалық әлеуметтік жұмыс», «Арнайы педагогика және психология» бойынша зерттеулер саны артып келеді. Сонымен бірге, АСБ бар баланы бейімдеу жүйесінің құрылымы мен мазмұны стационарлық және жартылай

стационарлық мекемелер мен халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының практикалық қызметінде өзінің теориялық және практикалық қолдауын табуда.

АСБ баланы оңалтудағы маңызды бағыттардың бірі оларды өз жағдайлары бойынша интеграциялау болып табылады [158].

Көптеген ғылыми дереккөздерде бұл санаттағы балаларды оңалтуды деңгейлік талдаудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Өйткені бұл оңалту үдерісін оның сапалық және сандық сипаттамаларына, даму дәрежесіне сәйкес жүйелеуге мүмкіндік береді. Оңалтудың әртүрлі деңгейлерінің бар екендігін мойындау олардың әрқайсысының ерекшелігі туралы, сондай-ақ ерте балалық аутизмі бар баланың жеке басын әлеуметтік оңалту модельдерінің өзгермелілігі немесе бірегейлігі туралы типтік мәселелер болып табылады.

Бірінші кезең кейде қорқынышқа әкелетін шатасумен сипатталады. Ата-аналардың жағдайы өзін-өзі төмен сезіну, баланың тағдырына деген жауапкершілік, дәрменсіздік сезімі және ата-аналарды толығымен иемденетін және олардың мінез-құлқына табиғи әсер ететін көптеген басқа сезімдермен анықталады. Сезімдер мен жағымсыз эмоциялардың бұл күрделі диапазоны адамдарды өмірдің әдеттегі шеңберінен шығарып, ұйқының бұзылуына, ата-аналар мен олардың айналасындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне әкелуі мүмкін. Негізінен, бұл фаза өте қысқа (белгілі бір жағдайларда бұл фаза мүлдем болмауы немесе бір сәтке созылуы мүмкін). Өздерін болған жағдайға жауапты деп санай отырып, ата-аналар өздерін жағдайды нашарлататын нәрсе жасады деп ойласа, өздерін кінәлі сезінеді. Көбінесе мұндай соққы күйі негативизмге айналады, маман анықтаған баланың проблемаларының шындығын жоққа шығарады. О. С. Никольскаяның көзқарасы бойынша аутистік спектр бұзылысы бар балалардың аналары балаларының мінез-құлқының бұзылуына байланысты (визуалды байланыстың болмауы, мутизм және т.б.) көбінесе өздерін «жаман» аналар деп бағалайды. Бұл жағымсыз қасиеттерді жобалау және өзіне жатқызу «бұл мен жаман анамын, сондықтан бала маған қарамайды, маған күлмейді және т.б.» механизмімен түсіндіріледі. Негативизм және теріске шығару кезеңі отбасы жағдайының *2–ші кезеңі* ретінде қарастырылады және тұтастай алғанда отбасы мінез-құлқының маңызды психологиялық құрамдас бөлігі болып табылады. Теріске шығару функциясы туындаған жағдайда отбасының тұрақтылығының белгілі бір деңгейін сақтауға бағытталған. Осылайша, бас тарту эмоционалды депрессияны, мазасыздықты жоюдың өзіндік тәсілі болуы мүмкін.

Негативизмнің экстремалды түрі - баланы басқа мамандармен тексеруден бас тарту, кез-келген түзету шараларынан бас тарту. Кейбір ата-аналар сенімсіздік білдіріп, кеңесшілер қаншалықты білікті болса да, «дұрыс емес диагнозды» жою, үшін әртүрлі ғылыми және емдеу орталықтарына бірнеше рет жүгінеді. Дәл осы кезеңде (фазада) «дәрігерлердің айналасында жүру» синдромы пайда болады (R. Solomon, 2018).

Кейде осы мақсатқа жету үшін үлкен күш пен қаражат жұмсалуы мүмкін, бұл болашақта одан да көп көңілсіздікке әкеледі. Сипатталған фаза-негативизм және теріске шығару, әдетте, бұл, құбылыс уақытша болып табылады және ата-аналар диагнозды қабылдап, оның мағынасын ішінара түсіне бастағанда, олар терең қайғыға батады. Проблемаларды біртіндеп жүзеге асырумен байланысты

бұл депрессия *3-ші кезеңді* сипаттайды. Дәл осы жерде отбасындағы жағымсыз оқиғалардың көпшілігі орын алады: отбасы басқалармен байланысын үзеді, баланың анасы үнемі депрессияға ұшырауы мүмкін, бұл көбінесе отбасылық байланыстардың әлсіреуіне әкеледі. Дәл осы кезеңде ер адам отбасын жиі тастап кетеді. Сонымен қатар, әр ата-ананың эмоционалды жағдайының тереңдігі мен ауырлығы баланың проблемаларының шындығына ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың өздері осы проблемаларды субъективті бағалауына да байланысты екенін атап өтеміз.

Ата-аналардың маманға, әсіресе баланың проблемалары туралы 1-ші болып анықтаған адамға көмек алу үшін өз бетінше жүгінуі *4-ші кезеңді* білдіреді, кейде «реконвалесценция», деп аталады. Бұл кезең отбасының терең эмоционалды дағдарыстан шығуымен, отбасының әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің басталуымен сипатталады. Осы уақытта ата-аналар жағдайды жеткілікті түрде бағалап, баланың мүдделерін тікелей басшылыққа ала бастайды, мамандармен жеткілікті эмоционалды байланыстар орнату арқылы олардың кеңестерін орынды ұстана отырып жүзеге асыра бастайды.

Отбасының психоэмоционалды жағдайының қай кезеңінде екенін талдау баланы педагогикалық тексеру, ата-аналармен әңгімелесу кезінде ескерілуі керек. В. В. Лешин кең тәжірибелік материалды талдай отырып, науқас баланың тәрбиесін бұзатын негізгі жағдайларды атап өтті:

– ата-аналардың балалармен қарым-қатынасын қалыптастыруда икемділіктің болмауы;

– қарым-қатынастың оңтайлы нұсқасын іздеудің болмауы;

– қарым-қатынастың дәстүрлі түрлерін өз түсінігімізде ұстану (мысалы, бізде солай болды);

– ауру баланың психологиясын білмеу [169].

Ата-аналарға психологиялық қолдауды жүзеге асыру үдерісі ұзақ және міндетті түрде кешенді тәсілді қажет ететіні түсінікті, бұл баланы сүйемелдейтін барлық мамандардың: мұғалімнің, дефектологтың, әлеуметтік педагогтың, психологтың қатысуын қамтамасыз етілгенді нәтижелі болады.

Ата-аналар мен мамандар оңалту үдерісіне серіктес болып, міндеттерді бірлесіп шешкенде балалар әлдеқайда жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндігі анықталды. Кез келген серіктестіктің табыстылығы өзара әрекеттестікке қатысушылардың өзара сыйластық қағидасын және серіктестердің теңдігі қағидатын сақтауға негізделген, өйткені олардың ешқайсысы 2-нен маңызды емес. Сондықтан әлеуметтік қызметкердің ата-анамен жиі кеңескені абзал. Бұл кем дегенде 3 себеп бойынша маңызды.

1-ден, ата-аналарға, айталық, кемшіліктер мен мәселелер туралы ғана емес, баланың жетістіктері туралы айтуға мүмкіндік беріледі.

2-ден, мұндай ақпарат оңалтудың жеке жоспарларын әзірлеуге және қадағалауға көмектеседі.

3-ден, бұл ата-анаға деген құрметті көрсетеді және сенімділік атмосферасын қалыптастырады - табысты қарым-қатынастың кепілі. Әлеуметтік оңалтудың

жеке бағдарламасы әлеуметтік-экологиялық, медициналық, кәсіптік және еңбек құрамдастарын көрсетеді [170].

Тәжірибе көрсеткендей, әкелер аутизммен ауыратын баланың мәселелерін аналарға қарағанда сындарлы түрде шеше алады және олардың баланың мәселелеріне белсенді қатысуы баланы тәрбиелеу үдерісіне ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда отбасындағы психологиялық климатқа да пайдалы әсер етеді.

Ата-аналар семинарлары психологиялық қолдаудың маңызды психотехникалық әдісі болып табылады. Оның негізгі міндеті - ауыратын баланың психологиялық ерекшеліктері, тәрбиесі және отбасылық қарым-қатынас психологиясы туралы білімдерді кеңейту. Семинарларда ата-аналар өз мәселелерін талқылауға қатысады, тәжірибе алмасады, бар қақтығыстарды шешу жолдарын бірлесіп дамытады. Мұнда бағалау, түсіндіру, сынау немесе кеңестер берілмеуі керек. Топтық пікірталас ата-аналар семинарларын өткізудің ең орынды түрі болып табылады. Пікірталастың мақсаты - белгілі бір өмірлік жағдайға оңтайлы көзқарасты бірлесіп дамыту, ата-аналардың уәжін және олардың талқыланатын мәселелерді шешуге қатысуын арттыру.

Топтық пікірталастардың 2 түрі бар:

– дәріс тақырыптары бойынша пікір алмасуға негізделген тақырыптық пікірталас;

– ата-аналардың өздері ұсынатын нақты жағдайларды талдау түрі бойынша пікірталас. Бұл науқас баланы тәрбиелеуге ата-аналардың шығармашылық көзқарасын ұйымдастыруға бағытталған.

Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналар семинарларын айына 1 рет өткізген жөн. Ата-аналармен жұмыс жүргізетін мамандардың жұмысы ұқсас мәселелері бар ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру түрінде ғана емес, сонымен қатар жеке кеңес беру үдерісінде де жүзеге асырылады. Дамуында проблемалары бар балаларға кеңес беру кезінде барлық мамандар шешуі керек міндеттердің 2 тобын құруға болады.

Міндеттердің 1-ші тобы - ата-аналардың баласының дамуындағы мәселелерге байланысты ақпаратты дұрыс қабылдауы үшін психологиялық жағдай жасау, оларды дамыту, түзету және тәрбиелеу бойынша ұзақ мерзімді жұмысқа дайын болу.

Міндеттердің 2-ші тобына ата-аналарды өзін кінәлі сезінуден босату, отбасының стресстік жағдайын жеңу (ең алдымен ананың депрессиялық күйі), отбасында қалыпты климатты құру және қолдау. Бұл мәселелерді шешу кеңес алуға келген кезде отбасы орналасқан психодинамикалық кезеңді анықтаумен тікелей байланысты.

Отбасылық мәселелерге қатысты психологиялық кеңес беру кезеңдері (И.Ю. Левченко, В. В. Ткачева) төменде баяндалады [171]:

1-ші кезең. Танысу. Байланыс орнату, сенім мен өзара түсіністіктің қажетті деңгейіне қол жеткізу. Ата-аналар мен бала қарым-қатынастың алғашқы минутынан бастап белгілі бір шиеленісте болуы мүмкін. Бұған баланың жақындарының бет-әлпеті, позалары, жоғары немесе төмен дауыстары дәлел

бола алады. Дамуында ауытқулары бар баланың отбасы мүшелері үшін бұл шындықты, сауығуды және тыныштықты табуға тырысудың тағы бір сынағы екенін ұмытпау қажет.

2-ші кезең. Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың сөздерінен отбасы проблемаларын анықтау. Алдымен әлеуметтік оңалту маманы барлық отбасы мүшелерімен сөйлесіп, оларды толғандыратын мәселелерді анықтайды. Ол баланың ата-анасын мұқият тыңдайды және кейде мәліметтерді нақтылау үшін сұрақтар қояды. Содан кейін әңгіме баланы ертіп жүрген әрбір ересек адамның қалауы бойынша жеке-жеке (баласыз) жалғасады. Бірақ анасы мен әкесімен әңгімелесу міндетті болып табылады.Ата-аналармен жеке әңгіме барысында әлеуметтік маман отбасы туралы ақпарат жинайды. Ол отбасының өмір тарихымен танысады, оның құрамын нақтылайды, бала туралы анамнестикалық деректерді, оның туу және даму тарихын анықтайды, ата-аналардың консультацияға әкелген құжаттарын зерттейді (клиникалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері, балалардың шығармашылық және бақылау жұмыстарын талдайды. Бұл кезеңде оңалту маманы бала мен оның отбасының мәселелері туралы алғашқы ақпараттар тарихын қалыптастырады. Мысалы, баланың психофизикалық дамуында проблемалары бар және оған мамандандырылған көмек қажет; ата-аналар баланың жеке дамуын бұрмалайтын тәрбиенің жеткіліксіз модельдерін қолданады; отбасы мүшелері баланың денсаулығына, ең алдымен оның ақауына байланысты жарақат алады; олардың арасында көптеген проблемалар жиналады, оларды өздері шеше алмайды.

3-ші кезең. Баланың ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау. Консультацияның осы кезеңінде бала сөйлесуге және тексеруге шақырылады. Осы сәттен бастап баланың зияткерлік және жеке ерекшеліктерін диагностикалау жүзеге асырылады, оның белгілі бір бағдарлама бойынша оқу мүмкіндігін болжайды. Аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балаларды тексерген жағдайда диагноз жақын адамның (көбінесе анасы немесе әжесі) қатысуымен жүргізілуі мүмкін. Зерттеудің басында сұрақтар мен тапсырмалардың мазмұны маманның балаға алғашқы бақылау кезінде беретін интуитивті-эмпирикалық бағалаумен, сондай-ақ ұсынылған құжаттаманы талдау негізінде анықталады. Содан кейін диагностикалық тапсырмалардың мазмұны өзгеруі және нақтылануы мүмкін.

4-ші кезең. Ата-аналар қолданатын білім беру моделін анықтау және олардың жеке қасиеттерін диагностикалау.

Кеңес беру мен отбасын зерттеудің қажетті және маңызды кезеңі - ата-ананың баламен тұлғааралық қарым-қатынасының сипатын және оны тәрбиелеу моделін анықтау. Бұл қатынастардың ерекшеліктері көбінесе ата-аналардың жеке сипаттамасымен (психологиялық түрі) анықталады. Әлеуметтік оңалту маманының ата-аналардың өздерін тексеру туралы ұсынысы жеке ата-аналардың жағымсыз реакциясын тудырады. Маман ата-аналардың психологиялық емтиханға қатысуы ерікті рәсім екенін және ата-аналардың одан бас тартуға толық құқығы бар екенін түсіндіреді. Алайда, бұл жағдайда отбасылық

мәселелердің себептерін анықтап, содан кейін оларды шешу екіталай болуы мүмкін. Психолог ата-аналарға баланың үйде тұратын атмосферасын психологиялық зерттеудің маңыздылығын дәлелдейді. Ол ата-аналарды диагностикалық тексеруге қатысу қажеттілігіне ақырын, бірақ табанды түрде сендіреді.Сонымен бірге, ата-аналардың маманға сеніп берген барлық ақпараттары қатаң құпия болып табылады және ешқашан балаға немесе оның отбасына зиян тигізбеуі тиіс. Бұл әлеуметтік жұмыстың этикалық кодексінде белгіленген. Үй тапсырмасы ретінде ата-аналарға «проблемалы баламен өмір тарихы» әдістемесі ұсынылады, оны орындау жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі түсіндіреді. Алғашқы кеңес беру кезінде ата-аналарды тексеру 40-50 минуттан аспайды.

5-ші кезең. Әлеуметтік оңалту маманының отбасында бар нақты мәселелерді тұжырымдауы. Бұл кезең отбасын диагностикалау және кеңес беру процедурасын жалғастырады. Ол әңгімеде және бала мен оның отбасын психологиялық зерттеу үдерісінде анықталған нақты мәселелерді ата-аналармен талқылауға арналған. Маман мәселені нақтылайды, қажет болған жағдайда оны тұжырымдайды. Бұл кезеңдегі оның міндеті - баланың ата-анасының назарын мәселенің шынымен маңызды екендігін және оның негізгі жақтарына аудару. Ол ата-аналарға мүмкін болатын жолды ұсынады, ал мәселені дұрыс түсіндірмеген жағдайда, өз ұстанымдарының дұрыс еместігіне сендіруге тырысады.

6-шы кезең. Мәселелерді шешуге болатын әдістерді анықтау.

Маман не істеу керек және баламен қалай жұмыс істеу керектігі туралы егжей-тегжейлі түсінік береді, ата-аналарға проблемаларды кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы ескертеді, яғни, іске асыру үшін ұсынылған шаралардың алыс нәтижесіне болжам жасайды. Сонымен қатар, ата-аналарды, маман ұсынылған жолды қолдамайтын болса, жағдайдың одан да нашарлауы мүмкіндігіне сендіре алуы қажет. Егер ата-аналар маманның ұстанымымен келіспесе немесе жоспарланған жоспарды жүзеге асыра алатындығына күмәнданса, онда баламен түзету сабақтарына қатысу ұсынылады.

7-ші кезең. Оңалту маманының тұжырымындағы проблемаларды түсінуді тұжырымдау, қорытындылау, бекіту.

Кеңес беруді аяқтай отырып, маман отбасылық мәселелерді қайта тұжырымдайды, ата-аналарға бар қиындықтарды түсіндіруді ұсынады және оларды шешу жолдарын көрсетеді. Бұл маман берген отбасылық мәселелерді түсіндіруге қол жеткізу үшін ескеріледі, ата-анаға ойлануға және жаңа көзқарас қалыптастыруға уақыт қажет. Егер ата-аналар кеңес беру нәтижелеріне күмәнданатын болса онда оған қанағаттанбауы да мүмкін. Бұл жағдайда отбасы қосымша кеңес алуға шақырылады.

Қорытындылай келе, аутист баланы оңалту мекемесінде алып жүру әлеуметтік қызметкер, мұғалімдер, психологтар мен мамандардың өзара әрекеттесуінің жоғары мәдениетін білдіретінін атап өту керек. Аутизм орталығындағы қолдау жүйесінің сәтті жұмыс істеуі қоғамдағы білім берудің әлеуметтік-мәдени миссиясы туралы заманауи идеяларды жүзеге асыратын білім беру қызметін басқарудың жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

2.2 Аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселелері (эксперттік сұхбат нәтижелері бойынша)

Аутист балаларды оңалту және түзету орталықтарында әлеуметтік қызметкердің аутизммен ауыратын балалармен өзара әрекеттестігін ұйымдастырудың маңыздылығы балаға және оның отбасына берілетін көмектің проблемалар ауқымы бойынша ретімен берілуі тиістігін ескеруімен тығыз байланысты. Мұндай ұйымдастырылатын іс-шараға АСБ баланың отбасы мүшелері мен олардың туыстары тікелей қатысады.

Әлеуметтік мекеменің қызметкерлері олардың назарын отбасының проблемаларына және баланың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына аударуы тиіс. Мұндай жағдайда аутизмі бар балаға және ол тәрбиеленетін отбасының нақты өмірлік жағдайына белсенді түрде ене алатын, стресстің әсерін бәсеңдететін, қолда бар ішкі және сыртқы ресурстарды жұмылдыруға көмектесетін оңалту маманының көмегі тиімді болады.

Ерте балалық аутизммен ауыратын балаларды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастырудағы қызметтің міндеттері:

1. Аутистік спектр бұзылысы бар баламен жеке жұмысты ұйымдастыру;

2. АСБ бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына әлеуметтік, құқықтық және тәрбие көмегін ұйымдастыру;

3. Аутистік спектр бұзылысы бар баламен және отбасымен жұмыс істейтін мамандарға консультациялық көмек көрсету.

Оңалту маманының қызметі өзара байланысты 3 негізгі блокты қамтиды диагностикалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық- педагогикалық. Мұны кесте арқылы көрсетеміз (кесте 1).

Кесте 1 - Әлеуметтік оңалту маманының жұмысының бағыттары

Блоктар	Міндеттері	Іске асыру әдістері
1	2	3
Диагностикалық	-баланың психофизикалық даму ерекшеліктерімен танысу; -баланың отбасылық тәрбиесінің ерекшеліктерімен танысу; -отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысу.	1.Бала мен отбасының әлеуметтену деңгейін диагностикалау. 2.Сүйемелдеу картасын рәсімдеу. 3.Отбасымен өзара байланыс орнату. 4.Баланың даму ерекшеліктері, оның дағдылары мен қабілеттерін дамыту туралы заңды өкілдермен әңгіме. 5.Медициналық құжаттармен, мамандардың қорытындыларымен және ұсынымдарымен танысу. 6.Білім беру мекемесінде және үйде болған кезеңде баланы бақылау.
Ақпараттық	-ата-аналарды бала тәрбиелеу жөніндегі құқықтары мен міндеттері туралы хабардар ету; -ата-аналарды аутизмі бар балаларды тәрбиелеп отырған	1.Ата-аналармен, заңды өкілдермен және басқа туыстарымен әңгімелесу. 2. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білім деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізу,

1 - кестенің жалғасы

1	2	3
	отбасыларға мемлекет бөлетін жеңілдіктер мен жәрдемақылар туралы хабардар ету; -ата-аналарды орталықтар, қоғамдық ұйымдар және аутизм проблемасымен айналысатын мамандар туралы хабардар ету.	кеңес беру. 3. Білім беру мекемесінің түзету блогының мамандарымен бірлесе баланың заңды өкілдеріне кеңес беру. 4. Аутизмі бар балалар тәрбиеленетін отбасылармен ата-аналарды таныстыру.
Ұйымдастыру-шылық-педагогикалық	-ата-ананы, туыстарын баламен қарым-қатынас жасауға үйрету; -баланың бойында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; - баланы оқытуды ұйымдастыру және онымен сабақ өткізу.	1.Отбасымен жүйелі түрде қарым-қатынас орнату. 2.Баланың психикалық даму ерекшеліктері, оның қоғамдағы әлеуметтену деңгейі туралы ата-аналарды ақпараттандыру. 3.Ата-аналарға арналған әдістемелік ұсыныстар дайындау. 4.Баланың әлеуметтік, тұрмыстық және бейімделу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақтар өткізу. 5.Аутизм спектрі бұзылған баланың әлеуметтенуі мен қоғамға бейімделу деңгейін жоғарылату үшін түзету сабақтарының курсын өткізу. 6.Балаларға делдалдық көмек ретінде отбасылармен жұмыс. 7.Баланы бақылайтын және онымен бірге жүретін мектептің түзету қызметінің мамандарымен өзара әрекеттесу, туындаған мәселелер бойынша олармен тұрақты кеңестер өткізу. 8.Отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қалыптастыру.
Ескерту - Дереккөз [172,с. 6] әдебиет негізінде автормен дайындалған		

Зерттеу жұмысын ғылыми және тәжірибелік тұжырымдау үшін аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік бейімделу және оңалту мәселелерін анықтау мақсатында эксперттік сұхбат жүргізілді. Эксперттер Шымкент қаласындағы «Асыл Мирас» аутизм орталығының мамандары (12 респондент, оның ішінде 3-уі тренер оқытушы, 3-уі логопед, 2-уі әлеуметтік қызметкер, 2- уі психолог, 2- уі спорт маманы) болды. Әрбір экспертпен жеке стандартталған сұхбат face-to-face технологиясын қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу барысында аутизммен ауыратын балалардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты негізгі проблемалар анықталды. Зерттеуде

эксперттерге арналып қойылған сұрақтар келесі аспектілерді қарастыруға мүмкіндік берді:

– аутистік спектр бұзылысы бар балалардың ең өзекті мәселелері;

– АСБ бар балалардың нәтижелі әлеуметтенуі жане бейімделуі үшін қажетті аса маңызды әлеуметтік-маңызды біліктіліктер мен дағдылар;

– аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік бейімделу үдерісіндегі ұйымдастыру жұмысының мәселелері мен болашағы.

Эксперттермен жүргізілген сұхбат нәтижелерін төмендегі кестелер мен талдаулық көрсеткіштерден байқауға болады.

АСБ бар балалардағы ең өзекті мәселелердің ішіндегі ең көрсеткіші жоғарысы денсаулық мәселелері болып табылады. Бұл, әрине, бірінші кезекте физикалық денсаулықтан бастап, психикалық, менталдық денсаулық аспектілерін де қамтиды. АСБ бар балалар физикалық, психикалық, әлеуметтік оңалтуды қамтитын кешенді бағдарламаларға оте мұқтаж. Эксперттердің көзқарасы бойынша басқалармен қарым-қатынастардағы қиындықтар да екінші кезектегі өзекті мәселе. Бұл аутизмнен зардап шегіп отырған балалардың қоғамға бейімделу процесінде болатын қиындықтар, сондықтан оларды әлеуметтік ортаға бейімдеудің тиімді технологиялары мен әдістерін таңдап алу маңызды. Эксперттердің бағалауы бойынша, аутист балалардың мінез-құлық проблемалары, білім деңгейінің төмендігі, өзін-өзі ұстау мәдениетіндегі ерекшеліктер үшінші кезектегі проблемаларды құрайды. Агрессияға бейімділік, ашуланшақтық, өзін дұрыс ұстай алмау, білім деңгейіндегі мәселелер де олардың ми қызметіндегі бұзылыстармен тікелей байланысты. Тұлғалық мәселелер (өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі) эксперттердің берген сұхбатында ерекше атап көрсетіліп, олардың әрқайсысының жекелік ерекшеліктерін ескеру негізінде жұмыстың жүргізілуі тиіс екендігін көрсетеді. Олардың қоғамға бейімделе алуына ешкімнің сенбеуі келесі кезектегі мәселелердің бірі. Бұл белгісіздікті қалыптастырып, бірінші кезекте, маманның оларға деген сенімінің болуын талап етеді. Күнделікті мәселелер, бала бақшаға немесе мектепке бейімделе алмау, әлеуметтік бейімделу үдерісіндегі қиындықтар – ең кеңінен тараған мәселелер екендігі эксперттер тарапынан тағы да аталып көрсетілді.

АСБ бар балаларға тән мінез-құлықтың эмоционалдық ерекшеліктерін білу мақсатында қойылған сұраққа алынған жауаптар (кесте 2) эксперттердің бағалауы бойынша ең маңызды эмоциядан бастап рет ретімен көрсетілді.

Кесте 2 - АСБ бар балаларға тән мінез-құлықтың эмоционалдық ерекшеліктерінің ішінде ең көп таралғандары

Мінез-құлық ерекшеліктері	Бағалануы (көріну жиілігі бойынша ретімен)
1	2
Агрессивтілік	1
Тітіркеншектік	2
Ашуланшақтық	3

2 - кестенің жалғасы

1	2
Әлеуметтік өзгерістерге бала организімінің қарсыласуы (денесінде бөртпелердің пайда болуы)	4
Көңіл – күйдің өзгергіштігі	5
Өрескелдік	6
Белсенділігінің төмендеуі, дербестіктің, инициативаның болмауы	7
Мазасыздық	8
Мінез-құлықтың тұрақты мотивтерінің болмауы	9
Болжамдылықтың жоғарылауы, көңіл-күйдің сыртқы әсерлерге тәуелділігі	10

Сонымен, мінез-құлықтың ең көп таралған ерекшеліктерінің ішінде эксперттер агрессивтілікті, тітіркенгіштікті және ашуланшақтықты ерекше атап өтті. АСБ бар балалардың әлеуметтік өзгерістерді аса қаламайтындығы өзіндік психологиялық күйдің көрінісі ретінде олардың денесіндегі физиологиялық өзгерістердің де болатындығын көрсетеді. Эксперттер балалардың көңіл-күйлерінің тез өзгеріп отыратындығын байқаған. Өрескел мінез-құлық көрсету алтыншы орында екендігін кестеден байқауға болады. Белсенділіктің төмендеуі, дербестіктің, инициативаның болмауы олардың тұлғалық ерекшеліктерімен көп жұмыс жүргізілуін талап етеді. Мазасыздық олардың сыртқы әлеуметтік ортамен байланысын қиындатады. Мінез-құлықтың тұрақты мотивтері - бұл тұлғалық ерекшеліктермен байланысты қалыптасатын жағдай. Сондықтан мінез-құлықтың тұрақты мотивтерін қалыптастыру физикалық, психологиялық, әлеуметтік оңалту процедураларының толық кешенін талап етеді. Көңіл-күйдің сыртқы әсерлерге тәуелділігі жекелік дербестікті дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен бірге, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің деректері арнайы мектеп оқушыларының эмоционалды сферасы олардың танымдық белсенділігімен салыстырғанда бұзылмағанын көрсетеді (Дж. И. Шиф). Сондықтан АСБ бар кәмелетке толмағандарға қолайлы эмоционалдық орта, қолжетімді және қызықты іс-шаралар, сондай-ақ балалардың эмоционалды тепе-теңдігіне қол жеткізуге бағытталған психокоррекциялық шаралар негізінде қолайлы жағдайларды қалыптастыру арқылы олардың белгілі бір деңгейде әлеуетін дамытуға мүмкіндік бар.

АСБ бар балалардың жеке басының жағымсыз қасиеттері туралы сұраққа жауап бергенде, эксперттердің көпшілігі психологиялық түзетуге жататын адекватты емес мінез-құлық түрлерін көрсетті. Сонымен қатар, АСБ-на шалдыққан кәмелетке толмағандардың жағымды қасиеттерінің ішінде эксперттер еңбекке қабілеттілікті, еңбекқорлықты, оптимизмді, эмоционалдық байланысты және адалдықты анықтады (кесте 3).

Кесте 3 - Оқушылардың жағымды тұлғалық қасиеттері

Жағымды тұлғалық қасиеттер	Бағалануы (көріну жиілігі бойынша ретімен)
Жұмысқа қабілеттілік	1
Еңбекқорлық	2
Оптимизм	3
Эмоционалды байланыс, адалдық	4
Қайырымдылық	-

Еңбекке қабілеттілік пен еңбекқорлық тәрбиеленушілерді сауықтыру үшін жақсы негіз бола алады, ал эмоционалдық байланыс, адалдық пен оптимизм - тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда кәмелетке толмағандарды оңалту үдерісінде маңызды роль атқарады.

Келесі сұрақтар блогы аутистік спектр бұзылысымен ауыратын адамдардың қоғамға табысты әлеуметтік бейімделуі мен интеграциясы үшін қажетті әлеуметтік маңызды қабілеттер мен дағдыларды түсіндіруге қатысты. Сонымен қатар, аутистік спектр бұзылысы бар балаларға тән дағдыларды да, идеалды дағдыларды да мамандардың пікірінше, мамандандырылған мекемелерде қалыптастырудың маңызы зор.

Эксперттердің 8-і АСБ бар балалар кейбір әлеуметтік маңызды дағдылар мен қабілеттерге ие емес деп санайды, 5-і балалардың айтарлықтай сапалы қабілеттері мен дағдылары жоқ екендігін айтады. Бұл АСБ бар балалардың бойында әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың жеңіл емес екендігін, мамандардан көп уақыт пен төзімділікті талап ететіндігін көрсетеді. Интеллектуалдық сфераның, қоршаған ортамен байланыстың, коммуникацияның бұзылыстары маңызды әлеуметтік дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруда мамандарға жан жақты, пәнаралық сапалардың қажеттілігін дәлелдейді.

АСБ бар балалардың қабілеттері мен дағдыларының қалыптасуына неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жасау үшін сұрақтарды нақтылап, олардың мінез-құлықтарының коммуникативтік, әлеуметтік, қоғамдық, құқықтық және әлеуметтік-бағдарлы дағдылары мен қабілеттерінің қалыптасу деңгейін бағалау жүзеге асырылды. Бұл бағалау 5 балдық шкала арқылы жүргізілді (кесте 4). Берілген баллдар балалардың қабілеттері мен дағдыларын эксперттердің бағалауын бейнелейді. Бұл бағалаулар жауап берген эксперттердің дауысына негізделеді.

Кесте 4 – Әлеуметтік маңызды қабілеттер мен дағдылардың қалыптасу деңгейі

Дағдылар мен қабілеттер / ұпайлар (балл)	1	2	3	4	5
1	2	3	4	5	6
Коммуникативтік:					
Бейтаныс адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі	6	5	2	-	-
Әңгіме жүргізе білуі	7	3	2	-	-

4- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Вербальды емес қарым-қатынасты қолдана алуы	6	4	1	-	-
Таныс емес жағдайда конструктивті әрекет ету қабілеті	8	4	1	-	-
Әлеуметтік және тұрмыстық:					
Бюджеттік жоспарлау	5	6	1	-	-
Үй шаруашылығының дағдылары	-	6	4	2	-
Тұрмыстық техниканы қолдану мүмкіндігі	-	4	5	3	-
Демалысты ұйымдастыра білу	-	6	5	2	-
Жеке гигиенаны сақтай білуі	-	4	4	5	-
Әлеуметтік-құқықтық:					
Құқықтық ақпарттарды білуі	2	4	7	-	-
Әлеуметтік-бағдарлық:					
Инфрақұрылымға бағдар жасай алуы	-	8	4	-	-

Талдау көрсеткендей, мінез-құлықтың коммуникативтік дағдыларының қалыптасу деңгейінде бейтаныс адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі (6), әңгіме жүргізе білу (7), вербальды емес қарым-қатынасты қолдана алуы (6) - 1 баллдық көрсеткішке ие болса, онда 2 баллдық көрсеткіш бойынша бейтаныс адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі (5), әңгіме жүргізе білу (3), вербальды емес қарым-қатынасты қолдана алуы (4), ал 3 баллдық көрсеткіш бойынша аталған варианттар ең төменгі көрсеткішке ие, яғни бейтаныс адамдармен байланыс орнату мүмкіндігі (2), әңгіме жүргізе білу (2), вербальды емес қарым-қатынасты қолдана алуы (1); әлеуметтік және тұрмыстық дағдылар мен қабілеттер бойынша: бюджеттік жоспарлау (5) 1 баллдық шкаламен бағалауды көрсетсе, онда 2 баллмен бағалау бойынша бюджеттік жоспарлау (6), үй шаруашылығының дағдылары (6), тұрмыстық техниканы қолдану мүмкіндігі (4), демалысты ұйымдастыра білу (6), жеке гигиенаны сақтай білуі (4) көрсетіп отыр. Осы позициялар бойынша 3 баллмен бағалау келесі көрсеткіштермен сипатталады: бюджеттік жоспарлау (1), үй шаруашылығының дағдылары (4), тұрмыстық техниканы қолдану мүмкіндігі (4), демалысты ұйымдастыра білу (6), жеке гигиенаны сақтай білуі (4). Коммуникативтік дағдылармен салыстырғанда, әлеуметтік және тұрмыстық дағдылар мен қабілеттер бойынша 4 баллдық шкаламен бағалау бар, атап айтқанда кестеде көрсетілгендей үй шаруашылығының дағдылары (2), тұрмыстық техниканы қолдану мүмкіндігі (3), демалысты ұйымдастыра білу (2), жеке гигиенаны сақтай білуі (5) жоғары баллмен сипатталып отыр. Әлеуметтік-құқықтық дағдылар мен қабілеттер бойынша құқықтық ақпарттарды білуі 1 баллдық бағалаумен 2 -ні, 2 баллдық бағалаумен 4-ті, 3 баллдық бағалаумен 7-ні көрсетті. Әлеуметтік-бағдарлық дағдылар мен қабілеттер бойынша инфрақұрылымға бағдар жасай алуы 2 баллмен 8-ді, 3 баллмен 3-ті көрсетіп отыр.

Жалпылама алып қарағанда, эксперттердің баға беруі бойынша коммуникативтік қабілеттер ең төменгі 1 баллға ие болып отыр. Салыстырмалы түрде алып қарағанда, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік - бағдарлық қабілеттер жоғарырақ, яғни 2 баллға дейін алып отыр. Тіпті, әлеуметтік-құқықтық қабілетті 3 баллға дейін жоғары бағалау да орын алады.

Әлеуметтік маңызы бар қабілеттер мен дағдылардың ішінде эксперттер: өзіне қызмет етуді жоғарырақ бағалады. Атап айтқанда, эксперттердің жартысы яғни 6-уы осыны атап көрсетті. Әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар екінші орында болса (4), кәсіби дағдылар үшінші орында (2) деп көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының әрі қарайғы тәуелсіз өмірі үшін бұл дағдылар ең қажет деп есептелінеді.

Сұрақтардың 3-ші блогы АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделу үдерісін ұйымдастыру мәселелерімен тікелей байланысты.

Эксперттердің көпшілігі АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселесін қазіргі кезде өте өзекті деп санайды. Сондықтан бейімделудің ең өзекті екендігін 10 эксперт ерекше атап көрсетті. Әлеуметтік коммуникацияның төмен деңгейі оларды қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімдеуде оңалту процедураларының кешенді бағдарламаларын талап етеді. Бейімдеуде өте маңызды деп есептейтін эксперттер саны – 3. Өзектілік пен маңыздылықтың арасында өте үлкен айырмашылық болмаса да, бұл сұрақ адаптацияға қатысты мамандардың басым позицияларын айқындайды. Әлеуметтік бейімделу үдерісін ұйымдастыруды өзекті деп қарау балалардың коммуникациядан қорқып-үрку, қашқақтап-алшақтау, бөлектеніп-оңашалану тәрізі жағдайларды азайту жолдарын іздестірумен байланысты.

«Сіздің ойыңызша, аутист балаларды әлеуметтік бейімдеу білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады ма?» деген сұраққа барлық сұхбатқа қатыстқан эксперттер АСБ бар балаларды әлеуметтік интеграциялау 8 типті арнайы (түзету) мекемелері қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылатынын айтты. Эксперттердің жартысынан көбі аутист балаларды әлеуметтік бейімдеу білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері қызметінің негізгі міндеттерінің бірі деп есептейді. Ал, эксперттердің 5-еуі «бұл солай болуға тиісті» деп жауап берді. Яғни, аутизм синдромы бар балаларды кешенді әлеуметтік оңалту процесіне мамандармен бірге отбасының да қатыстырылуы осы бейімдеу мәселесін тек мамандардың міндеті деп қарауға қатысты көзқарастардың өзгеруіне де алып келгендігін көруге болады. Қазіргі уақытта, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеуде баланың тікелей өзінің тұлғалық ерекшеліктері, қажеттіліктері, отбасының осы процеске тікелей мүдделі болуы, сонымен қатар мамандардың тиімді бейімдеуге ат салысуы мүдделі тараптардың тең деңгейде қатысуын талап етеді.

Келесі сұрақ әлеуметтік бейімдеудің басым бағыттарына байланысты.

АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуінің басым бағыттары туралы сұраққа жауап бере отырып, эксперттердің көпшілігі кешенді оңалтудың маңыздылығының жоғары екендігін көрсетті. Осы позицияны көрсеткендер

саны – 7. Яғни, кешенді оңалту физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыда жүргізілетін іс-шаралар жүйесі. Эксперттер кешенді оңалтуды сапалы өмір сүрумен байланыстырады. *«Кешенді оңалту сапалы өмір сүру кепілі» - бұл, мамандар пікірінше басты девиз. «Кешенді оңалту - ерекше қабілеті бар баланы биологиялық, әлеуметтік, мәдени, рухани тұрғыдан жетілдірудегі маңызды бағдарлама»* - деп анықтама бергендер де болды. Эксперттердің көзқарасы бойынша кешенді оңалтудағы әлеуметтік-тұрмыстық бейімделудің маңыздылығы екінші орында. Әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу балалардың физикалық және әлеуметтік денсаулығына жақсы әсер ететіндігін мамандар жақсы түсінеді. Олардың берген бағасы бойынша, әлеуметтік-еңбектік бейімделу үшінді орында болса, әлеуметтік-педагогикалық бейімдеудің рөлі төртінші орында. Әлеуметтік-еңбектік бейімделу өмір сүруге деген құлшынысты арттырып, күнделікті қажет дағдыларды қалыптастырады. Ал, күнделікті қажет дағдылар балаларды өз бетінше дербес болуға үйретеді. Әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу, бұл оңалту процесінде әдіс тәсілдерді, технологияларды сауатты түрде қолдана білу. *Қазіргі уақытта, эксперттердің көзқарасы бойынша, оңалту процесінде балаларға көбірек мотивация беру, жағымды мінез-құлық түрлерін қайталауға дағдыландыру аса маңызды.*

Сондай-ақ, АСБ бар балалардың бейімделуінің басым нысандарын анықтау кезінде мамандар оңалту нысандарын таңдаудағы басымдықтар көбінесе баланың жасына байланысты деген пікір білдірді. Мысалы, кіші жаста - медициналық оңалтуға басымдық берілетін болса, неғұрлым жетілген жаста - психологиялық-педагогикалық оңалту, жасөспірімдік шақта - әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекке бейімдеу жұмыстары маңызды екендігі анықталды.

Осыған қарамастан, бейімделу шараларын ұйымдастыру мен өткізу кезінде мамандардың пікірінше аутизммен ауыратын оқушылардың әлеуметтік бейімделу үдерісін жақсартуға кедергі келтіретін белгілі бір мәселелер болып отырады. Эксперттер аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балаларды оңалтудың әлеуметтік мәселелері ретінде қаржыландыру мәселелерін (5), материалдық-техникалық базаның әлсіздігі (4) және әлеуметтік-интеграциялық бағдарламалардың жоқтығы (3) сияқты мәселелерді атап көрсетті. Эксперттер көзқарасы елімізде қаржыландыру мәселелерінің аса өзекті болып отырғандығы туралы маңызды ақпарат береді. Бұл, тек тікелей мемлекетке ғана қатысты емес, сонымен қатар мемлекеттік емес, бизнес ұйымдардың да белсенді іс-әрекетін қамтитын процесс. Эксперттік сұхбат азаматтық белсенділіктің деңгейін көтерудің қажеттілігін байқатты деуге әбден болады. Келесі кезектегі мәселелер ретінде мемлекетте әлі де болса шешуін таппай келе жатқан материалдық-техникалық базаның әлсіздігі мәселесі. Бұл мәселе ерекше қажеттілігі бар балаларды білім беру орталықтарында, әлеуметтік қолдау, көмек көрсету, оңалту орталықтарында қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету, бәрінен бұрын АСБ балалармен жұмыс жүргізілетін орталықтарды заман талаптарына сай техникалық тұрғыдан жабдықтау қажеттілігі туындап отырғандығын көрсетеді. Әлеуметтік-интеграциялық бағдарламалардың жоқтығы пәнаралық өзара

бірлесе әрекеттесудің төмен деңгейде болуынан туындайды. Бұл жағдай, мамандарды транспәндік жобалаудың жаңа деңгейіне өтуге шақырады.

Эксперттер аутизмі бар кәмелетке толмағандардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға ықпал ететін іс-шараларға мыналарды жатқызды (кесте 5):

Кесте 5 - Аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешу жолдары

Әлеуметтік бейімделудің ең қажетті мәселелері		Эксперттер позициясы
1	Аймақтар бойынша мақсатты бағдарламаларды әзірлеу	6
2	Арнайы түзеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту	4
3	Арнайы түзеу және оңалту мекемелері мамандарының біліктілігі мен кәсіби деңгейін арттыру	5
4	Аутизммен ауыратын баланы тәрбиелеп отырған отбасына үнемі жан -жақты қолдау көрсету	4
5	Әлеуметтік интеграцияның барлық бағыттарын дамыту, жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу	8
6	Аутизмі бар оқушыларды әлеуметтік интеграциялау бағдарламаларын әзірлеу	7
7	Әлеуметтік іске асыру үшін әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау мекемелерімен ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру	5

Талдау көрсеткендей, АСБ бар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін жақсарту үшін мына іс -шаралар аса маңызды:

- әлеуметтік бейімделудің барлық салаларының дамуы және Аутистік спектр бұзылысы бар балалармен әлеуметтік жұмыстың жаңа технологияларын енгізу;
- аутистік спектр бұзылысы бар оқушылардың әлеуметтік бейімделу бағдарламаларын әзірлеу;
- аймақтарға арналған мақсатты бағдарламаларды әзірлеу;
- АСБ бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуін жүзеге асыру үшін әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау мекемелерімен ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуінде әлеуметтік интеграцияның барлық бағыттарын дамытудың, жаңа технологияларды әзірлеу және енгізудің (8), әлеуметтік интеграциялау бағдарламаларын әзірлеудің (7), аймақтар бойынша мақсатты бағдарламаларды дайындаудың (6) басқа позициялармен салыстырғанда маңызды деп бағаланғандығын байқауға болады. Аутизм синдромынан зардап шегуші балалармен жұмыста әлеуметтік интеграцияның маңызды екендігін эксперттердің көпшілігі мойындап отыр. Бұл, қоғамның мұндай жағдайларға селқос қарамауын, әлеуметтік жұмыс, педагогика және психология саласындағы жаңа технологияларды барынша тәжірибеге ендіру қажеттілігін көрсетеді.

Осымен байланысты жұмыстар бағдарламалар жасауда көрініс табады. Аутист балаларды әлеуметтік ортаға интеграциялауда қазіргі заманға сай бағдарламаларды дайындауда мүдделі тараптардың барлығын біріктіру қажеттілігі осы мәселені шешуге негіз болатындығы эксперттер арқылы атап көрсетілді. Осыған орай, мамандардың тең жартысы *әрбір аймақтың ерекшелігін ескере отырып, мақсатты бағдарламалар әзірлеу қажеттілігін* алға тартты.

Әлеуметтік бейімделуінің тиімділігі көбінесе мекемелер мен қызметтердің өзара әрекеттесу үдерісінің қаншалықты тиімді ұйымдастырылғанына байланысты. Эксперттердің жауаптары аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдерді қоғамға бейімдеуде көбінесе білім беру мекемелерінің халықты әлеуметтік қорғау институттарымен (10), медициналық мекемелермен (6), әлеуметтік-мәдени мекемелермен (4), кәсіптік білім беру мекемелерімен (8) өзара әрекеттесетіндігін көрсетті (кесте 6).

Кесте 6 - Оқушылардың әлеуметтік бейімделу үдерісінде білім беру мекемелерінің басқа ведомстволармен өзара әрекеттесуі қажеттілігі

Халықты әлеуметтік қорғау институттарымен	10
Оқу орындарымен	-
Медициналық мекемелермен	6
Әлеуметтік-мәдени мекемелермен	4
Кәсіптік білім беру мекемелерімен	8

Кестеден көріп отырғанымыздай, ерекше қажеттіліктері бар аутист балаларды әлеуметтік бейімдеуде білім беру мекемелерінің халықты әлеуметтік қорғау институттарымен және кәсіптік білім беру мекемелерімен байланысының жоғары деңгейде екендігін байқауға болады. Медициналық және әлеуметтік-мәдени мекемелермен де жақсы байланыс орнатылғандығын көруге болады. Алайда, оқу орындарымен байланыс туралы мамандар аса айта қоймады.

АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуде ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру эксперттердің көзқарасы бойынша өте тиімді. Сұхбат барысында ведомствоаралық өзара біріккен әрекеттерді өте тиімді деп санайтындардың аз екендігі байқалды. 2 эксперт бұл мәселеге сынамалы пікір білдіріп, *«түрлі жақтардың ортақ проблемаларды бірігіп шешудегі әрекетінің тиімсіздігін»* атап өтті. Дегенмен жеткілікті түрде тиімді деп бағалайтын эксперттер саны көбірек болып шықты. 5 эксперт *ведомствоаралық әрекеттердің тиімді ұйымдастырылуын басшылардың біліктілігімен байланыстырды*. Ал, ведомствоаралық әрекеттердің жеткілікті түрде тиімсіздігін көрсеткен эксперттер мұндай жағдайды *заманауи технологиялардың әлсіз қолданылуымен* байланыстырады. Мұндай көзқарасты таңдаған эксперттер саны басымырақ (6) болып шықты.

Осылайша қорыта келгенде, әлеуметтік бейімделу үдерісінің тиімділігінің қадағалануы қажеттілігін барлық мамандар мойындайды.

Осылайша, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

1. АСБ бар балалардың табысты әлеуметтік бейімделуі және мұндай балалардың кейінгі тәуелсіз өмірге құқығын іске асыру үшін олармен түзету, сауықтыру жұмыстарын жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асыру оңалту жүйесін жетілдіруде маңызды болып табылады.

2. АСБ бар балалар мен жасөспірімдермен жүргізілетін коррекциялық-ағартушылық жұмыстың мақсаты оларды қоғамға әлеуметтік бейімдеуге, кең түрде интеграциялауға мүмкіндіктерді қарастыру, жұмысқа орналастыруға көмектесу, қоғамдық өмірге одан әрі бейімделуге дағдыларды қалыптастыру. Балалардың барлық танымдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, олардың өмірлік дағдыларын дамыту қажет, осылайша олар ересек адамдар ретінде өз бетінше қызмет ете алады, күнделікті өмірде қарапайым жұмыс жасай алады және мүмкіндігінше отбасы мен ұжымда өмір сүреді. Бұл мектепте арнайы оңалту кеңістігін құру арқылы мүмкін болады, оған мекеменің кешенді инфрақұрылымы, аутизмге шалдыққан кәмелетке толмағандарды диагностикалау, түзету және оңалтудың арнайы әдістері мен технологияларын игерген білікті мамандар тартылады.

3. Эксперттермен жүргізілген сұхбат АСБ бар балаларды бейімдеу бағдарламаларының тиімділігі мен дараландырылуының жеткіліксіздігін, мұндай балаларды әлеуметтік бейімдеудің реттелген жүйесінің жоқтығын көрсетті. Бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-әрекеттердің төмен деңгейі, іс-шаралардың кешенділігінің жоқтығы АСБ бар балалармен жұмыс істеуге жеке-бағдарлы тәсілді тиімді қолдануды, балалардың тәуелсіз өмір сүру және қоғамға сәтті бейімделу мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді.

2.3 Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі (оңалту бағдарламасын дайындау тәжірибесі)

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, әлемдегі 160 баланың 1-уі аутист не аутистік спектрі бұзылуынан (әрі қарай - АСБ) зардап шегеді. Бүкіл әлемде мұндай диагнозы бар балалар мен ересектер үлкен қиындықтарға тап болады, олардың қатарында кемсітушілік, адам құқықтарының бұзылуы, мемлекет пен жалпы қоғамның жеткіліксіз қолдауы бар. Ең алдымен, бұл бұзылыстың негізгі мәселесі, оның алғашқы көріністері ерте балалық шақта басталады, жасөспірімдерде және ересек шақта сақталады, сонымен қатар өз бетінше қызмет көрсету, әлеуметтену және өз өмірін қамтамасыз ету мәселелерін тудырады. Аутистік спектр бұзылысының Аспергер синдромы түрінде диагнозы қойылған балалар мен жасөспірімдер әлі де өз бетінше өмір сүре алады, бірақ бұл диагнозбен өмір сүруге мәжбүр болғандардың көпшілігі де өмір бойы қолдау мен ерекше күтімді қажет етеді.

АСБ бар балаларды өз бетінше өмір сүруге үйрету мүмкін, тіпті қиын көріністермен де, кем дегенде, жағдайды жақсартуға және болашақта мұндай

адамдардың қоғамдағы өмірге көбірек бейімделуіне аздап жақындауға болады [173-178]. Мұндай балалардың қарым-қатынасы мен әлеуметтік мінез-құлқындағы қиындықтарды азайту, сондай-ақ олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту үшін көмек көрсету шаралары, оның ішінде әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар, қол жетімді ортаны қалыптастыру, инклюзивтілік және жан-жақтылық қағидаттарын ұстану керек.

АСБ бар балаларға арналған көптеген оңалту әдістері бар екендігіне қарамастан, біздің елімізде мұндай балаларды педагогикалық қолдау мен әлеуметтендірудің тиімді құралдары мен бағдарламаларын әзірлеу енді қолға алына бастады. Білікті мамандардың және арнайы балалармен жұмыс істеуге дайын оңалту мамандарының жетіспеушілігінен, инклюзивті сабақтарды ұйымдастырудың күрделілігіне байланысты АСБ бар балалар үшін оңалтудың қолжетімділігі әлі де болса өзекті күйде қалып отыр, ал тиімді бағдарламалар мен әдістемелер тек орыс тілінде дайындалады және ол тек бірнеше арнайы орталықтарда ғана қолжетімді.

Алматы қаласындағы Түзету педагогикасы Ұлттық ғылыми-педагогикалық орталығының (ТП ҰҒПО) балаларға кешенді диагностика жасау және оңалту зертханасының, әлеуметтік оңалту және медицина саласы мамандарының бірігуімен 2020 жылы «Аутизмі бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы» деп аталатын әдістемелік құрал әзірледі. Мұнда бұл санаттағы балаларды психологиялық-педагогикалық сауықтырудың мақсаты мен міндеттеріне, олардың ерекшеліктеріне, АСБ балалардың клиникалық-психологиялық мінездемелеріне, оларды психологиялық-педагогикалық жүйелеудің бағыттарына мән беріледі. Аутистік спектрлік бұзылулары бар балаларға (АСБ) арналған бағдарламаны құрастыруда балалардың ерекшелігіне, мүмкіндіктеріне, психологиялық, педагогикалық диагностика жасау мәселелеріне, бұл жұмыстардың стратегиясы мен әдістеріне жан жақты талдау жасалған.

Авторлар бұл бағдарламаның еліміздегі АСБ бар балалар үшін қажеттілігін негіздей отырып, Қазақстанда осы санаттағы балалар санының көбеюімен, арнаулы және білім беру мекемелеріне мемлекеттік тілде дайындалған бағдарламалардың жеткіліксіздігімен байланыстырады [179].

Осы уақытқа дейін дайындалған бағдарламаларда АСБ балалардың психикалық дамуының ерекше жақтары ескерілмеген. Дайындалған дамыту бағдарламасы әлеуметтік оңалту орталықтарының мамандарына, психологтарына, аутистік спектр бұзылысы бар балаларға көмек көрсететін мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдарындағы арнайы дайындық сыныптарының мамандарына арналғандығымен ерекшеленеді. Бұл бағдарлама аутистік спектр бұзылысы бар баланың басқалармен қарым-қатынасын, әлеуметтік өзара әрекеттесудегі, сонымен қатар әлеуметтенуді дамытуға арналған танымдық дағдыларды қалыптастырудың маңызды аспектілерін қарастырады. Бұл бағдарламаның негізгі талабы - аутистік спектр бұзылуы бар баланың әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік дамуындағы эмоциональды, коммуникативтік қарым-қатынасты дамытудың тиімділігін арттыру.

АСБ бар балаларға арналған бұл бағдарламаның мазмұнында балалардың жасы, олардың өзіндік ерекшеліктері, әр түрлілігі (даму деңгейі, оқыту әдістеріне бейімделе алуы, даму қарқындылығының әртүрлі сипаты, қосымша бұзылулардың болуы т.б.) сипатталған. Сонымен қатар бұл санаттағы балалардың ата-аналарын педагогикалық-психологиялық үдеріске тарту қажет екендігін нақтылау арқылы, дамытудың 4 түрлі:

1. Жеңіл немесе орташа АСБ бар ерте және мектеп жасына дейінгі балалар үшін;

2. Аутистік спектр бұзылысының ауыр бұзылулары бар ерте және мектеп жасына дейінгі балалаларға арналған;

3. Жеңіл немесе орта АСБ бар мектеп алды және мектеп жасындағы балаларға арналған;

4. Ата-аналарды баланы дамыту жұмысына тарту бойынша бағдарламасы әзірленген [180].

Әрбір бағдарламаның өзіндік мақсаты мен міндеттері, талабы мен әдістері, іске асыру кезеңдері мен күтілетін нәтижелері көрсетілген. Бұл әдістемелік нұсқаулық аутистік спектр бұзылысы бар баланың жақындарымен, отбасы мүшелерімен, құрдастарымен қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік өзара іс-қимыл әрекеттерін жасай білу дағдыларын қалыптастыруда, оларға сөйлеу және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет жасау дағдыларын меңгертуде, мінез-құлық нормаларын игерту мақсатында жұмыс жүргізетін мамандарға көмекші құрал бола алады.

Осы ғылыми теориялық білімге және дүние жүзілік тәжірибеге негізделіп дайындалған бағдарламаны басшылыққа ала отырып диссертант АСБ бар балаларды бейімдеуге арналған жеке тұлғаға арналған бағдарлама әзірленді (Қосымша Б).

Бүгінгі таңда аутистік спектр бұзылулары бар балаларға қатысты әлеуметтік бейімсіздікпен сипатталатын ситуациялардың көбеюіне байланысты оларды оңалту мәселесінде әрбір баланың патологиясына, даму бұзылыстарына индивидуалды тұрғыдан келу оңалтудың жалпы проблемасында маңызды орын алады.Отандық және шетелдік тәжірибе көрсеткендей, ерте диагностика, кешенді психологиялық-педагогикалық түзету аутистік спектр бұзылысы бар балаларға мектепте оқуға мүмкіндік береді [181]. Балалар аутизмімен ауыратын науқастармен физиологиялық қолайлы даму кезеңінде емдеу-түзету жұмыстары болмаған 2/3 жағдайда терең мүгедектік пайда болады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалармен кешенді жұмыс танымдық сала мен сөйлеуді, жалпы және ұсақ моториканы, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік өзара әрекеттесуді оқытуды қамтиды .

Қазіргі уақытта дене тәрбиесі арқылы дамуында проблемалары бар балалардың дене дамуының кемшіліктері мен моторикасының бұзылуын түзету туралы көптеген зерттеулер жүргізілді [182].Бейімделгіш дене тәрбиесі саласында зерттеулер жүргізілуде, бұл дамуы қалыпқа сай емес балалардың дамуына әсер етіп, олардың моторикасының үйлесімді өсуіне ықпал етеді, қозғалыс және ақыл-ой бұзылыстарын жояды және түзетеді. Отандық және

шетелдік әдебиеттерді жан-жақты талдау дене шынықтыру сабақтарының мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық, психикалық дамуына және әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін көрсетеді. Мектепке дейінгі білім берудің қосалқы және аралас мекемелері үшін стационарлық бағдарламалар әзірленді [183].

Дамуында артта қалған балалардың дене тәрбиесіне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Алайда, қалыптасқан тұжырымдамалар мен тәсілдерді зерттеу мектепке дейінгі білім беру мекемесі жағдайында аутистік спектр бұзылысы бар балалардың дене тәрбиесі бойынша аралас түрдегі бағдарламалар құрылмағанын көрсетеді. Бұл аутистік спектр бұзылулары бар баланың психикалық саласын дамытудағы дене тәрбиесінің рөлі мәселесін өзектендіреді. Бұл мәселенің бір қыры - дене тәрбиесі арқылы ойын дағдылары мен эмоционалды-перцептивті саланы қалыптастыру.

Бұл бағдарламаны мектептен тыс сабақтар аясында, жеке тәсілді қолдану арқылы шағын топтар мен инклюзивті топтарға көшу арқылы жүзеге асыруға болады.

Бағдарлама жан-жақты ғылыми көзқарастарға, психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық әдістердің әртүрлі тәсілдеріне, физикалық оңалту әдістеріне негізделе отырып, роллер-спортпен айналысуды қолдану арқылы атқарылған зерттеу жұмыстарына талдай отырып дайындалды. 1-қосымша Қысқа мерзімді қайта қалпына келтіру бағдарламасы «Шекарасыз роликтер» бастауыш мектеп жасындағы АСБ бар балалар мен оқушыларға арналған бағдарламаны іске асыру мерзімі: 28 күн.

Дағдыларды меңгерудің осы әдісін қолдана отырып диагностика жүргізгенде, Майгул, Ермек, Марат балалардың іс жүзінде белсенді сөйлеу қабілеті жоқ екендігі және басқа да көптеген көрсеткіштер бойынша төмен деңгейде екені анықталды. Ермек алдыңғы сауалнамада аурудың орташа көрінісін білдіретін аутизм мінез-құлқының орташа деңгейі болғанына қарамастан, ал Дильназ аутистік спектр бұзылысының ауыр түрін көрсететін жоғары деңгей, бұл балаларда кейбір жеке дағдыларға ие болу мүмкіндіктері бар. Осылайша, аурудың ауыр түріне қарамастан, Дильназ аралық деңгейде сөйлейді (ол сөйлем құра алады, есімге жауап бере алады және басқа адамдарды атымен атай алады, сонымен қатар кейбір әлеуметтік қимылдарды қолдана алады), алайда, бұл жағдайда ауру бақыланбайтын мінез-құлықта, кез келген нұсқаулар мен өтініштерді қабылдамауда, «мен қаламаймын» деп айқайлауда, жағымсыз

мінез-құлықтың көрінісінде (күшті агрессия, «тістеу», өзіне немесе басқаларға зиян келтіру) көрінеді.

Ермек алдыңғы сауалнамада оны аутистикалық белгілердің орташа көрінісі бар балалар тобына жатқызатын нәтиже көрсетілді, алайда бар дағдыларды талдау кезінде баланың ұсақ моторика, үйлестіру, қимыл-қозғалыс қиындықтары бар екені анықталды. Ермек киім киюде қиындықтарға тап болды. Бала әлсіз төзімділікті көрсетті. Ермек тестілеу кезінде тез шаршады, ол кейде шындықтан «ажырату» түрінде көрінді. Майгул мен Маратта дағдыларды меңгеру деңгейі төмен болды: балалар мәселелерін шешуде және нұсқауларды қабылдауда қиындықтар көрсетті, балалар өздерінің есімдеріне нашар жауап берді, Марат іс жүзінде кейбіреулерін қоспағанда ауызша қарым-қатынасты пайдаланбады. Сол кезде Майгул тіпті ұзақ сөйлемдерді қалай қолдана алады, бірақ бұл шеберлікті өте сирек және тек қалауы бойынша көрсетті. Сондай-ақ, АСБ бар балалардың физикалық төзімділік пен үйлестіру деңгейі зардап шекті.

Дастан дағдыларды жақсы меңгерді. Бала аутизмді аз көрсетті, бірақ әлеуметтенуге байланысты қиындықтар болды. Бала көз байланысын сақтап қалды, сонымен бірге ұялып, мазасызданды. Дастанның сөйлеу қабілеті біршама қалыптасқан, бірақ сөз тіркестерінің кейбір мағыналарын түсінуде қиындыққа тап болды (қиялмен қиындау, бейнелі мағынаны түсінбеу), ол іс жүзінде әлеуметтік ым-ишараларды қолданбаған немесе оларды орынсыз жағдайда қолданған. Сондай-ақ, баланың ұсақ моторикамен қиындықтары бар екені анықталды, бұл құрал-жабдықтарды киюде көрінді. Тесттің ең төменгі көрсеткіштері физикалық - төзімділік пен үйлестіру болды.

АСБ бар балалар мүлдем өзгеше, ал диагностика мен практикалық сабақтар барысында мұғалімнің өзі оқытудың тиімді әдістерін іздейді, сондықтан ол неғұрлым көп ақпаратқа ие болса, сабақтарды жақсы ұйымдастыра алады. Аутист балалармен жұмыс жасайтын мамандардың психологиялық-педагогикалық біліктілігі аса маңызды. Әсіресе мұндай балалардың өмірлік біліктілігін қалыптастыру маңызды міндет. Өмірлік біліктілік - күнделікті өмірде балаға аса қажетті болып табылатын білімдер, ептілік пен қажеттіліктерді меңгерту. Егер білім, ептілік және дағдыларды меңгерту арқылы баланың болашақ жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге болатын болса, онда өмірлік біліктілік оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын және өзара байланысын осы уақытта дамытуды көздейді.

Эксперимент барысында аутист балалардың өмірлік біліктілігін қалыптастыруға мән беруді олардың диагноздарына сәйкес топтарға бөлуден кейін жүзеге асыру жоспарланды.

Эксперименттің анықтау бөлімінің нәтижелері бойынша жалпы диагностикалық зерттеулерге сәйкес балаларды шартты түрде 3 топқа: аутизмнің жеңіл түрімен, орташа көрінісімен, ауыр түрімен бөлуге болатыны анықталды.

Әрине, бұл бөлім аясында біз балалардағы осы диагнозбен байланысты барлық белгілер мен факторларды толық сипаттай алмаймыз, бірақ таңдалған критерийлер қысқа мерзімді оңалтуды жүргізе алатын жағдайларға байланысты арнайы таңдалады. Сонымен қатар, бөлінген белгілер сауықтыру жұмыстары

кезінде дамуын бақылауға болатын дағдыларды, сондай-ақ мінез - құлық белгілерін атап өтуге мүмкіндік береді, оларды түзетуге және өзгерістерді бақылауға болады.

Дастан шартты түрде аутизмнің жеңіл түрімен ауыратын балалар санатына жатады, Ермек АСБ орташа түріне, ал Майгул, Марат, Дильназ аутистік спектр бұзылысының ауыр түріне жатады. Кешенді диагноздың нәтижелері бойынша әр бала туралы қысқаша қорытынды жасалды (кесте 11).

Кесте 11

Дастан 9 жаста. Диагноз: аутизм спектрінің бұзылуы, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы.	
Денсаулығы:	Ұстама, аллергия және басқа қатар жүретін аурулар байқалмады.
Жалпы физикалық жағдайы:	жақсы, бірақ үйлестіруде проблемалар бар.
Бұлшықет тонусы:	қалыпты.
Аутистикалық мінез-құлық жұмсақ түрде көрінеді:	тез шаршау, көңіл-күйдің өзгеруі, импульсивтілік, кеңістіктік бағдарланбаушылық, жаңа ортадағы алаңдаушылық, және сирек жағдайларда стресстік мінез -құлықтың стресстік жағдайдағы көрінісі.
Дағдылар:	көз байланысын сақтай алады, сыртқы ынталандыруға төзімді, өзінің қажеттіліктері мен тілектерін көрсете немесе айта алады, әлеуметтік ым мен мимиканы тануда қиналады.
Сөйлеуі, оқу мен жазуы:	Сөйлеу қалыпты дамыған. Оқу мен жазу дағдыларына ие.
Отбасы:	толық емес отбасында, анасы мен әжесімен тұрады. Отбасының табысы төмен және материалдық қолдауды қажет етеді.
Білімі:	қазіргі кезде қарапайым мектепте, қарапайым сыныпта оқиды. Спорт секцияларына қатысады. Оңалтудың басқа түрлеріне дельфиндермен жүзу жатады.
Хоббиі мен жігерлендіру құралдары:	компьютерлік ойындарды жақсы көреді, экскурсияларды, спортты және ашық ауада демалуды жақсы көреді.

Кесте 12

Ермек 10 жаста. Диагноз: атипті аутизм.	
1	2
Денсаулығы:	Ұстама, аллергия және басқа қатар жүретін аурулар байқалмады.
Жалпы физикалық жағдайы:	жақсы, бірақ үйлестіруде проблемалар бар.
Бұлшықет тонусы:	қалыпты, бірақ қолында аздап әлсіздік және ұсақ моторикада қиындық бар.
Аутистикалық мінез-құлықы орташа түрде көрінеді:	тез шаршау, көңіл-күйдің өзгеруі, кеңістіктік бағдарланбаушылық, мазасыздық, нұсқауларды қабылдау мен сөйлеудегі қиындықтар.
Дағдылар:	Көзбен байланыста болу қиын, сыртқы ынталандыруларға төзімді, көбінесе өз қажеттіліктері мен тілектерін көрсете алмайды немесе сөйлей алмайды, әлеуметтік ым мен мимиканы тани алмайды.

12 – кестенің жалғасы

1	2
Сөйлеуі, оқу мен жазуы:	Сөйлеу нашар дамыған, көбінесе жаңғырық тәрізді немесе бірнеше сөзден тұрады. Скутермен жүреді.
Отбасы:	толық отбасында тұрады, көбінесе әкесімен уақыт өткізеді. Отбасы орташа табыс деңгейіне ие және материалдық қолдауды қажет етпейді.
Білімі:	қазіргі уақытта арнайы мектепте, диагнозы ұқсас балалармен сыныпта оқиды. Арнайы бөлімдер мен шараларға қатысады. Тау шаңғысы оңалтудың ұқсас түрлерінен сыналды.
Хоббиі мен жігерлендіру құралы:	динозаврлар мен жүк көліктеріне қатысты барлық нәрсені жақсы көреді, еденде немесе жиһазда бірнеше сағат бойы жүре алады.

Кесте 13

Марат 11 жаста. Диагноз: аутизм спектрінің бұзылуы т/б буындарының туа біткен дислокациясы.	
Денсаулығы:	шабуыл 2019 жылы бір рет тіркелді, кейін қайталанбады, аллергия және басқа қатар жүретін аурулар байқалмады.
Жалпы физикалық жағдайы:	жақсы, бірақ үйлестіруде проблемалар бар.
Бұлшық ет тонусы:	қалыпты
Аутистикалық мінез-құлық ауыр түрінде көрінеді:	тез шаршау, көңіл-күйдің өзгеруі, кеңістіктік бағдарланбаушылық, мазасыздық, нұсқаулықтарды қабылдаудағы қиындықтар және адресті сөйлеу, қажетсіз мінез-құлық мезгіл-мезгіл байқалады, сонымен қатар стереотиптік мінез-құлық; құлаудан қорқады, сондықтан роликті сырғанаудан қорқады.
Дағдылар:	көз байланысын ұстау қиын, сыртқы ынталандыруға аса төзімді емес, көбінесе оның қажеттіліктері мен тілектерін көрсете алмайды немесе сөйлей алмайды, әлеуметтік ым мен мимиканы тануда қиындықтарға тап болады.
Сөйлеуі, оқу мен жазуы:	сөйлеу нашар дамыған, негізінен жеке сөздерден тұрады, бірақ физикалық жағынан жақсы дамыған: ол скутер мен велосипедте жүреді.
Отбасы:	толық отбасында тұрады, көбінесе анасымен уақыт өткізеді. Отбасы орташа табыс деңгейіне ие және материалдық қолдауды қажет етпейді.
Білімі:	қазіргі уақытта арнайы мектепте, диагнозы ұқсас балалармен сыныпта оқиды. Арнайы секциялар мен іс -шараларға, массаж мен физиотерапиялық жаттығуларға қатысады. Шаңғымен сырғанауды оңалтудың ұқсас түрлерінен сынап көрді.
Хоббиі мен жігерлендіру құралы:	сурет салғанды, кітапқа қарауды, мультфильм көргенді ұнатады, жылдамдықты ұнатады.

Кесте 14

Майгул 7 жаста. Диагнозы: процедуралық генездің балалар аутизмі.	
Денсаулығы:	Ұстамалар мен басқа қатар жүретін аурулар байқалмады. Тағамның глютен мен казеинге төзбеушілігі.
Жалпы физикалық жағдайы:	қалыпты, бірақ үйлестіруде проблемалар бар.
Бұлшық ет тонусы:	тондардың жоғарылау кезеңдері, төмендеу кезеңдері бар.
Аутистикалық мінез-құлық ауыр түрінде көрінеді:	тез шаршау, көңіл-күйдің өзгеруі, кеңістіктік бағдарланбаушылық, мазасыздық, нұсқауларды және сөйлеуді қабылдаудағы қиындықтар, «өз әлемінде» жиі болу, мезгіл-мезгіл байқалатын стереотиптік мінез-құлық байқалады; сыртқы әлемге қызығушылықтың болмауы, сыртқы ынталандыруға төзбеушілік.
Дағдылар:	көз байланысын сақтамайды немесе перифериялық көруді қолданады, көбінесе өз қажеттіліктері мен тілектерін көрсете алмайды, сөйлей алмайды, әлеуметтік ым мен мимиканы тануда қиналады.
Сөйлеуі, оқу мен жазуы:	сөйлеу нашар дамыған: ол ұзақ логикалық сөз тіркестерін құруды біледі, бірақ оларды өте сирек қолданады, көбінесе қысқа фразалар.
Отбасы:	толық отбасында тұрады, өзінен кіші сіңілсі бар, анасымен уақыт жиі өткізеді. Отбасы орташа табыс деңгейіне ие және материалдық қолдауды қажет етпейді.
Білімі:	қазіргі уақытта арнайы мектепте, диагнозы ұқсас балалармен сыныпта оқиды. Арнайы бөлімдер мен шараларға қатысады. Оңалтудың басқа түрлеріне қаттысады.
Хоббиі мен жігерлендіру құралы:	ересектермен бірге кітап пен өлең оқығанды, сурет салғанды ұнатады.

Кесте 15

Дильназ 7 жаста. Диагнозы: аутизм спектрінің бұзылуы.	
1	2
Денсаулығы:	ұстамалар мен басқа қатар жүретін аурулар байқалмады.
Жалпы физикалық жағдайы:	жақсы
Бұлшық ет тонусы:	қалыпты
Аутистикалық мінез-құлық ауыр түрінде көрінеді:	тез шаршау, көңіл-күйдің өзгеруі, кеңістіктік бағдарланбаушылық байқалады, сыртқы әлемге қызығушылық танытады, бірақ сыртқы ынталандыруға төзбейді және жиі жағымсыз мінез-құлықты көрсетеді; кез келген өтініштер мен нұсқауларды жиі қабылдамайды, бағынбайды.
Дағдылар:	көз байланысын сабырмен сақтай алады, бірақ көбінесе олардың қажеттіліктері мен тілектерін көрсете алмайды, сөйлей алмайды, әлеуметтік ым мен мимиканы тануда қиындықтарға тап болады.
Сөйлеуі, оқу мен жазуы:	сөйлеу жақсы дамыған: ол ұзақ логикалық сөз тіркестерін құруды біледі, не қалайтынын түсіндіре алмайды. Ол жиі бас тартады: «Мен қаламаймын, қаламаймын!».
Отбасы:	толық емес отбасында тұрады, анасымен бірге күтуші бар. Отбасының табысы жоғары, материалдық қолдауды қажет етпейді.

15 – кестенің жалғасы

1	2
Білімі:	қазіргі уақытта үйде жеке оқиды. Арнайы бөлімдер мен шараларға қатысады.
Хоббиі мен жігерлендіру құралы:	динозаврларды, сонымен қатар ертегілер мен ертегі кейіпкерлерін жақсы көреді, ойнағанды жақсы көреді.

Диагностикалық бөлімді жүргізу барысындағы әр баланың мәселелері:

– вербалды қарым -қатынастағы мәселелер;
– ұсақ моторикамен байланысты мәселелер;
– әлеуметтік қимылдарды қолдану мен түсінудің төмен деңгейі;
– шу мен қатаң дыбыстарға теріс реакция;
– мимиканы танудағы қиындықтар;
– физикалық төзімділіктің төмен деңгейі;
– тез шаршау;
– тепе -теңдікпен және үйлестірумен байланысты.

Аутист балалардың өмірлік біліктіліктерін қалыптастыруға эксперимент барысында назар аудару олардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін, кеңістікте бағдар жасай алу қабілеттерін бағалаумен тығыз байланысты болды.

Осылайша, оңалту бағдарламасын құрған кезде, ең алдымен, сабақтар өткізілетін ортаға, әлеуметтік қимылдарға, ауызша сөйлеу әдістерін меңгеруге, сонымен қатар ұсақ моторикаға, үйлестіру мен тепе-теңдік жаттығуларына назар аударылды. Сондай-ақ, сабақ уақытында балалар тез шаршамайтын, шамадан тыс тапсырмалар жүктемей және қатты күйзеліске ұшырамайтындай етіп ұйымдастыру қарастырылды. Жаңа материалды енгізу немесе қоршаған ортаны өзгерту біртіндеп енгізу, бұл аутистік спектр бұзылысы бар балаларға үйренуге мүмкіндік берді; төзімділікті жақсарту үшін жүктемені біртіндеп толықтырып, әр жаттығу сайын ұлғайтылды, демалыс уақыты қысқартылды.

Жалпы көрсеткіштер бойынша жұмыс жасаудан басқа, әр баланың жеке куәліктерін қарастырып, оның әлсіз жақтарына сүйене отырып, белгілі бір баланың дағдыларын дамытуға жұмыс жасау маңызды.

Осылайша, бағдарламаға қатысушының егжей-тегжейлі диагностикасы АСБ диагнозы қойылған баламен оңалтудың қолайлы форматын, қажетті дидактикалық материалдар мен жабдықтарды таңдауға, сондай-ақ баланың барлық жеке ерекшеліктерін ескере отырып мұндай балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғаға бағытталаған курсын құруға мүмкіндік берді [204,205].

Осылайша қорытындылай келе эксперименттік топқа тексеру тобымен салыстырғанда ерекше жағдайлар жасау, бірінші кезекте ата-аналармен жұмыс, олардан сауалнама негізінде балаларға қатысты толық ақпарат алу, балалардың физикалық денсаулықтарындағы ерекшеліктерді дифференциялау, жаттығулар комплексін таңдап алу және индивидуалдық ерекшеліктерге сай жеке оңалту жоспарын құру, диагностикалық бақылау кестесі (ADOS), ауруды эталондық бағалау (ATEC), ABC - диагностика сияқты әдістерді қолдану арқылы диагностиканы алдын-ала жүзеге асыру және эксперимент біткеннен кейінгі

өзгерістерді қайталап тексеру арқылы нәтижесін білу жүзеге асырылды. Аутист балалардың мінез-құлықтық, интеллектуалдық даму ерекшеліктерін диагностика жасау негізінде эксперттік тұрғыдан бағалай отырып, индивидуалдық ерекшеліктерге сай мотивация әдістерін кеңінен қолдану, қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерін тексеруде вербалды және вербальды емес коммуникация әдістерін таңдай білу, түрлі диагнозы бар балалардың эмоционалды-ерік сферасының дамуын, уақыт пен кеңістікке бағдарлану деңгейін, ұсақ және жалпы моторикасын, оқу, жазу және санау дағдыларын тексеруге аса мән берілді. Эксперимент барысында балаларға жүктемелерді шектен тыс беруге шектеу қойылып, оларды шаршатпайтындай етіп дифференциалдық тұрғыда ұйымдастыруға, ерік-жігерлерін сыртқы және ішкі мотивациялар негізінде күшейтуге, ата-аналардың рөлін ескеруге, балалардың психикалық даму дәрежесін бағалауда, оңалтуда олардың көмегіне жүгінуге баса назар аударылды. АСБ бар балаларға қолданылған эксперименттік зерттеу эксперименталдық топтағы жағымды өзгерістердің болғандығын бағалау шкалаларының көмегімен бастапқы және соңғы диагностиканы салыстыру арқылы, сонымен қатар тексеру тобымен салыстыру нәтижесінде көрсетілді. Эксперимент бағдарламасы қосымшада беріледі (Қосымша В).

Эксперименттік зерттеу нәтижелері әрбір аутистік синдром бұзылысы бар балаларға жеке оңалту бағдарламасын жасауға мүмкіндік беріп, бұл бағдарламалардың дұрыс жүзеге асырылуы үшін экспериментке қатысып отырған қатысушылардың барлығының (аутист бала, оның ата-анасы, мамандар) мотивацияларының жоғары деңгейде болуының маңызды екендігін көрсетті. Аутизм орталығы мамандарының, орталықтың басшыларының психологиялық-педагогикалық біліктілігі де аса маңызды. Өйткені, экспериментке қатыстып отырған балаларға қатысты мотивация әдістерін дұрыс таңдай білу, ортаға бейімдеуде, мінез-құлықтарын түзетуде дәстүрлі әдістермен қатар индивидуалдық-тұлғалық ерекшеліктерді ескеруге негізделген инновациялық әдістерге бағыттайтын ғылыми-әдістемелік концепцияларды таңдаудың да маңызы зор екендігі байқалды.

Жоғарыда аталған эксперттік сұхбатпен қатар аутизм синдромынан зардап шегіп отырған бес отбасымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан бес отбасының төртеуінің балалары атипті аутизмге, ал біреуі Каннер анықтамасына сәйкес келетін типтік аутизмге шалдыққан. Жүргізілген сұхбат нәтижелері олардың отбасындағы қиын әлеуметтік-психологиялық жағдайды, ерлі-зайыптылар арасындағы эмоционалдық қарым-қатынастың төмендеуін көрсетеді. Ата-аналар қоғамдағы бастапқы қалыптасқан қарым-қатынастардан, стереотиптерден, теріс пікірлерден және әлеуметтік стигмадан көбірек зардап шеккендіктерін атап көрсетті. Барлық ата-аналарға ортақ нәрсе олар үшін жаңа мәртебе, яғни «ауру балалардың ата-анасы» мәртебесін қабылдау еді. Осы мәртебеге сәйкес олардың өмір салты да өзгерді. Аутизмнің неғұрлым ауыр түрімен ауыратын баланың әкесі өз отбасының өмірін аутизммен ауыратын ұлдарына арнап, көп нәрседен бас тартқанын мәлімдеді. Осыған байланысты «Каяак қорын» осындай дерттен азап шегіп отырған балаларға көмек қолын созу

мақсатында құрған. Өмірлік құндылықтарды қайта қарау, отбасының өмірлік циклдерін өзгерту, отбасылық қарым-қатынастарды нығайта түсуге күш салу - бұл, отбасындағы қиын жағдайға байланысты қалыптасқан ситуация екендігін баяндады. Сонымен бірге, аутизм дертімен ауыратын балалардың ата-аналарының мінез-құлқына олардың білім деңгейлері, жалпы алғанда, әлеуметтік жағдай көп әсер ететінін атап өткен жөн. Аурудың кез келген көріністеріне неғұрлым саналы және мұқият қарау ауқатты ата-аналарға тән. Көп жағдайда олар аутизм мәселесіне қоғамның, халықаралық ұйымдардың назарын аудару үшін қорлар, қоғамдық ұйымдар құрады.

Сұхбат нәтижелері келесі қорытындыға алып келді:

– жаһандану әсерінен отбасын сақтаудағы әкенің беделі, жауапкершілігі мызғымас құндылық болатын дәстүрлі тәрбиенің рөлі төмендеді;

– ер адамдардың отбасын тастап, қиындықты бөліскісі келмей, жұбайына эмоционалды түрде қолдау көрсетпей, әйелдерді проблемамен жалғыз қалдыру жағдайлары жиілеп кетті. Науқас баланың туылуына әкелер өз жұбайларын кінәлап, баланың денсаулығының нашарлауы немесе жүктілікке жауапсыз көзқарасы үшін барлық кінәні өздерінен басқаға аударатын жағдайлар орын алғандығын байқауға болады;

– отбасында ауыр науқас баланың болуына қарамастан ата-аналардың ауру балаларымен қарым-қатынасында стигматизацияның орын алғандығы көрінеді;

– ата-аналардың жеке және әлеуметтік ресурстары (білімі,мәдениеті, интеллектісі) қиындыққа тап болған кезде ынтымақты мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді;

– ата-аналар мемлекеттен көп көмек күтпейді, сонымен қатар дәстүрлі құндылықтардың рөлі төмендегендіктен туыстардың қолдауына да аса қатты сенім жоқ (материалдық тұрғыдан алғанда);

– жекелеген азаматтардың, кәсіпкерлердің, жалпы қоғамның үкіметтік емес секторының қайырымдылық қызметіне деген үміттің бар екендігі айтылды.

Әңгімелесу нәтижелерін Алматы және Астана қалаларындағы «Асыл Мирас» қайырымдылық қорының ресурстық орталықтарында жүргізген қатысушылардың бақылауы толықтырды.

Зерттеудің шектеулері қоғамда аутизмге қатысты қалыптасқан көзқараспен, мүмкіндігі шектеулі адамдардың оқшаулану жағдайы фактілерінің болуымен, олардың психологиялық жағдайын түсінбеушілікпен және түсінгісі келмеумен, эмоционалдық қолдаудың болмауымен, олардың ерекше қажеттіліктерін қабылдамаумен байланысты болды. Сонымен қатар ата-аналардың өз мәселелерін жарнамалауға дайын еместігі, өз мәселесінің оң шешімін табатынына сенімсіздік те бұл жағдайға әсер етті.

3.3 АСБ бар балаларды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыратын маманның әлеуметтік сапаларын бағалау

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларға психокоррекциялық және оңалту көмегін көрсетуге қатысты қазіргі заманғы ғалымдар мен практиктердің

көпшілігі күш-жігердің негізгі бөлігі белгілі бір өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы керек деп есептейді.

Осы санаттағы балаларды түзету мен оңалтудың қазіргі тәжірибесінде оларға білім беру, тәрбиелеу және жеке тұлғалық дамуына көптеген мамандар: дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, түзету педагогтары, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагогтар, психологтар және т. б. ат салысады. Жоғарыда аталған мамандардың әрқайсысы әлеуметтік оңалту үдерісіне белгілі бір деңгейде өз саласы бойынша үлес қосады.

Әлеуметтік оңалту бойынша маман, оның бойында қандай жеке және кәсіби қасиеттер мен құзіреттіліктер бар? Әлеуметтік оңалту - бұл әлеуметтік жұмыстың бір түрі. Американдық ғалымдар М. Саппс пен К. Уэлстің анықтамасына сәйкес, әлеуметтік жұмыс адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартумен айналысатын аскетиктер мамандығы. Олар мүмкіндігі шектеулі балалардың қоршаған ортамен байланысын, қабілеті мен ұмтылысын және жеке құндылықтарын қарастырады. Оңалтудың басты мақсаттарының бірі - баланың бойындағы дистрессті жеңілдету, жайсыздық және стрессті төмендету [206].

Әлеуметтік оңалту маманы - бұл кәсіби маман, баланың психикасын қайта құруды және оның берілген жеке қасиеттерін дамытуды қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалтуда басқа мамандардың көмегімен ұйымдастырушылық, педагогикалық және психотехникалық құралдарды тиімді қолдана отырып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуға деген ұмтылыстарын жүзеге асыру, сондай-ақ белгілі бір жеке психологиялық комфортты қалыптастыруға ықпал ету және психологиялық қорғанысты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасайтын мамандардан жанқиярлық, шексіз махаббат, баланың мүмкіндіктеріне деген құрмет пен сенім, кәсіби-теориялық және практикалық білім талап етіледі.

Әлеуметтік оңалтумен айналысатын маманның қызметінің тиімділігінің қажетті алғы шарттары, екі негізгі сипаты бар: объективті және субъективті. Объективті сипаттамаларға оның білімі мен дағдылары, сондай-ақ нәтижелері жатады. Әлеуметтік оңалу, яғни клиенттің психикалық және жеке дамудағы өзгерістер, оңалту жұмысының дұрыс ұйымдастыруының әсерінен пайда болады.

Субъективті - маманның жеке тұлғалық ерекшеліктері. Баланы әлеуметтік оңалту мақсаттарын сәтті жүзеге асыру үшін әлеуметтік оңалту жөніндегі маман аутизм туралы терең және жан-жақты білімге ие болуы қажет. Осыған байланысты оған:

– адамның тұлға ретінде даму ерекшеліктері;

– қоғамдық дамудың негізгі үрдістері мен талаптары туралы білім аса қажет.

– Қоғамның даму ерекшеліктерін білу әлеуметтік-оңалту бағдарламасының сипаты мен мазмұнын нақты анықтауға мүмкіндік береді.

– Баланың жеке тұлғасын дамытуды қалыптастыру бойынша іс-әрекет, оның мақсаттары мен міндеттерін, оның ішінде:

– психикалық және тұлғалық жас және жеке ерекшеліктерді;

– баланың қалыпты және патологиялық дамуын;

– тұлға-аралық қатынастардың ерекшеліктерін және олардың дамуға әсерін;

– әлеуметтік-оңалту технологияларының өзін білу керек.

Баламен қарым-қатынас жасай отырып, әлеуметтік оңалту жөніндегі маман мүмкіндіктері шектеулі балалармен бірнеше рөлдер бойынша әрекет етеді: тәрбиеші, ата-ана, мұғалім. Сондықтан ол өзіне қамқор ата-ана, әртүрлі профильдегі маман, мұғалім, психолог, психотерапевт және т. б. сияқты сапаларды меңгерген болса өте дұрыс.

Қамқор ата-ана ретінде әлеуметтік оңалту маманы әке немесе ана рөлін қабылдауға қабілетті болуы тиіс. Отбасына тән ерекше микроклимат, жағымды қарым-қатынасты қалыптастыра білу, баламен қарым-қатынастан қуаныш тауып, оған жетіспейтін сүйіспеншілік пен мейірімді көрсету. Психолог ретінде оның өзін және басқа адамдарды түсіне білуін қалыптастыру, бастапқы және қайталама бұзылулардың ерекшелігін ескеру, жан-жақты сауатты болу, қажетті психологиялық дайындыққа ие болу, белгілі бір психологиялық мәдениетті қалыптастыра білу.

Әлеуметтік-оңалту жұмысында психологиялық құзыреттіліктің, әлеуметтік жұмыс міндеттерінің маңыздылығын қоғамда насихаттауда арнаулы теориялық білімі болу керек. Психологиялық мәдениет - адамның ақыл-ойына үнемі қамқорлық жасау, оқушылардың денсаулығы мен психикалық денсаулығын дамыту, өзін-өзі тануға ұмтылыстарына қолдау жасау, мінез-құлық пен қарым-қатынастың оңтайлы стереотиптерін қалыптастыру. Педагог ретінде әлеуметтік оңалту жөніндегі маман тәрбиелік тұрғыдан ықпал етудің түрлері мен әдістерін, әртүрлі әлеуметтік-оңалту, технологияларын, оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттарын, функцияларын жақсы біліп, педагогикалық этика және педагогикалық әдептілікке ие болуы қажет.

Психотерапевт ретінде ол балалар мен жасөспірімдердегі стрессті және ыңғайсыз сезімдерді, балалардың қорқыныштарын жеңуге психологиялық қолдау көрсетуі қажет. Әлеуметтік сала маманы тұлғасының субъективті сипаттамаларының ішінде негізгілері ретінде өзін-өзі бағалау, жеке өзіндік қызмет стилі және қарым-қатынас шеберлігін атап өтуге болады [207].

Әлеуметтік оңалту жөніндегі маманның маңызды жеке сапасы - бұл оның мамандыққа деген мотивациялық бағыты. Тұрақты кәсіби және білікті маман болуға деген ұмтылыс өте маңызды. Осы қасиеттер оған кедергілерді жеңуге көмектеседі және өз жұмысындағы қиындықтармен күресуге көмектеседі.

АСБ балалармен, жалпы мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істеу үшін әлеуметтік оңалту жөніндегі маманның тиісті қабілеттерінің болуы өте маңызды. Қабілеттер әдетте әсер ететін жеке тұлғалық қасиеттер ретінде белгілі бір қызметті сәтті орындау үшін қарастырылады. Қабілеттер жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жұмысқа қажетті арнайы қабілеттердің екі түрі бар: мүмкіндікті анықтайтын перцептивті-рефлексивті қабілеттер, баланың жеке басының өзіндік ерекшелігін түсіну, өзін түсіну және проективтік, конструктивтік,

басқарушылық қабілеттер болып табылады. Перцептивті-рефлексивті қабілеттерге басқа адамды зерттеуді түсіну, жанашырлық, жағдайды өз көзқарасы бойынша бағалау кіреді. Басқару қабілеттері жеке мінез-құлық мотивациясын қолдана отырып, басқа адамдарға әсер ете білу сапасын сипаттайды.

Әлеуметтік оңалту жөніндегі маманның баламен қарым-қатынасы оның мінезінің өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді. Мінез - бұл өзіне, басқаларға қатысты тұрақты эмоционалдық қатынастар жүйесі. Адамдарға, жұмысқа, заттарға, кәсіби қызметтің типтік жағдайларына байланысты кәсіби мінез-құлық стереотиптері қалыптасады. Сырттай қарағанда, мінез сөйлеу реакцияларынан да көрінеді.Төменде балалардың мінез-құлқына эмоционалды жауап беру жолдары қарастырылады:

а) мазмұны бойынша - бағалау (объективті немесе әділетсіз бағалау); қорғаныс (баланың іс-әрекетінің себептеріне ену, кешіру немесе оны ақтау); реттеуші (шақыру, тыйым салу, нұсқау);

б) тиімділігі бойынша және мақсатқа қатысты - конструктивті (нақты мақсатқа жетуге ықпал ететін), псевдоконструктивті (нақты мақсатқа жетудегі жағымдылығы жалған);

в) белсенділік сипаты бойынша - шабуылдау (баланы және өзін бағалау, позицияларын анықтау), рационализаторлық (өзінде және басқаларда оң қасиеттерді қалыптастыру);

г) функциясы бойынша - жұмылдырушы (баланың өзіндік ұстанымдарын қалыптастыру), тыныштандырушы (қатыстыру, татуластыру), арандатушы (басқаны әшкерелеу, қыңырлық).

Әлеуметтік оңалту жөніндегі маман альтруистік сапаларға да ие болуы тиіс [208].

Альтруизм - бұл, адамның құндылық бағдарларының жүйесі, онда моральдық бағалаудың орталық мотиві мен өлшемі басқа адамның мүдделері немесе әлеуметтік қауымдастық болып табылады. Альтруизмнің орталық идеясы - жанқиярлық идеясы, басқа адамдардың мүдделері үшін жүзеге асырылатын қызметті ұйымдастыру. Маманның іс-әрекетінде альтруизм күнделікті өмірде адамгершіліктің көрінісі ретінде әрекет ете алады.

Эмпатия (грек.эмпатия) - басқа адамдардың эмоционалдық жағдайларын түсінуге, оларға жанашырлық танытуға, бөлісуге мүмкіндік беретін қабілет. Эмпатияның көрінісі адамның моральдық санасының даму деңгейіне байланысты. Эмпатия өзімшіл де, альтруистік те болуы мүмкін, яғни оны өз мүдделері үшін және басқа адамның мүдделері үшін де қолдануға болады. Тиімділікті арттыру үшін әлеуметтік оңалту үдерісінде балаға алаңдау және жанашырлық таныту ғана емес, оның альтруистік тәжірибесін дамыту да маңызды.

Әлеуметтік оңалту жөніндегі маманның өзара қарым-қатынасының ерекшелігіне баланың психикалық күйін дұрыс анықтай білу де кіреді. Психикалық күйлер - бұл ақыл-ойдың тұтас сипаттамалары, белгілі бір уақыт кезеңіндегі өзгеріс. Олардың пайда болуы мен ағымына байланысты адамның

жеке қасиеттерін, жас ерекшелігін, өмірлік тәжірибесін, нақты жағдайын және т. б. анықтауға болады. Реакция түріндегі психикалық жай-күйлер (үрей, сенімділік немесе белгісіздік, шаршаудың жоғарылауы, өнімділіктің төмендеуі және т.б.). Кейіннен олар тұрақты функционалды күйге және тұлғаның қасиеттеріне айналуы мүмкін. Әлеуметтік қызметкер АСБ баланың психикалық күйін дұрыс анықтау арқылы оған жағымды әсер ету жолдарын, әдіс-тәсілдерін таңдауға және дұрыс қолдануға өзіндік субъективтік сапаларын жұмылдыра алады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру сапасының әлеуметтік көрсеткіштеріне бірқатар факторлар әсер етеді. Бұл, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, мәдени, медициналық факторлардың тұтас кешенін құрайды.

Өмір сүру сапасының әлеуметтік көрсеткіштері өте алуан түрлі. АСБ балалар мен жасөспірімдер, ересек адамдар үшін, бірінші кезекте, оларға мыналарды жатқызуға болады:

– денсаулықты сақтау (салауатты өмір салты ережелерін білу және оларды жүзеге асыру);

– материалдық игіліктерге, кәсіби білім алуға, жұмысқа, шығармашылыққа қол жеткізу;

– тез тіл табыса білу (туыстық қатынастарды және байланыстарды сақтай білу);

– қауіпсіздік нормаларын білу және орындау (қоғамдық орындарда, өз тұрғын үйінде, төтенше жағдайларда қауіпсіздік нормаларын білу және орындау);

– қоғамдық өмірге тікелей қатысу, қоғамдастықтағы өз орнын анықтай білу (өзінің әлеуметтік рөлін ұғыну және оны адамдардың әртүрлі топтарымен өзара қарым-қатынаста орындауға дайын болу);

– адамгершілік ұстанымдарды, әлеуметтік маңыздылықты (өзін түсіне білу) білу, басқа адамдардың сезімдерін, эмоцияларын түсіну, өз эмоцияларын басқара білу және оларды ауызша және вербальды емес тәсілдермен де жеткізуді үйрену).

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды емдеудің медициналық әдістері оңалту үдерісінде түзету шаралары үшін қолайлы негіз болып табылады. Өйткені олар мінез-құлық бұзылыстарының, агрессивті үрдістердің көріністерін тоқтатуға, аутистикалық бұзылулары бар балалардың әлеуметтенуі мен бейімделуін жақсартуға мүмкіндік беріп, оңалту және түзету көмегін оңтайландыруға ықпал етеді. Әлеуметтік оңалту медициналық, педагогикалық, психологиялық, мәдени тұрғыдан қолдаудың кең жүйесінен тұрады.

Әлеуметтік оңалтуды жүзеге асырушы маман инклюзивті ортаны қалыптастыру принципін басшылыққа ала отырып, стигматизацияны болдырмау, сапалы өмір сүру стандартын әлжуаз топтарға да қол жетімді ету бағытында еңбек етеді.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларға қатысты әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның кәсіби қызметін жүзеге асыру үдерісі бірнеше кезеңдер түрінде ұсынылуы мүмкін:

– баланың өмір сүру жағдайларын зерттеу және талдау;

– сүйемелдеу күнделігін рәсімдеу;

– балалар мен мүгедектерге атаулы әлеуметтік көмек жүйесін қалыптастыру;

– балаларды әлеуметтік оңалту және бейімдеу бойынша мамандардың күш-жігерін үйлестіру, балаға жанама көмек ретінде отбасылармен жұмыс істеу.

Профилактикалық әлеуметтік жұмыс жаңа технологиялық білім беру болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты - мектептерде немесе ата-аналарға арналған арнайы орталықтарда осы аурудың ерекшеліктері туралы әңгімелесу және ақпарат беру. Орталықтарда ата-аналардың кездесулерін жиі өткізу керек, сонда олар баланың тәрбиесін оңтайландыру, эмоционалды қолдау және қолдау көрсету тәжірибесімен бөлісе алады.Ерте балалық аутизмі бар балаларды оңалтудағы ең бастысы, медициналық қызметтен басқа, барлық мамандардың күш-жігерін үйлестіру, баланың даму динамикасын жақсарту үшін баланың жағдайын бірлесіп талдау, баланың проблемаларын шешуге қатысатын барлық адамдардың тактикасын нақтылау болуы керек. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмыс жеке бағытталған, жүйеленген және құрылымдалған болып табылады және атаулы, кешенді сипатта болуы тиіс.

Жұмыстың негізгі бөлігі баламен мектепте де, одан тыс жерлерде де сабақ болып табылады. Сабақтарда әлеуметтік бейімделуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, оқуға дайындалуға, баланы жан-жақты дамытуға жағдай жасау, тұратын жеріне байланысты жеке дамыту бағдарламаларын іске асыру, баланы сабақтан тыс өмірде сүйемелдеу, уақтылы медициналық көмек көрсету, отбасы мүшелерін қиын жағдайларда аутист балалармен жұмыс істеуге дайындау қажет. Сыртқы әлеммен эмоционалды өзара әрекеттесудің дамуы аутистикалық және негативті көзқарастарды азайтуға, баланың агрессивті тенденцияларын жеңуге мүмкіндік береді. Аутист балада қарым - қатынастың бұзылуы оның аутистикалық тосқауылының қалыптасуымен байланысты, ол оны ауыр байланыстардан қорғайды, нәтижесінде мұндай баланың осалдығы жоғарылайды және аутизмнің қорғаныс гиперкомпенсациясының формаларын - стереотиптер мен аутостимуляцияны дамытады.

Ресейлік ғалымдар К. С. Лебединская және О.С. Никольская әлеуметтік қызметкерлерге мұндай балалармен аффективті байланысты қалпына келтірудің бірыңғай тәсілінің ережелерін тұжырымдады [209]:

– бастапқыда қысым мен тікелей байланыс болмауы керек;

– алғашқы байланыстар баланың белсенділігі аясында жеткілікті деңгейде ұйымдастырылуы керек;

– баланың әдеттегі ләззаттарын әртараптандыру, оларды өз қуанышын бөлісу арқылы күшейту қажеттілігі;

– баланың аффективті байланысқа деген қажеттілігін мәжбүрлеу жолымен жүзеге асырмау;

– ересек адам жағдайдың оң аффективті орталығына айналған кезде, балада байланыс қажеттілігі бекітілгеннен кейін ғана байланыс нысандарын қиындата бастауға болады;

– қолданыстағы нысандардың құрылымына жаңа бөлшектерді енгізу арқылы ғана қиындату;

– байланыстарды мөлшерлеу маңызды;

– аффективті байланысқа қол жеткізген кезде бала сенімдірек болады, оны жақын адамдармен жанжалдан қорғау керек;

– байланыс орнатылған кезде оның назарын біртіндеп үдеріске аударады, осылайша бірлескен байланыс нәтижелеріне сенім пайда болады.

Соңғы жылдары мүгедек балаларға көмек көрсету мәселелері бойынша практикалық әлеуметтік жұмыс, арнайы педагогика және психология бойынша зерттеулер саны артып келеді. Сонымен бірге, аутизмі бар баланы бейімдеу жүйесінің құрылымы мен мазмұны стационарлық және жартылай стационарлық мекемелер мен халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының практикалық қызметінде өзінің теориялық және практикалық растауын табады. Мүмкіндіктері шектеулі болып табылатын аутистік спектр бұзылысы бар балалар қоғамға өздерінің жағдайларына қарай интеграциялануы тиіс.

Қоғамда қалыптасқан стереотиптерді ескере отырып, психикалық денсаулығында ауытқуы бар балаларға қатысты бейтарап, төзбеушілік қатынасты жеңуге көмектесу, халықтың азаматтық санасын дамыту қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі маңызды міндет болып табылады. Қоғамның аутизмнен бас тартуы, аутизм спектрі бұзылған балаларға қатысты әлеуметтік стигма аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік ортасының ерекшеліктерін зерделеуді, мінез-құлық нормаларынан ауытқуға төзбеушілік себептерін анықтауды және жалпы қоғамдағы сенімсіздіктің себептерін талдауды талап етеді.Әлеуметтік стигманың өзара әрекеттестіктің барлық деңгейлеріндегі, соның ішінде кәсіптік, отбасылық, тұлғааралық қатынастардағы көріністері бұл мәселенің күрделілік дәрежесін және әлеуметтік жұмыс, медицина, психология және т.б. салалардағы кәсіби кадрлардың өткір тапшылығын көрсетеді. Кемсіту фактілері тіпті науқас балалардың ата-аналарының өздерінде де байқалады. Өз балаларына мұндай қатынастың пайда болуы ата-ананың жеке әлеуетінің жеткіліксіз деңгейімен, білімі мен мәдениетінің төмендігімен, әлеуметтік-психологиялық өзін-өзі бағалауымен байланысты болуы мүмкін.

Ата-ананың жеке және әлеуметтік ресурсы отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға, балалардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал етеді және жалпы оңалту шараларының мазмұнына әсер етеді. Баласын табысты оңалту үшін ата-ана мамандардың тең құқылы серіктесі болуы керек, олар көп нәрсені білуі және жасай білуі керек. Зерттеу нәтижелері өз балаларының мәселелерін шешуде ата-аналардың тәрбиелік, мәдени және интеллектуалдық әлеуетінің маңызды рөлін көрсетеді және адам тұлғасын жетілдіру қоғамдағы оң өзгерістердің негізі екенін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аутистік спектр бұзылысы бар баланың басты проблемасы - оның әлеммен байланысының бұзылуы, құрдастарымен және ересектермен байланысының кедейлігі, әлеуметтік және табиғи ортамен шектеулі қарым-қатынас, мәдени құндылықтарды қалыптастырудағы және қарапайым білім алудағы қиындықтардың болуы. Бұл баланың денсаулығының жай-күйін, оның психикалық ерекшеліктерін сипаттайтын субъективті фактормен қатар, көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің толық болмауын және аутизмі бар балалармен жұмыс жүйесінде мұндай балалардың толық әлеуметтенуіне, олардың әлеуметтік интеграциясына жан-жақты жағдайлардың жасалуына мүмкіндік бермейтін әлеуметтік саясаттағы олқылықтармен қатар қоғамдық сананың қалыптасу ерекшеліктерімен де байланысты.

Бүгінгі күні баланың әлеуметтенуін жүзеге асырушы агенттердің қызметтеріндегі өркениеттік қоғамға тән емес көзқарастар мен іс-әрекеттердің орын алуы бұл дерттің одан әрі күшеюіне, оның көрінісіне жеке ерекшеліктерді енгізе алатыны анық. Бұл интеллектуалды дамудың бұзылуымен, сөйлеудің өте төмен деңгейде болуымен немесе тіптен дамымауымен, әр түрлі дәрежедегі эмоционалдық және әлеуметтік дамудағы қиыншылықтармен сипатталады. Алайда, аутизм дертінің шығу себептерінің әртүрлілігіне қарамастан, клиникалық көріністің негізгі сәттері және синдромның барлық нұсқаларында психикалық дамудың бұзылуының жалпы құрылымы жалпы болып қала береді және осыған орай белгілі бір дәрежеде ұйымдастырылған түзету жұмыстарын қажет етеді.

АСБ бар балаларды бейімдеу үдерісінде туындайтын мәселелерді ескере отырып, оларды қоғамға интеграциялауға дайындау үшін әлемдік тәжірибенің прогрессивті нәтижелеріне сүйене отырып, оларды оқытудың, тәрбиелеудің және бүкіл өмірін ұйымдастырудың жаңа технологияларын әзірлеуді талап етеді. Сонымен қатар, бұл міндет осы санаттағы балаларды әлеуметтік қорғауға, оларды оқытуға, тәрбиелеуге, оңалтуға, бейімдеуге және әлеуметтік ортаға интеграциялауға қатысты барлық медициналық, педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік - психологиялық және басқа да тиімді технологиялар мен әдістерді кешенді түрде жұмылдырумен тығыз байланысты.

АСБ бар балаларды әлеуметтік бейімдеу мәселелерін шешу үшін, ең алдымен, келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

– 18-24 айдан бастап денсаулық сақтаудың бастапқы буынында аутизм спектрінің бұзылуын ерте диагностикалау жүйесін әзірлеу қажеттілігі;

– АСБ бар балаларға байланысты кешенді психологиялық-медициналық-әлеуметтік көмек көрсету тәртібі мен стандарттарын әзірлеу;

– АСБ бар балалармен жұмыс істеу үшін медициналық және педагогикалық кадрларды, сондай-ақ тьюторларды дайындау;

– АСБ бар адамдарға кешенді көмек көрсету жүзеге асырылатын медициналық және білім беру мекемелері желісін, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік интеграция үшін

әлеуметтік қорғау мекемелері желісін ұйымдастыру.Ерте балалық аутизмі бар балаларды әлеуметтік бейімдеуде жеке тұлғаға бағытталған көзқарас оның мүмкіндіктері қаншалықты шектеулі болғанына қарамастан, жеке басының биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшелігін сөзсіз тануды анықтайды. Осыған байланысты зерттеуде аутизмі бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің жеке тұлғаға бағытталған моделі тиімді үлгі ретінде ұсынылып, оны қоғамдық деңгейде жүзеге асыру аутистік спектр бұзылыс бар балалармен жұмысты жүйелеуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденді.

АСБ бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің жеке тұлғаға бағдарланған моделі кәмелетке толмаған, осы дерттен күйзелістерге ұшыраған балаларды кезең-кезеңімен кешенді жан-жақты интеграциялауды қамтамасыз етуге және олардың одан әрі сәтті оңалуына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етуге арналған.

АСБ балаларды бейімдеуде тұлғалық бағдарланған модельді қолдану арқылы келесі міндеттерді шешуге толық жағдайлар жасалады.

– жергілікті ерекшеліктерді (материалдық-техникалық, қаржылық, заңдық, ақпараттық және әдістемелік) ескере отырып, АСБ бар балаға әлеуметтік бейімделуде көрсетілетін кешенді көмектің бірыңғай жүйесінің дамытылуы;

– кешенді көмек көрсету саласында әртүрлі ведомстволық мекемелердің қызметін дамыту үшін жағдайлардың жасалуы;

– АСБ бар балаларды әлеуметтік бейімдеуде тұлғалық - бағдарлы тәсілді ұйымдастыру бойынша әдістемелік базаның әзірленуі;

– әртүрлі ведомстволық бағыныштылық сатысында отырған мекемелердің мамандарын АСБ бар балалар мен оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетудің тиімді технологиялары мен әдістемелерін оқытуды ұйымдастыруға бағыттаудың жүзеге асырылуы;

– АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды жан-жақты қолдау, мұндай балаларды қарапайым құрбылар ортасына енгізу, олардың болашақ ересек өмірде қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуге толық жағдайлар жасау.

Әлеуметтік бейімделудің тиімділігін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын игеру, мүдделер шеңберін кеңейту, қарым-қатынас қабілеттерін қалпына келтіру және дамыту, бос уақытты белсенді пайдалануға бағыттау, мектеп өміріне қатысу сияқты көрсеткіштер бойынша бағалауға болады. Жеке тұлғаға бағытталған модельді жүзеге асыру бірқатар қосымша нысандар мен жұмыс бағыттары талап етіледі: атап айтсақ, аутизмі бар балалардың қоғамға бейімделуі үшін алдымен мамандарға психологиялық көмек (психологиялық ағарту, егжей-тегжейлі ұсыныстар, кейде топтық сабақтар түрінде тренингтер) ұйымдастырылуы тиіс; мектеп психологтарына, әлеуметтік педагогтарға әдістемелік көмек көрсету, әлеуметтік мәселелерді шешуде ведомствоаралық өзара іс-қимыл бағдарламаларының үлгілерін әзірлеу де аса қажет.

Қазіргі уақытта аутистік спектр бұзылулары бар балалардың саны әлемнің барлық түпкірлерінде ұлғайып келеді. Заманауи білім беру жағдайында мүгедек балаларды әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және медициналық тұрғыдан қолдауға қатысты теориялық деректерге сүйене отырып,

диссертациялық зерттеу деректері аутист балалардың сапалы білім алуға мұқтаж екендігін анықтады. Алайда, Қазақстанда мұндай балаларға арналған инклюзивті және бейімделу бағдарламалары салыстырмалы түрде алғанда өте жақын уақыт аралығын қамтығандықтан көптеген жетілдірулерді қажет етеді.

АСБ бар балаларды мектепте оқытумен қатар сапалы оңалту, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға алып келеді. Ал, өмір сүру сапасының стандарттарының қалыптасу деңгейі инклюзивті ортаның, қоғамның қалыптасу жағдайларымен байланысты. Отбасы институтын, балалықты, инклюзивті қоғамды дамыту туралы міндеттер Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауларында орындалуға тиіс шаралар екендігі айтылған.

Балалардың психофизикалық дамуының ерекшеліктері туралы әлеуметтанулық, әлеуметтік талдауларды, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді кеңінен қолдану негізінде аутизмді зерттеп жүрген ғалымдар осы санаттағы барлық балаларда қарым-қатынас, әлеуметтік өзара әрекеттесу саласында бұзылыстардың бар екенін, сонымен қатар үйлестіру мен кеңістіктік-уақыттық бағдарлардың бұзылудың жиі кездесетінін анықтады. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасылары да қолдауды аса қажет етеді. Осыған байланысты әлеуметтік оңалту іс-шаралары аутистік спектр бұзылысы бар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, олардың қоғамға, әлеуметтік ортаға тиімді түрде бейімделуіне, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға және денсаулығын нығайтуға бағытталуы тиіс. Бұл ретте әлеуметтік оңалту үдерісіне отбасының қатысуы да аса маңызды. Оңалту үдерісін жүзеге асырушы мамандар мен отбасы мүшелерінің өзара біріккен әрекеті жағымды өзгерістерге алып келетіндігін зерттеулер де дәлелдеп отыр.

Оңалту үдерісінде теориялық деректерді және практикалық тәжірибелерді жан-жақты қолдану ең тиімді әдіс психо-педагогикалық әдістермен шектелмей, дене шынықтырудың заманауи тәсілдерінің, сондай-ақ оңалтудың жаңа стандарттарының, қалыптасқан бағыттарға сәйкес келе бермейтін жаңа әдіс тәсілдерінің маңыздылығын анықтап, оның кешенді іс-шаралар жүйесінен құралатындығын көрсетті.

Зерттеу барысында 7 жастан 11 жасқа дейінгі АСБ бар балаларды роллер-спортпен айналысу үдерісінде оңалту мен педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасы әзірленіп, бұл бағдарлама тәжірибеде жүзеге асырылды. Бағдарламаны іске асыру барысында балалардағы аутистік мінез-құлық көріністерін бағалаудың бірегей әдістерін, сондай-ақ базалық дағдыларды меңгеру деңгейін пайдалана отырып, сынаққа қатысқан балалар тобына кешенді диагностика жасалынды. Бұл әдістер ATEC, ADOS, ABC және т. б. танымал әдістердің модификациясы арқылы жүзеге асырылды. Олар келесі көрсеткіштерді ескере отырып жасалынды: вербалды емес және ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту, кері сөйлеуді, жауап беруді, әлеуметтік іс-қимылдарды қолдану және түсіну. Сондай-ақ, аутистикалық белгілердің көріністері ретінде сыртқы әлемнен оқшаулану, көзге көрінбейтін байланыста болу қабілетсіздігі, кеңістіктік-уақытша қабылдаудың, үйлестірудің бұзылуы және стереотиптік, жағымсыз мінез-құлықтың орын алуы болып ескерілді.

7-11 жас аралығындағы АСБ бар балалар үшін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және физикалық оңалтуды ұйымдастыру олардың физикалық, коммуникативтік, эмоционалдық, еріктік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жеке жұмыстарды ұйымдастырудан тұрады. Бұл, аутистік бұзылыстың көрінуінің жеке ерекшеліктерін ескеру, балалардың қажетті дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы дамытушы және ыңғайлы пәндік-кеңістіктік ортаны құру, аутистік спектр бұзылуы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдап отыру, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды жақсарту, сондай-ақ балалардың физикалық көрсеткіштерін жетілдіру сияқты іс-шараларға бағытталады. Ал, арнайы бағдарламалар ойындар мен жаттығулар кешенінен тұрады. Олар ауызша және вербальды емес коммуникацияны дамытуды, кері сөйлеу дағдысын қалыптастыруды, сөйлеу және вербальды емес коммуникацияны қабылдауды жақсартуды, сондай-ақ физикалық төзімділікті шынықтыруды, үйлестіруді және кеңістік пен уақыт аралығын меңгертуді көздейді. АСБ бар балалардың қажетті дағдыларын қалыптастыруға және психофизикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған түзету жұмыстары мен бақылау кесіндісін жүргізу қорытындылары бойынша алынған деректерді талдаудан кейін балалардың коммуникация және әлеуметтік өзара іс-қимыл құралдарын пайдалану саласында жақсарулар байқалғаны анықталды.

Зерттеу үдерісінде бұрын аутистикалық белгілердің жоғары деңгейімен белгілі болған балалардың барлығы дерлік орта деңгейге тән дағдыларды игерді. Орта деңгейдегі дағдылары бар балалар да өз көрсеткіштерін жоғарылатты, дұрыс контексте сөйлеу құрылымдарын жиі қолданып, нұсқаулықтарды жақсы қабылдап, орындай бастады. Барлық балалар өздігінен қызмет көрсетумен, сөйлеуді белсенді қолданумен және жаңа спорт түрін өз бетінше меңгерумен байланысты дағдыларды толық қалыптастыра алмаса да, олардың көпшілігі белгілі бір көрсеткіштерді жақсартуда оң динамикаға ие болды.

Көптеген балалар әлеуметтік қызметкерге немесе ата-аналарына мақсатты түрде өтініш білдіре бастады. Сонымен қатар, сұрақтарға ауызша немесе ауызша емес түрде жауап беріп, әлеуметтік ым-ишарат қорын кеңейте алды. Мұғалімдердің дамыған жаттығуларды қолдануы аутизм спектрінің бұзылуы бар 7-11 жастағы балаларда коммуникативтік, әлеуметтік және физикалық белсенділікті қалыптастыруға ықпал етті.Осылайша, жүргізілген зерттеу барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізіліп, АСБ бар балаларға арналған дене шынықтыру құралдарының түрлері толықтырылып, оңалту бағдарламаларының ғылыми-әдістемелік негіздері қаланды. Бұл, диагностиканың бірегей әдістерін пайдаланумен, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық оңалту әдістерін қамтитын кешенді тәсілдерді қолданумен, АСБ бар балалардың физикалық және психикалық даму ерекшеліктерін ескерумен, роллер спорты сияқты физикалық оңалтудың жаңа әдістерін игерумен және мінез-құлықты түзетудің қолданыстағы әдістерімен қатар басқа да тиімді әдістерді меңгерумен тікелей байланысты болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Семёнова А.А., Лопатина О.Л., Салмина А.Б. Модели аутизма и методики оценки аутистически-подобного поведения у животных // Журнал высшей нервной деятельности им. И.П. Павлова. – М., 2020. - №1. - С. 147-162.

2 Fuentes J., Hervás A., Howlin P. ESCAP practice guidance for autism: a summary of evidence-based // European Child & Adolescent Psychiatry. – 2021. - №1. - P. 962-966.

3 Малофеев Н.Н. Специальное образование в меняющемся мире. Европа: учеб. пособие // Просвещение. – М., 2021. - №3. - С. 447.

